



ISSN 2079-9349

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
2014 жылдың қарашасынан бастап жылына 4 рет шығады

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА

№1 (07)

Шымкент
2016

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ

БАС РЕДАКТОРЫ

АЯШЕВ О.А. – п.ғ.д., профессор

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Айтбаев Ө. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, **Балабеков О.С.** – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, **Надиров Н.К.** – х.ғ.к., профессор, ҰҒА академигі, **Нұрлыбекова А.Б.** - п.ғ.д., профессор (бас редактордың орынбасары), **Амиргазин Қ.Ж.** – п.ғ.д., профессор (Ресей), **Аширов Ә.Ә.** – х.ғ.д., профессор, **Байғұтова А.** – ф.ғ.к., **Дмитрюк Н.В.** – ф.ғ.д., профессор, **Досбенбетова А.Ш.** – п.ғ.д., профессор, **Жапбаров А.** – п.ғ.д., профессор, **Исабек Б.Қ.** – тарих ғ.к., доцент, **Любчик С.** – PhD докторы, профессор (Португалия), **Подушкин А.Н.** – тарих ғ.д., профессор, **Рахымбек Д.** – п.ғ.д., профессор, **Тәңірбергенов М.Ж.** – п.ғ.д., профессор, **Фризен В.** – филос.ғ.к. (Германия), **Шыныбаев М.Д.** – ф.-м.ғ.д., профессор, – ф.ғ.к.,

Редакциялық кеңес

Каракулов К.Ж. – п.ғ.д., профессор, Қадырбаева Р.И. – п.ғ.д., доцент, Мәдібекова Ғ.М. – х.ғ.к., доцент, доцент, Халила А. – б.ғ.д., профессор, Алдаберген М.Н. – т.ғ.к. доцент, Арынғазиева Б. – филос.ғ.к., Омар Б. – ф.ғ.к., доцент, Стычева О.А. – п.ғ.к., доцент, Қарақұлова А. – ф.ғ.к., Махмұтова К.И. – п.ғ.к., Алтынбеков Қ.С. – ф.ғ.к.

Жауапты хатшы - Үсенбаева С.С. – ф.ғ.к.

Техникалық редакция - Байырбекова Л., Аблаев Н., Утепов Н.

Журнал 2016 жылдың наурыз айынан бастап Париж қаласындағы

ISSN орталығында тіркелген.

ISSN 2079-9349

Журнал Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркеліп, **6.06.2014 ж. №14373-ж** куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

Редакцияның мекенжайы:

160012, Шымкент қаласы,
Байтұрсынов көшесі 13
104-бөлме., тел. 87776633905;
87022993934; 87083581795,
e-mail: yukgpi_khabarshy@mail.ru

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық институты
Қазақстан Республикасы, 2016

Оқырман қауым!

Қолыңыздағы журналдың кезекті санында дәріс оқитын оқытушылардың шеберлігі, жоғары зияткерлік кәсіби деңгейін арттыру жолдары туралы өзекті мәселе қаралған.

Қырғыз елінің ізденушісі Ч.А.ТайтелиевтіңҚырғызстандағы алғашқы ғылыми-педагогикалық «Эл агартуу» журналының білім беру жүйесінің дамуына қосқан үлесі, рөлі мен маңыздылығына талдау жасалған.

Келесі зерттеуде құрылыс саласында практикалық құндылыққа ие жана іс-тәжірибемен танысуға болады.

Ағылшын тілінде ұсынылған зерттеуде тірі ағзалардағы зат алмасу үдерісін жақсартатын ферменттерді алу үшін жергілікті аумақтың топырақтарын зерттей отырып, биологиялық-белсенді заттар мен беттік-белсенді заттар қатысында топырақ микроорганизмдерін *Bacillus subtilis* штамдары сыра түйіршіктері негізінде өсіріп,бөліп алу туралы ой өрбейді.Қазіргі ең перспективалы болып саналатын *Bacillus subtilis* штаммы ферменттер, антибиотиктер, инсектицидтер ретінде қолдану жағдайлары анықталған. Олардың белсенділігіне әртүрлі факторлардың әсер етуі зерттеліп, оптимальды мәні анықталып отыр.

Белгілі әдіскер педагогтардың мақаласында бүгінгі таңдағы болашақ информатик мұғалімдерді 12-жылдық мектептерде оқушыларды бейіндік оқыту мақсатында кәсіптік даярлаудың маңызы артып отырғандығы туралы мәселе қозғалады. Сонымен қатар ақпараттық-компьютерлік модельдеу әдістері ұсынылады.

Келесі мақалада 1970-1990 жылдары республикада ұлттық білім беру, мемлекеттік тілде оқыту аса маңызды мәселе ретінде қарастырылғандығы баяндалады. Сонымен бірге республика астанасында бұл мәселенің қызу көтеріліп, ұлт мектептері, балабақшалар санының өсуі өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басынан басталғандығының дәлелі ретінде нақты тарихи-статистикалық деректермен таныса аласыздар.

Экономист мамандар ұсынған мақаладаҚазақстан-Қытай екіжақты экономикалық қатынастардың 1986 жылдан бері дамуы мен бүгінге дейінгі тарихи экономикалық сатылары баяндалады.

Келесі зерттеуші өз мақаласында тарих ғылымы мен тарихи үдерістегі дәстүрлі және дәстүрлі емес қоғамдардың дамуы, дәстүрлердің қарама-қарсылығы мен қайта өрлеуі, жаңашылдықтың рөлі өзекті мәселелер ретінде айқындалады.

ҚР 2007 жылы 9 қаңтарда қабылданған Экологиялық кодекс талаптарының орындалуы және оның экологиялық мәселелерге байланысты

әлсіз жақтары және оны жетілдіру жолдарына қатысты ұсыныстар тағы бір мақаланың зерттеу өзегі болып табылады.

Сонымен қатар орта ғасырда ислам дәуірінің этикалық, моральдық, дидактикалық мәселелерін зор білгірлікпен жырлаған сөз зергерлерінің бірі, хакім, ойшыл, түркі ақыны Ахмет Йүгінекидің қазақ руханияты мен әдебиетімізде өзіндік орны бар «Ақиқат сыйы» дастанының зерттелуі, танымдық, тәрбиелік мәні негізгі арқау болған мақала енген.

Халықаралық жаратылыстану академиясының құрметті докторы, Ресей ғылымы мен біліміне еңбегі сіңген қайраткері, Ресей жаратылыстану академиясының профессоры, ғылымдардың құрметті докторы(ScDh.c.), философия докторы (PhD) О.Ю.Латышевтің зерттеуінде М.Ю.Лермонтовтың шығармашылығын феноменологиялық тәсілді тарихи-салыстыру, мәдени-тарихи және әлеуметтану әдістерімен үйлестірілуі қарастырылады. Зерттеуші рецептивті эстетикаға ерекше назар аударады. Автор қалам шеберінің өркениеттің екпінді шабуылын қатты күйзеліспен қабылдауын, оның соған қарсы тұру идеясын ашады. Осы тақырыпты, зерттеушінің пікірі бойынша, жазушының көркем шығармаларын ашу үшін ғалымдар біріншіден, дәуірдің құжаты, екіншіден, халықтың рухын бейнелеуі деп қабылдауын жобалайды.

А.Ахматованың шығармашылығында шығыс поэзиясы мен философиясының ықпалы бар екендігі айқындалған. Зерттеуші жұмбаққа толы Шығыс мәдениетінің еліктіретін әсерін орыс ақыны өзінің поэзиясында аз ғана өлең жолдарымен дәлелдегенін көрсетеді.

Студенттерге «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» атты элективті пәні мектепте тіл өнері сабақтарын жүргізуге тиімді дидактикалық жағдай тудыратыны анықталған.

Жинақтың бұл нөміріне Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ағылшын тілі мамандығының магистранттарының зерттеу жұмыстары еніп отыр.

Қорыта айтқанда, ұсынылған мақаланың барлығы ғылымның бірқатар саласына қатысты зерттеу мен ізденістердің нәтижесі болғандықтан, оқырман қауымның қызығушылығын тудыратыны сөзсіз.

Оналбай АЯШЕВ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

УДК-73.04.45

РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТНЫХ И ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КАЧЕСТВ СТУДЕНТА В ПРОЦЕССЕ ЧТЕНИЯ ВУЗОВСКИХ ЛЕКЦИЙ

КАРАКУЛОВ К. Ж., ОРЫНБАСАР Ж.Д.

В статье предлагаются пути решения проблем, связанных с повышением качества лекционных курсов. Авторы рекомендуют преподавателям-лекторам учитывать не только объем и содержание темы, но и потенциал психологического воздействия, благодаря которому у будущих специалистов пробуждается чувство профессиональной гордости и стремление к познавательной деятельности.

Ключевые слова: *организация лекции, организация преподавания, внутренние условия, психологическая настроенность аудитории.*

Учебные лекции в вузе являются одной из ведущих форм обучения и воспитания студентов. Качеством их подготовки и проведения определяются и уровень квалификации будущего специалиста, и степень увлеченности его своей профессией и мера его личной ответственности за тех, кого он будет учить или руководить.

В психологии лекционного обучения, как и всякого другого, необходимо различать: 1) внешние условия – организацию преподавания; 2) внутренние условия – организованность студентов и те изменения, которые возникают вследствие преломления внешнего через внутреннее – психологический эффект лекций.

Результативность обучения для каждой обучающейся личности в определяющей степени зависит от организованного развития, от сложившегося у нее отношения к учебе, от навыков самоорганизации и других особенностей. Человек не рождается с готовыми качествами организованности. Они формируются под влиянием определенных условий и требований, предъявляемых к людям в значимых для них ситуациях. Вузовское преподавание, не вносящее положительного корректива в структуру организованности студента, в структуру его личности, теряет всякий смысл [1].

В центре внимания преподавателей, читающих лекционные курсы, должны быть не только объем и содержание темы, но и потенциально содержащиеся в них возможности психологического воздействия на студентов. Важно не «подробно изложить» и не «заставить выучить» программные вопросы, а важно уметь на материале этих вопросов

воспитывать идейно-нравственные и профессиональные качества личность; важно формировать определенные убеждения и принципы, учить разбираться в сложных проблемах науки и связывать воедино теорию и практику, будить высокие гражданские чувства и профессиональную гордость.

Весь учебный процесс в вузе должен быть психологически нацелен на перестройку структуры личности студента в структуру личности специалиста.

Данная целевая установка неизбежно ставит преподавателя перед необходимостью овладеть следующими компонентами к учебно-воспитательной деятельности:

1. Разрабатывать перспективный план воспитывающего лекционного обучения.

2. Определять психологическую цель каждой лекции и находить соответствующую ей структуру информации.

3. Добиваться от студентов не «понимание вообще», а именно такого понимания учебного материала обуславливается психологической задачей и является критерием ее осуществления.

4. Выявлять и обосновывать оптимальный минимум требований к самостоятельной работе студентов по данному лекционному курсу.

5. Использовать на лекциях целесообразные формы контроля за выполнением студентам требований.

В перспективном плане определяется содержание и последовательность задач психологического воздействия на студенческую аудиторию в процессе лекционного преподавания по каждой отдельно взятой дисциплине. Преподаватель должен обобщить воспитывающие сведения из содержания темы, из программы и осуществить процедуру выбора оптимального комплекса задач обучения.

Психологические цели лекций должны вытекать из анализа конкретных условий труда, являться насущно необходимыми и реально осуществимыми. Преподавателю приходится учитывать не только возможности программного материала и свои особенности, но и специфику факультета, курса, уровень развития студентов, их подготовленность, адаптация данной студенческой аудитории, имеющиеся в наличии учебное оборудование и другое.

Чтобы правильно поставить психологическую цель конкретной лекции, надо «увидеть» ее роль в общей системе учебно-воспитательных задач изучаемой темы, раздела и всего лекционного курса, учитывая при этом и то, что уже достигнуто, и то, чего следует добиваться в ближайшее и более отдаленное время. Далеко не всякую психологическую цель можно осуществить в рамках одной лекции. Иногда вначале приходится

«подготовить почву». Поэтому следует различать вспомогательные и содержательные психологические задачи[2].

Осуществление на лекции вспомогательной задачи лишь приближает студента к пониманию какой-либо важной в учебно-воспитательных целях проблемы, а осуществление содержательной задачи что-то меняет в структуре личности студента – пробуждает сомнение, заставляет пересмотреть свои взгляды, подходы, отношения и так далее или же вызывает такие переживания, такой образ мыслей, которых раньше у студента не было. Неоднократное подкрепление нового переживания или нового образа мыслей на других лекциях постепенно приводит к новообразованиям в структуре личности. Акцент переносится на обучение под руководством преподавателя на самоучение и самообразование. При правильной разработке курса лекции, практических занятий, подборе иллюстративного материала и выборе активных методов обучения, служащих для развития логического и пространственного мышления и личностного саморазвития, наблюдается тенденция к гуманизации образования.

Все личностные качества преподавателя имеют профессиональную значимость. Недаром говорят: учитель не тот, кого учит, а тот, кто не может не учить. У истинного педагога не разделяется рабочее и свободное время: он всегда думает о детях, студентах. В целенаправленности преподавателя – сущность его личности. К педагогу вполне приемлем следующий критерий: скажи, к чему ты стремишься, и я скажу, кто и какой ты. Эти слова адресованные школьному учителю, следует отнести и к вузовскому преподавателю.

Преподаватель в зависимости от цели обучения должен планировать социально-личностные отношения и одновременно быть организатором учебного процесса, гибко реагировать на любое взаимодействие, обеспечивать взаимопонимание и эмоционально-нравственное развитие, чтобы дать обучающимся радость познания, веру в свои возможности. Влияние личности педагога на студента нельзя заменить ни учебниками, ни телевидением.

Опытный преподаватель располагает возможностью строить лекцию с учетом особенности конкретной аудитории.

Но главным, определяющим успех лекции мы считаем научно-теоретическую и методическую квалификационность преподавания, в которую, на наш взгляд, входит ряд умений:

1. Умение отобрать актуальный, волнующий студентов материал, исключающий общие, ничего не дающие ни уму ни сердцу рассуждения и толкования прописных истин.

2. Умение психологически правильно и обоснованно оперировать как положительными, так и отрицательными фактами, анализировать их, делать убедительные, логические обоснованные и доступные студентам выводы, давать позитивные рекомендации. Преподавателю необходимо учитывать недопустимость перенасыщенности лекции фактами, особенно отрицательными. Это снижает остроту и глубину восприятия, осмысления, нарушает стройность лекции; в многочисленных фактах теряется сущность той или иной психологической идеи, а отсюда снижается эффективность всей лекции.

3. Умение устанавливать связь с действительностью, не обходить острых вопросов, ставить проблемные вопросы, решать их на основе достижения современной научной теории и практики обучения и воспитания.

4. Умение использовать дидактические принципы и правила, излагать материал живо, интересно, эмоционально, создавая этим психологическую настроенность студенческой аудитории.

Практический опыт показывает, что для активизации и внимания студентов их сосредоточенности в работе можно использовать различные приемы:

Учет психологии отдельного человека, отдельных групп людей и психологических особенностей всех студентов – необходимое условие успеха лекционного занятия.

Важное значение для лектора имеет знание и учет закономерностей внимания. В общей психологии различают произвольное, непроизвольное и послепроизвольное внимание. Лектору – преподавателю приходится ориентироваться на все названные виды, добиваться, однако устойчивого непроизвольного внимания.

Произвольное внимание связано с волевыми усилиями, когда слушатель «заставляет» себя следить за ходом мысли лекции, стремится запомнить материал, усвоить его.

Непроизвольное внимание возникает в процессе восприятия прежде всего интересного и значимого материала. Оно основано на опыте систематических занятий, тренировки памяти и теоретического мышления. Послепроизвольное внимание сопровождает произвольное. Оно фактически превращается в произвольное.

Возбуждение и закрепление внимания направлены на решения основной учебной задачи – достичь восприятия, усвоения и запоминания определенной суммы знаний как основы формирования убеждения.

Лектор – преподаватель должен учитывать многогранной проблемы восприятия. Следует отметить, что избирательность восприятия

обеспечивается постоянной включенностью памяти и мышления в процессе познания.

Психологическая наука выделяет две формы восприятия: с преобладанием познавательной направленности; с преобладанием эмоционально-оценочного отношения к содержанию материала.

При восприятии с преобладанием познавательной направленности внимания сосредотачивается на содержании информации. Учет этого социально-психологического состояния, такой направленности и восприятия аудитории заставляет лектора углубить теоретический анализ рассматриваемой проблемы, дать новую информацию. Доминирующим становится воздействие на разум, а обращение к чувствам должно сопровождаться сохранением или даже усилением внимания, выработанной устойчивого неослабевающего интереса[3].

Восприятие с преобладанием эмоционально-оценочного отношения к действительности и информации о ней возникает в тех ситуациях, когда аудитория достаточно информирована по освещаемой теме и ожидает комментирования и оценки событий, имеет установку на совместное эмоциональное переживание.

Психологическая «неготовность» к восприятию, а следовательно, и к усвоению определенной знаний может иметь в своей основе многие причины: уровень общего развития, независимость интересов личности студента и т.д.

Другим очень важным признаком является духовная культура преподавателя, который составляет содержание его профессиональной деятельности. Это обусловлено рядом причин кризисной социально-экономической ситуацией, ситуацией поиска новых путей воспитания личности в условиях рыночной экономики, а также общей неудовлетворенностью процессом воспитания и уровнем воспитанности молодого поколения[4].

Забвение многими согражданами «Золотого правила нравственности» требующего относиться к другим так, как ты бы хотел, чтобы относились к тебе, рождает потребность в такой мировоззренческой ориентации молодежи, которая оценивалась бы тем, насколько каждый благодарен по отношению к другим людям. Важно, даже нужно, чтобы этим психологическим качеством прежде всего и обладал педагог высшей школы.

Педагог – прежде всего личность, профессионально значимая в той мере, в которой причастна к духовным ценностям, выработанным человечеством, и в которой способна приобщить к этим ценностям студентов при проведении лекционного курса.

Система ценностей, принятой педагогом, определяют его личностно-профессиональную позицию и проявляется в этических и психологических установках. Среди них наиболее важными являются следующие:

1. Отношение к обучающимся, т.е. студентам: установка на понимание, сопереживание, на относительную независимость и самостоятельность студентов, на выявление творческого потенциала каждого обучающегося.

2. Отношение к организации коллективной деятельности (группе, к потоку): установка на развитие демократического самоуправления, на коллективно творчество студентов в процессе лекции, на создание общих дел не только учебного заведения, но и за его пределами, в том числе и дома, на соблюдение традиций и норм коллективной жизни.

3. Отношение педагога к самому себе: установка на заинтересованность в успешной учебно-воспитательной работе, ориентация на профессиональный и личностный рост и самоанализ. Древние говорили: хорошо быть строгим, еще лучше – добрым, но лучше всего – справедливым.

Гармония личности преподавателя больше всего определяется мерой требовательности и уступчивости, эмоциональности и рассудительности оптимизма и осторожности, строгости и мягкости. Эту меру преподаватель не найдет ни в каких предписаниях, она познается только проверкой своего характера на деле, т.е. в преподавательской деятельности и постоянным самовоспитанием.

Другие психологические свойства, т.е. черты личности преподавателя, особенности его характера и темперамента, также влияют на проведение учебных занятий и на его отношение к своему труду. Однако, кроме всего прочего, они создают индивидуальный стиль деятельности и общения педагога, а это немаловажно в любой творческой профессии: будь то писатель, актер, журналист или педагог. Родство этих творческих профессий заключается в их индивидуальном выражении. Важнейшим элементом педагогического мастерства, обеспечивающим успех лекционного преподавания, является психолого-педагогическая культура преподавателя, уровень его подготовленности к практическому осуществлению учебно-воспитательных задач и степень появления в его непосредственной деятельности качеств организатора и воспитателя.

Признаки и черты отражающие психологическую грамотность и подготовка - эта важнейшее профессиональное требование доскональному знанию преподавателем своего предмета и методики его проведения. Только свободное владение предметом может пробудить у студентов интерес к знаниям, уважение к педагогу и его требованиям. Здесь уместно привести высказывание выдающего педагога А.С. Макаренко, который в свое время писал:

«Ученики простят своим учителям - их придирчивость, сухость и грубость, но не простят они незнание своего предмета».

Иногда говорят: «Преподаватель не может знать все». Однако будет не лишним помнить, что преподаватель должен знать свой предмет и что культура определяется тем, что человек знает сверх обязательного. Это «сверх» и дает возможность понять обучающимся, насколько эрудирован их педагог, насколько развит его вкус к знаниям, насколько разносторонне он образован.

Надо помнить, для успешной работы в качестве преподавателя важны выдержка, способность к торможению, сочетание быстрой реакции с находчивостью, эмоциональная уравновешенность, умение владеть своими чувствами[5].

Особое место в этом ряду занимает психолого-педагогическое общение. Где нет общения, там и управление студентами, учебными занятиями не возможно: они «не слышат» преподавателя, не уважают их. Духовное общение - наивысший уровень общения, который формируется на основе устремление педагога и студента. Инструментами общения, прежде всего, выступают голос и взгляд, мимика, взгляд косой, подозрительный, настороженный, хмурый, кислый, унылый, умиленный, недовольный, насмешливый, безразличный – это все антипсихологические взгляды. Любая недобрая интонация, злость и раздражительность должны быть оценены самим преподавателем, как проступок перед студентами, особенно во время проведения лекционных и других занятий. Напротив, взгляд добрый, ласковый, веселый, юмористический, понимающий, подбадривающий, восхищенный-действенное незаменимое средство в арсенале педагога.

И так, мы пытались перечислить лишь основные звенья обучения и воспитания, тот фундамент, без которого преподавателю невозможно успешно решать учебно-воспитательные задачи.

Именно владение современным арсеналом средств психолого-педагогического воздействия, делают в преподавателе его пригодности к педагогической деятельности, они обуславливают моральное право педагога руководить студентами, целенаправленно их обучать и воспитывать.

ЛИТЕРАТУРА

1. Смирнов С.Д. Психология и педагогика высшего образования. – М., 2003.
2. Немов Р.С. Общая психология. – М., 2004.
3. Дьяченко М.Н. Психология высшей школы. – Минск, 1993.
4. Петровский А.В. Основы педагогики и психологии высшей школы. – М, 1986.
5. Пионова Р.С. Педагогика высшей школы. – Минск, 2002.

КАРАКУЛОВ К. Ж., ОРЫНБАСАР Ж.Д. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ ДӘРИС БЕРУДЕ ЖЕКЕ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУ ҮДЕРІСІ

Мақалада дәріс курсын оқитын оқытушылардың тақырыптарының мазмұны мен көлемі ғана емес, болашақ мамандарға психологиялық ықпал ету, даму мүмкіндігі қамтылып, студенттердің кәсіби мақтаншы сезімін ояту мәселелері көтеріледі.

Кілт сөздер: дәрістерді ұйымдастыру, оқытуды ұйымдастыру, ішкі жағдайларын ұйымдастыру, студенттердің психологиялық жай-күйін аудару.

KARAKULOV K. ZH., ORYNBASAR ZH.D. DEVELOPMENT OF PERSONAL AND PROFESSIONAL QUALITIES OF THE STUDENT IN THE COURSE OF HIGH SCHOOL LECTURES

The article raises the problem of teachers who read lecture courses not only the volume and content of the topic and potentially contained in their capacity of the psychological impact of a future specialist which waves a sense of, professional pride.

Keywords: lectures organization, organization of teaching, the internal condition of the psychological mood of the audience.

УДК 37.016:81.111

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

САХИТЖАНОВА З.О., НАХИПОВА А.

Мақалада шет тілін оқыту барысында интерактивті оқыту әдісін қолдану мәселелері. Интерактивті оқыту әдісінің анықтамасы, шарттары, ережелері жазылған. Сонымен қатар шет тілін оқыту, студенттердің мағлұматты меңгеруіне пайдалануға болатын ойын түрлері мен мәселелері көрсетілген. Оқытушының білім беруде жаңа әдістерді пайдалануы, білім алушының білім деңгейін көтеруге, оқу процесіне ынталандыруға, оқытудың тәрбие, білім беру және өркендету мақсаттарын дамытуға ықпалын тигізеді.

Кілт сөздері: технология, мәселелері, интерактивті, ойын түрлері, шет тілі, әдіс

Қазіргі жаһандану жағдайына жедел өзгеріп отырған әлем және ақпарат легінің артуы, одан ары шектеусіз өсуі адамзат жинақтаған білімді жай игеріп қою нәтижесіз екендігін көрсетіп отыр[1, 11]. Осы ақпараттық ресурстарды, технологияларды меңгеру үшін шет тілінің рөлі ерекше. Сондықтан да, шет тілін меңгеру – уақыт талабы. Шет тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады.

Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасыартып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды оқытып шығару – біздің қазіргі кездегі міндетіміз. Ақпаратты сұрыптаудың жаңа тәсілдері мен жаңа ақпараттық технологияларды игеру нарық жағдайына бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін міндетті талапқа айналуға [2, 32]. Бұл жағдайда білім беру үрдісіне жаңа ақпараттық технологияларды қолдану білімнің жаңа сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі қоғам оқытушының біліктілік деңгейіне де, ішкі жан дүниесіне де жаңаша талап қойып отыр, өйткені қазіргі күн ХХІ ғасыр ұрпағынан үлкен үміт күтілуде.

Жүргізілген зерттеулерге қарағанда, студенттерге сапалы білім беру мәселесі философтарды, психологтарды, лингвистерді, әдіскерлерді, педагогтарды толғандырады, алайда нақты «инновация», «технология» сөздерінің тіркесіп (ғалымдар жеке мойындағанымен) жаппай қолданысқа түсуі тек соңғы кезде ғана орын ала бастады. Ғалымдардың осы тұрғыда айтқандарын жүйелей келгенде, инновациялық технологияға «педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, оқытушы мен студенттің бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.» [3, 6] деген анықтама береміз.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясысын меңгеру оқытушы үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз сөзіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Расында да әрбір педагог және оқытушы жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және қалыптастырады. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру оқытушының шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Осындай қасиеттерді қалыптастыратын жаңа инновациялық әдіс түрі ол – интерактивті әдіс болып табылады.

«Interactive» ағылшын тілінен аударғанда «ортақ белсенділік» деген мағынаны білдіреді. Инновациялық оқыту технологиялардың білім беру жүйесін дамыту ісіне берері мол. Оларды қолдану оқушының өздігінен сабаққа дайындалу деңгейін арттырады; оқу үдерісін жүргізуді қызықты етеді; шығармашылық жағынан бұрын болмаған кәсіби дағдыларды қалыптастырып, жаңа мүмкіндіктер туғызады. Интерактивті оқытуда оқытушы тренер немесе фасилитатор ролінде болады. «Фасилитация» сөзінің түбірі латын тілінен енген, көмек деген мағынаны береді, яғни фасилитатор үйренушіге көмек береді, қолдайды. Фасилитатор а) шығармашылыққа дем беріп, жағдай жасау; ә) топ жұмысының динамикасын бақылау; б) мазмұн үшін емес, ізденіс үшін жауапкершілікті мойнына алу; в) жалпы тапсырманы

есте ұстай отырып, неғұрлым егжей-тегжейіне көңіл аудару; г) сөзді бөлмеу, араласпау, ойын толық айтуға жағдай жасау; ғ) талқыға салу регламентін белгілеу сияқты міндеттерді мойнына алады. Сөйтіп, фасилитатор қатысушылар потенциалын жинақтап, оқу үдерісінің сапасын арттыра түседі [2,59].

Оқытушының білімді жеткізуші рөлінен фасилитатор рөліне ауысатыны туралы ғалым Б.А.Тұрғынбаевада өз мақаласында сипаттайды [3,41]. Ол фасилитатор – ұстаздардың ұстазы, фасилитация топ жұмысын ынталандыратын, әкімшілік жұмы стиліне кері болып келетін ашық іс-әрекет деп баға береді. Интерактивті әдісте оқытушы ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде ғана көрінеді де, студент белсенділігі арта түседі. Интеракция кезінде студент жұмысқа тікелей қатысқанымен, ол өз мүмкіндігін шектеп, онда студенттің белсенді болуына жол беріп, жағдай туғызуы қажет. Ал мұндай ұстаным керемет нәтижеге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолынан жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең-есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң-үйренемін!» және К.К.Плотнованың зерттеулері бойынша «біз қолымызбен істегеннің 80 пайызын, оқығанымыздың 20 пайызын, естігеніміздің 10 пайызын ғана есте сақтаймыз» деген қорытындысын жиі естиміз [4,80].

Интерактивті технологиясын пайдалану, әсіресе шет тілі сабағында өте қолайлы және қызықты. Бұл технологияны оқу материялын хабарлау және студенттердің мағлұматты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп те қарауға болады. Қытайдың дана ойшылы Конфуций айтқандай, жаһандану кезеңіндегі технологиялық қарқынды даму, әлемдік өзгерістер жаңашылдықпен білім алуға бағыттайды демекші, интерактивті әдістің қолдану ерекшелігі қазіргі таңда қолайлы болып отыр. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілімен ерекшеленеді.

Ал интерактивті оқытудың мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында бірлескен әрекетке жағдай жасау. Әр студентті жеке тапсырмамен жұмыс істете отырып, топ мүддесін ойлауға үйрету. Әрқайсысын өз міндетін жауапкершілікпен атқаруға жетелеп, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылдыру. Сондай ақ басты тапсырма студенттерге берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс-әрекетінде. Интерактивті әдіс, әсіресе ағылшын тілі сабағын пысықтап қорытындылауға бірден бір көмегін тигізетін әдістердің бірі. Интерактивті әдістер төмендегі сабақ түрлерінде орын алады:

Біздің ойымызша, мұғалім рөлінің өзгеруі, оның белсенділігінің үйренуші белсенділігімен ауысуы интерактивті оқытудың дәстүрлі оқыту алдындағы артықшылықтарының бірі. Екінші артықшылығы – үйренуші оқу ортасымен (оқу ақпаратымен) әрекетке түсе отырып және өзінің бұрынғы тәжірибесіне сүйеніп өзінің мүмкіндігін сыртқа шығарады. Қ.Қадашева интерактивті әдіске «жоғары белсенділікті көтеру» әдісі деген баға береді. Бұл оқытудың мақсатына, мазмұнына байланысты болды.

Г.Д.Нұрбекова интерактивті оқыту «оқушылардың бірігіп бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетте өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және фантазиясын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді» [5,5] деп жазады.

В.В.Гузеев сабақтың типтерін, құрылымын сипаттай отырып, солардың қатарында «интерактивтік режимді» атайды. Режим ақпарат ағымының екіжақты болуымен сипатталады. Оқушы сабақтың автономдық бөлшегі ретінде көрінеді. Интерактивтік режим әңгіме сабағына немесе консультацияға тән деп есептейді [6,84].

Баспасөз беттерінде ғалымдар, оқытушылар, педагогтар өз ойларын ортаға салып, әдіс-тәсілдерімен бөлісіп отырады. Осындай пікірлерден мысал келтіре кетуді жөн көрдік. М.Т.Мұқажанов «Интерактивтік оқыту дегеніміз әңгіме, сұхбат түрінде біреумен (адаммен) немесе бірнәрсені (компьютермен) әрекеттестікке түсу, интерактивтік оқыту – нақты және алдын-ала болжанған мақсатты шеше алатын танымдық процесті арнайы ұйымдастыру формасы. Мақсаттың біріне оқытудың өнімді болуына мүмкіндік беретін жайлы жағдай туғызу, ал оның мәні – оқу-таным үдерісіне барлық оқушылардың тартылуы» деп есептейді [7,54].

Ал Г.К.Бөлекбаева Қарағанды қаржы институтының Банк колледжінде қазақ тілі пәні бойынша «Өз бизнесімді қаржыландыру жолы» тақырыбындағы сабағын қалай өткізетіні жайлы тәжірибе алмасады және интерактивтік әдісті сабақта қолдану төмендегідей әдет-дағдыларды қалыптастырады деп түйіндейді:

1. Студент өзін батыл, еркін сезінеді. Үйреніп отырған тілге деген қызығушылығы артады, яғни өз қажеттілігі үшін үйренуге ынтасы оянады.
2. Өзіне бөлінген тақырып бойынша сөйлеу барысында ізденуге, шығармашылық жұмыс істеуге үйренеді.
3. Студент топ болып, жұп болып әрекет етуге үйренеді [7,41].

Ю.Осипова мен Г.Адилгазиновтің пікірінше де интерактивтік оқытудың ұйымдастырушы формасы өзара әрекетке негізделеді. Оқытудың мұндай формалары үйренушілердің тілдесімдік дағдыларын дамытуға, белсенді, субъектілік ұстанымдарын қалыптастыруға, сын тұрғысынан

қарауды үйренуге мүмкіндік береді. Интерактивтік тілдесім жеке тұлғаның, оқушы ұжымының қалыптасуы мен дамуына ықпалын көрсетеді [8, 15].

Р.Дүзбаева мен А.А.Журин өз еңбектерін жаңа ақпараттық технологияларға, компьютер арқылы оқыту жүйесіне арнай отырып, «интерактивті дегеніміз – өзара әрекетке түсу немесе біреумен әлде компьютермен әңгіме, сұхбат режимінде болу, ал интерактивтік оқыту – бұл дәстүрлі және дәстүрден тыс оқытудың өзара әрекеттестік механизмі, оған арнайы дидактикалық жүйеде іске асатын қағидалар, әдістер, технологиялар, оқытудың құралдары мен формаларының кешені енеді» деген анықтама береді [9, 120].

Мәселен, ғалымдар электронды басылымдар мен ресурстарды практикада қолданғанда:

- үйренуші білімді және білім туралы мағлұматты өз бетімен ала алады;
- ақпаратты сақтауда, өңдеуде, интерактивті сұхбатта, құбылыстарды үдерістерді модельдеуде барлық мүмкіндіктерді пайдаланады;
- үйренушінің интеллектуалдық мүмкіндіктерін анықтауда бағалауда, олардың білім, дағдыларының, дайындықтарының деңгейін анықтауға көмектеседі, мемлекеттік стандартқа сәйкестігін өлшейді;
- сол деңгейіне қарай оқу әрекетін ұйымдастыруға, басқаруға мүмкіндік береді;
- үйренушінің өз бетімен өзін-өзі жетілдіруіне, дамытуына, жасырын мүмкіндіктерін ашуына жетелейді;
- кері байланысты педагогтарға да ата-аналары да бақылай алады деп тұжырымдайды [10, 23].

Сондай-ақ, білім беру жүйесінің электронды басылымдар мен ресурстарға қажеттілігін мынадай төрт топқа бөледі:

1. Үйренушінің белгілі бір білімдер жүйесін, мәселен, белгілі бір пәнді меңгеру қажеттілігі;
2. Репродуктивтік шеберлікті меңгеру қажеттілігі;
3. Үйренушінің шығамашылық әрекеттері, одан ары қарай өз бетімен ізденуге ұмтылысы;
4. Үйренушінің жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы қажеттіліктер.

Ғылыми-педагогикалық және оқу-педагогикалық әдебиеттің, журнал мақалалары мен конференциялардағы, семинарлардағы баяндамалардың мазмұнына қарағанда ғалымдардың интерактивтік оқытудың белгілерін сипаттауы бір-бірінен алшақ кетпегенімен оның мәні мен мазмұнына анықтама беруде бірыңғай, ортақ тұжырымға келмегендігі анықталды.

Сонымен біз сөздіктердегі түсініктемелерге, ғылыми-педагогикалық сипаттамаларға сүйене отырып, интерактивті оқытудың негізгі белгілерін көрсетіп тұжырымдауға тырысамыз,

Алдымен біз жалпы оқыту дегеніміз не екендігін анықтап алайық.

Р.М.Қоянбаевтың қысқаша педагогикалық сөздігінде берілген анықтама: «Оқыту – оқу тәрбие барысының нақты түрі. Мұның нәтижесінде оқушы тұлғасын тәрбиелеу, дамытумен тығыз байланысты қоғам талабынан туындайтын білім беру міндеттері арнайы дайындығы бар маман басшылығымен жүзеге асады [11,45].

Білім беру – екіжақты процесс. Бұл барыста оқыту мен оқу бірігеді. Оқушының белсенді еңбегінсіз білім алу мүмкін емес» .

Ал Г.М. Коджаспированың анықтамасы бойынша оқыту дегеніміз 1) оқытушы мен оқушының білім дағдыларын, дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған, әдейі басқарылатын өзара әрекеттестігі үдерісі; 2) білімге тарту арқылы танымдық белсенділігін дамытып, қанағаттандыру, оны өзінің жеке тәжірибесінде қолдану қабілетін қалыптастыру; 3) адамның ақпаратты өз бетімен алып, іріктей білу қабілетін дамыту; 4) оқытушы мен оқушының өзара екіжақты үдерісі екен [12,58].

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, «интерактивті оқыту дегеніміз оқу үдерісіне қатысушылардың барлығының өзара белсенді әрекеттестікке тусуі, жұптық, топтық, ұжымдық оқыту формаларының үйлесімді әрекет ете отырып, үйренуші дайындығының жеке деңгейіне қарай қабілеті мен мүмкіндіктерінің толығынан ашылуына жағдай жасау және білімді өз бетімен алуына бейімдеу» деп тұжырымдаймыз. Интерактивті оқытудың дәстүрлі оқытудан артықшылығы: Олар

- Икемділігі
- Қашықтықтан оқыту мүмкіндігі
- Параллель жүру мүмкіндігі
- Жаңа ақпараттық технологиялар
- Оқытушы мен үйренушінің жаңа рөлдері

Төменде интерактивті оқыту технологиясы арқылы сабақ үрдісінде қолдануға қолайлы ойын-әдістері.

1. «Кестелі ара»- бұл оқыту әдісінде студенттер меңгерген ақпараттарын оқытушының ролінде бір-біріне береді

2. «Ұстанымыңды бере тұршы» әдісі студенттерге белгілі бір адамдардың пікірлерімен келіседі немесе олардың көзқарастарын қабылдайды және бұл жерде өзінің таңдаған нақты ғылыми деректерін, дәлелдемелерін оның себеп-салдарлы байланыстарын айқындау арқылы негізге алады.

3. «Пікірлер көрсеткіші» әдісі – бұл интерактивті әдіс арқылы өз пікірін айта алады, әрі оның ғылыми негіздеген тұжырымдамалар мен теорияларын жинағын және өзіндік жеке өмір тәжірибесін мысалға келтіреді.

4. «Ойша серуендеу» әдісі белгілі бір білім беру саласын виртуалды шындықта оқыту мүмкіндігі арқылы кескіндеуге негізделген.

5. «Зейін салу» әдісі – бұл әдіс қалыпты және күтпеген жағдайларда студент пен оқытушының арасындағы қарым-қатынастарды жобалауды жүзеге асырады; әрі бұл жерде оқытушы сарапшының қызметін орындайды [12,87].

Оқудың интерактивті әдістерінің артықшылығы қандай? Ең алдымен, интерактивті әдістер:

- оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу үдерісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;

- оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Бұл үшін ең маңызды шарттар – интерактив бойынша тренингтік оқытушылардың жеке қатысу тәжірибесі. Оны ойынға жеке өзі қатысу «ми штурмы» немесе сөзсайыс жолымен ғана үйренуге болады.

В.А.Сухомлинский, кім өзінің оқытушы екенін ұмытса, сол жақсы оқытушы деген. Оқытушыға тәлімгерлік үнді тастап, негізгі ынталануын көрсетсе, өзінің «жоғарыда» тұрғанын ұмытып, «қасында тұрса», оқушылар ретінде үн шығарып, қарым-қатынас жасаудың шынайы қызығушылығын танытса, сол жақсы ұстаз.

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың негізгі ережесі қандай?

Бірінші ереже. Жұмысқа сол немесе басқа межедегі қатысушылардың толық тартылуы тиіс. Осы мақсатта талқылау үдерісінде семинардың барлық қатысушыларын енгізуге мүмкіндік беретін технологияны пайдалану пайдалы. Екінші ереже: Қатысушылардың психологиялық дайындығына қамқорлық жасау. Бұл жерде сөз, барлық өткен сабақтар жұмыстың сол не басқа мысалын тікелей енгізуге психологиялық дайын екендігі туралы болып отыр. Осыған байланысты шарықтап, шыңдау пайдалы, оқушыға өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, жұмысқа белсенді ат салысқан қатысушыларды үнемі көтермелеп отыру керек. Үшінші ереже. Интерактивті технологияда оқушылар көп болмауы тиіс. Қатысушылардың саны мен оқу

сапасы тікелей байланыста болуы мүмкін. Қатысушылардың қолайлы саны – 25 адам. Тек осындай жағдайда ғана шағын топтардың жұмысы жемісті болады. Төртінші ереже: Жұмыс істеу үшін ғимаратты дайындауға көңіл бөліңіздер. Ғимарат үлкен және шағын топтарда жұмыс істеу үшін қатысушылар оған жеңіл жайғасатындай есеппен дайындалуы тиіс. Оқушылар үшін физикалық қолайлылық құрылуы тиіс. Бесінші ереже: Процедура және регламент мәселесіне назар аударып отырыңыздар. Мысалы: кез-келген көзқараста барлық қатысушылар, әркімнің сөз бостандығы құқығын сыйлауға, оның намысын сыйлауға төзімділік көрсетіңіз. Алтыншы ереже. Семинарға қатысушыларды топқа бөлуге ерекше көңіл бөліңіз. Ең алдымен оны еріктілік негізінде жасаған дұрыс. Содан кейін кездейсоқ таңдау қағидатын пайдаланған жөн [13,145].

Интерактивті оқыту – бұл таным іс-әрекетін ұйымдастырудың арнайы нысаны. Ол толық нақтылықты және болжамды мақсаттарды айтып отыр. Осындай мақсаттың бірі оқушылар өзінің сәттіліктерін, интеллектуалдық жағдайларын, оқу процесінің өзінде қандай өнімді іс істеу керектігін сезінетін, оқудың қолайлы жағдайын жасаудан тұрады.

Интерактивті оқуды ұйымдастырудың міндетті шарттары:

- оқушылар мен оқытушылардың арасында сенімділік, жоқ дегенде позитивті қатынастардың болуы;
- демократиялық стиль;
- оқушылар мен оқытушылардың арасында қарым-қатынас жасау үдерісінде өзара ынтымақтастық болуы;
- оқытушылардың жеке («педагогикалық») тәжірибесі, оқу процесіне ашық үлгілерді, фактілерді, образдарды енгізу;
- ақпарат беретін нысандар мен әдістердің көптүрлілігі, оқитындардың іс-әрекет нысандары, олардың ұтқырлығы;
- іс-әрекеттің сыртқы және ішкі уәждерін қосу, сондай-ақ оқитындардың өзара уәждері [14,127].

Біз неліктен интерактивті әдістерге «иә» дейміз? Олар мыналарды:

- Жоғары уәжділікті.
- Тиянақты білімді.
- Қиялдау мен шығармашылықты.
- Тез тіл табысуды.
- Белсенді өмірлік көзқарасты.
- Командалық рухты.
- Жеке, дербестіктің құндылығын.
- Өз пікірін білдіру еркіндігін.
- Іс-әрекетке ерекше назар аударуды.
- Өзара сыйластықты.

- Демократиялықты қамтамасыз етеді.

«Интерактивті әдістер» жоғарғы оқу орындарының студенттерінің шет тілін оқуда өзара әрекет етуіне жағдай жасайтын тәсілдер, ал «интерактивті оқытуды» өзара әрекеттесуге негізделіп құрылған оқыту деп түсінуге болады. Интерактивті әдістердің мәні – әрбір студенттің студентпен өзара белсенді байланыста болып, оқытушымен бірлесіп отырып, компьютермен жұмыс жасап, оқу танымдық нәтижеге жетуі. Бұл әдістер барысында студенттерді тұлға ретінде қалыптасуға бірден-бір әсер етеді. Оқытушы мен студент бірлесіп оқи отырып, субъект ретінде болады. Оқытушының рөлі көбінесе оқу үдерісін ұйымдастырушы, топ басшысы, студенттердің ынта ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді. Интерактивті оқыту әдістері студенттердің өз өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенуіне негізделген. Сондықтан да олар сабақта ынтымақтастық педагогикасының жүзеге асуына, бірлесіп әрекет етуге, сабақта жайлы да жағымды психологиялық жағдай орнауына мүмкіндік жасайды. Шет тілі сабағы қызықты да түсінікті болуы оқытушының шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Жоғарғы оқу орындарында интерактивті әдістер арқылы оқытудың басты мақсаты – студенттердің білімін жетілдіру үшін қолайлы орта орнату өзара қарым-қатынас арқылы өз пікірлерін ортаға салу, өзін еркін сезіну, басқалардың көзқарасымен санасу, сұрақ-жауап арқылы білімін бекіту, сонымен бірге тілдік қорын бекітуге мүмкіндік жасалады. Шет тілінде интерактивті оқыту әдістерінің жоғарыда айтылғандардан басқа да бірқатар жетістіктерін атап өтуге болады. Мәселен: - ақпаратты терең меңгеруге мүмкіндік береді; - тыңдау дағдысын қалыптастырады; - қарым-қатынасқа түсуге, сол арқылы әлеуметтік тәжірибие жинақтауға мүмкіндік береді; Шет тілі сабағын оқытуда жиі қолданатын пікір-талас, дөңгелек үстел, рөлдік ойындар, диалог құру т.б. әдістер жоғары белсенділікті дамыту әдістерінің қатарына жатады. Бұл әдістерді қолдану барысында үйретушіде, үйренушіде белсенді қарым-қатынаықа түседі. Интерактивті әдіс барлық студенттердің пікірін бірдей ескереді, онда айтыған барлық пікір маңызды болып табылады. Интерактивті әдісті қолданатын оқытушылардың айтуы бойынша, тек қана ақпарат беріліп, оны талқыға салмай бірден жаттығуға көшетін топтарда оқытушылардың сөзі студент есінде нашар сақталады. Сонымен қатар олардың ойынша мұндай жағдайларда балаларға көбіне құнды ресурстарды, яғни топтарының идеяларын пайдалануға мүмкіндік берілмейді. Зерттеулерге сүйенсек, «біз істеген нәрсеміздің 80 %-ын, оқығанымыздың 20%-ын, ал естігеніміздің 10 %-ын есте сақтайды екенбіз». Мұнда қазіргі демократиялық қоғамға қажетті белсенді араласу дағдыларының үлгілері мен дамуы талап етіледі. Интерактивті әдіс оқыту процесінде студенттерді бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға

және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс студенттерді жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді.

- Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегіне өткізеді.
- Студент өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.
- Студенттің жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.
- Топ студенттерімен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.
- Ойлауды белсендіреді.
- Ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді.
- Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Әрине мұндай тәсілді қолдануда кездесетін қиындықтар да жоқ емес. Себебі әр студенттің ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты меңгеруі бірдей жағдайда емес. Осыдан келіп студенттердің алдында шынайы және психологиялық қиындықтар туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазыбаева А.Б. Мектептегі шет тілі Республикалық әдістемелік журнал. – Алматы: Фрест, 2012. –11 бет
2. Артемов А. Модульно-рейтинговая система. Высшее образование в России. – Россия: 1999–12 стр
3. Ахметова Н.А. Сущность технологии модульного обучения. – Алматы:Творческая педагогика, 2001. – 50 б.
4. Әбішев Р. Модульдік оқыту технологиясы, Қазақ тарихы. – Алматы:Туран, 2006. – 142 бет. Резюме В статье говорит
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – Алматы: //Қазақстан мектебі,– 2006.–№4.– 20 б.
6. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – Алматы:Весна, 2004.– 41б.
7. Бөлекбаева Г. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – Алматы://Қазақстан мектебі, – 2008.–№4.– 41 б.
8. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы: Өркен, 2007.–19 б.
9. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. –13-68 беттер.
10. Узбаева М. Ұлттық тәрбие берудің педагогикалық-психологиялық мәселелерін шеше отырып білім берудің жаңа моделін құру // Қызықты психология,– 2011.– №4. – 2-5 б.
11. Қоянбаев А. Білім саласын реформалаудың негізгі шарттарының бірі» – Алматы: //Қазақстан мектебі – 2013. –№2. – 45 б.

12. Сәдуақасқызы, Г.Талқанбаева Тұлғалық-бағдарлық оқыту.-Алматы: //Мектептегі психология – 2010. –№1.–90 б.
13. //Мектептегі психология /журналы –2011. –№5.
14. //Қазақстан мектебі / журналы –2010.–№10.
15. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. –Алматы: Туран,2002– 80 б
16. Шамова Т.И., Малинин А.Н., Тюло Г.М. Инновационные процессы в школе как содержательно-организационная основа механизма ее развития. – Москва:Луна, 1993. –5 стр.

САХИТЖАНОВА З.О., НАХИПОВА. А. ВОПРОСЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

В статье рассматриваются вопросы использования инновационных методов обучения. Основное внимание уделено описанию интерактивных методов применительно к изучению в вузе иностранного языка. Интерактивные методы способствуют развитию личности и формированию общеобразовательных и творческих навыков студентов.

Ключевые слова: интерактивная технология, особенности применения, ролевые игры, методы, развитие.

SAKHITZHANOVA Z.O., NAKHIPOVA A.M. «ISSUES OF APPLICATION AN INTERACTIVE METHOD IN LEARNING FOREIGN LANGUAGE»

қауіпсіздік параметрлері, қолжетімділікті басқару, пароль қою тақырыптары, «Ақпараттық технологиялар» тарауында суретпен сипаттауларды, яғни иллюстрацияларды қалыптастыру, векторлық графиканы өңдеу редакторы, объектілерді импорттау және экспорттау, дайын кітапханалардағы графикалық объектілерді өңдеу, қисықтармен жұмыс, әсерлер, монтаждау және бейнелерді жақсарту, растрлық графика редакторы, сурет салу және бояу, фотомонтаж, фотосуреттерді өңдеу мен баспаға даярлау, коллаж, әсерлерді пайдалану, басылым жүйелерінің жіктелуі, электронды басылымдар, басылымның міндетті атрибуттары, рәсімдеу ережелері (буклет, кітапша, кітап, журнал, жарнамалық бет), редакциялаудың техникалық ережелері, терминология, беттің пішімі, мәтінді пішімдеу, қаріптермен жұмыс, құжат стилі, басылымды макеттеу (жобаны құру), мәтінді дайындау, иллюстрацияларды дайындау, қаріптерді таңдау, беттеу, макетті баспадан шығару тақырыптары игеріледі. Нәтижесінде жобалық іс-әрекеттерді орындайды.

Сондай-ақ оқу бағдарламасында оқушының дайындық деңгейіне талаптар қойылған. Оқушылардың пәндік нәтижелер, тұлғалық нәтижелер және жүйелі-әрекеттік нәтижелер деп аталатын үш бағыт бойынша дайындық деңгейі бағалануы қарастырылған.

Пәндік нәтижелердің өзі шәкірттің білуі тиіс және меңгеруі тиіс деп аталатын бағытпен қарастырылады.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқитын оқушылар 10-сыныптың соңында ақпараттық жүйелер мен қолданылатын ресурстар ұғымын, заман талабына сай жаңаша аппараттық және бағдарламалық қамтамасыздандыру ұғымын, әртүрлі құжаттарды сканерлеу технологиясын, сканерленген мәтіндерді тануға арналған бағдарламаларды, мәтіндік процессордың маңызды мүмкіндіктерін; анимацияны ұйымдастыру мен оларды құруға арналған графикалық орта негіздерін, түрлі нысандарды құруға арналған құрал-саймандар қабықшасының құрылымын, қабаттар және қойылыммен жұмыс істеу мүмкіндігін, анимация түрлерін, оның ішінде векторлық анимацияны қалыптастыру тәсілдерін; web-дизайн құрудағы негізгі қағидаларды, web-сайт моделін жобалау міндеттері мен кезеңдерін; оның сыртқы түрін өзгерту ережелерін, оқу жобасын құруға қойылатын талаптарды, оны қорғау мен бағалау процедурасын *білуі тиіс* болса, келесі мәселелерді: компьютердің қосымша перифериялық құрылғыларын орнату мен баптауды, құжатты мәтіндік редакторда құру, сақтау, өңдеу мен баспаға шығаруды, оны рәсімдеуде жаңа стильді қалыптастыруды; көшіруде қолданылатын алмасу буфері бар қызметтерді орындауды, беттерді нөмірлеу, тізімдер, сілтемелер, тақырып қою көмегімен мәтіннің құрылымын өзгертуді, орфография көмегімен мәтінді тексеру, оған кесте, сурет, бейне, диаграмма,

формула кірістіруді, макростарды құру мен құжатқа пароль қоюды, анимациялық және графикалық объектілер құру мен оны өңдеуді, градиент құру мен объектіні түрлендіруді, анимацияға дыбыстық сүйемелдеу жасауды, Web-сайт жобасын құру, әшекейлеу, түрлі иллюстрациялар мен анимациялар қосу, фотоальбом құруды, зерттеу тақырыбы бойынша тұжырым жасауды, өзбетінше шығармашылық жұмыстарын жоспарлауды; шағын топтар мен бірлестіктерде жұмыс істеуді; рефлексия жүргізуді, жобаны қорғауды *меңгеруі тиіс*.

Ал 11-сыныптың соңында оқушылар *білуі тиіс* мәселелер ақпараттық қауіпсіздік ұғымы мен оны қорғауға арналған ҚР заңын, нормативтік-құқықтық актілер мен ақпаратты қорғау мен авторлық құқық бойынша нормаларын, іс-шараларын, вирустік бағдарламалар мен вирусқа қарсы әрекет ұғымдары мен одан қорғану шараларын, компьютерлік графика түрлерін, графикалық редакторлардың интерфейсінің негізгі элементтерін, объектілерді импорттау және экспорттау жолдарын, қисықтар салу ерекшеліктерін, контурлар, маскалар, қабаттар түрлерін, кітап, журнал, жарнама беттерін рәсімдеу ережелері мен макет ұғымын, беттеудің негізгі ұғымдары және т.б. болса, *меңгеруі тиіс* мәселелер: кез келген мәтіндік процессорды, графикалық редакторды, баспа жүйелерін білімін жетілдіру мақсатында қолданса, операциялық жүйе мүмкіндіктерін ақпаратты қорғауда пайдалануы; вирусқа қарсы бағдарламаларды ақпаратты сақтандыру мен қорғау шараларын қолдануы; графикалық редакторларда файлдарды ашуды сақтауды, файл құрумен қатар қарапайым объектілермен жұмыс жасауды фотобейнелерді түзету мен өңдеу жүргізуді, кез келген баспа өнімдерін беттеуді, объектілер үзінділерін дұрыс орналастыра алуы керек деп көрсетілген.

Жоғарыда айтылғандай бағалау барысында оның екінші түрі оқушылардың жеке тұлғалық нәтижелері анықталуы тиіс. Олар келесі көрсеткішті анықтауы қажет: ақпараттың таралуының құқықтық-этикалық қырларын ескеріп, онымен жауапты қатынас жасай алуы, алған өмірлік тәжірибесін оқу мазмұнымен байланыстыра алуға қабілетті, АКТ технологиялары мен информатикада қоғам дамуына сай даярлықтарының мәнін түсінуге икемді, білім деңгейін жетілдіру барысында АКТ құралдарын қолдану дайындығының болуы, қарым-қатынас жасауда әртүрлі әлеуметтік жағдайларда бірлесу дағдысын дамыту, ситуациядан жанжалсыз шыға білуге, пайдаланушылардың ақпараттық нәтижелерін құрметтеуге, салауатты өмір салтын құруға және АКТ құралдарын пайдаланғанда қауіпсіздікті ұстануға дайын және икемді болуы.

Бағалаудың үшінші түрінің талабы оқушылар жүйелі-әрекеттік нәтижелер бойынша білімдері мен біліктіліктерін күнделік өмірде және

тәжірибеде қолдануы тиіс. Олар: еңбекті автоматтандыра білу, оқу үдерісінде ақпараттық білім қорларын тиімді пайдалану, бүкіләлемдік өрмек желісінде қолданылатын ақпараттық өнімдерді өңдеу, түрлендіру, өзгерту, қалыптастыру, берілетін ақпаратты мультимедиалық объектілер немесе мәтіндік құжаттар түріне түрлендіру, ақпараттық кеңістік құрып, оны тиімді жолмен ұйымдастыра білу, оқу және тәжірибелік есептерді компьютер мүмкіндігін қолданып шеше алу, автоматтандырылған ақпараттық жүйелерімен жұмыс істеу, ақпараттық объектілерді полиграфиялық басылым түрінде түрлендіру, яғни әшекейлей білу, телекоммуникациялық арналар бойынша ақпарат тарату барысында құқықтық және этикалық нормаларды сақтау.

Сонымен қоғамдық-гуманитарлық бағытты пайдаланатын мектептің бейінді сыныптарында информатиканы оқытудағы негізгі бағыты қоршаған орта туралы ақпаратты алу, іздеу, талдау, сыни тұрғысынан бағалау, ақпаратты таңдап алу, жіберу, объектілер мен үдерістерді жобалау, өз іс-әрекеттерін жоспарлау, жоспарларды құру, түзету және іске асыру болып отыр.

Web-сайт құру жолдары, компьютерлік графика, баспа жұмыстары, анимация ұйымдастыру бойынша сағаттар саны аз болғандықтан, біз оларды бейінді курстарда оқытуды ұсынамыз. Мысалы, компьютерлік графиканың теориялық негіздерін оқытумен қатар тәжірибеде қолданудың өзара байланысы негізінде сабақтастық пен бірізділік ұстанымдарын ескере отырып, оқушыларды тәжірибеде әртүрлі компьютерлік графика бағдарламаларын (MS Paint, Adobe Photoshop, Macromedia Flash, Corel Draw, 3ds Max) қолдана алуын қарастыру керек. Осыларды ескере отырып пәнаралық байланыс ретінде «Компьютерлік графика» бойынша бейінді курстарды және оларды кезеңдерге бөліп оқытуды қарастыруға болады. Егер сағат саны көп болса, онда оқушы осы курс барысында кем дегенде бір бағдарламамен толық жұмыс істей алатындай дәрежеге жетеді. Осы сияқты «Web-сайт құру жолдары», «Баспа жұмыстарын ұйымдастыру» секілді бейінді курстардан оқушы толық мағлұмат алып, онымен жұмыс істеу біліктілігі артатыны сөзсіз[2]. Сонымен қатар оқушыларды үлкен жетістіктерге жетелейтінін, өздеріне қажетті қосымша мағлұматтар алатындығын, оқытуда жетістіктерге жететіндегіне септігін тигізетіні анық.

Мектептегі бейіндік оқыту – оқушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарына, қабілеттілігіне, жеке тұлғалық тұрғыдан қарауды жүзеге асыруға бағытталған. Мұндағы оқыту үдерісінде білім мазмұны ерекшеленеді, оқыту әдістерінің, түрлерінің және формаларының басымдық рөлі, оқушылар мен мұғалімнің өзара байланыс стилі өзгереді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, бейімі мен қабілеттері толығымен есепке

алынып, білімдерін ары қарай жалғастыру мүмкіндіктеріне сәйкес оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік беретін оқытуды саралау мен даралау құралы болып табылады.

Қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдай ақпараттық кеңістікке бейімделу, шығармашылық ойлау, коммуникативтік дағдылы болу, шешім қабылдай білу және оларға жауапкершілікпен қарау секілді жалпы білім беретін мектептердің бітірушілеріне жаңа міндеттер қояды. Сондықтан болашақта оқытудың жаңа әдісін тауып, оны кең көлемде пайдалануды іске асыру қажет. Ал, біз қарастырып отырған информатика курсы келтірілген мазмұнда, ұсынылған формада жүргізу оқушылардың қызығушылығын, танымдық қабілеттерін арттырып, болашақта өз мамандықтарын дұрыс таңдауда кәсіби бағдар берген болар едік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарға арналған «Математика және информатика» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламалары. – Астана, 2013. – 62 б.

2. Адылбекова Э.Т. ЖОО-да және орта мектепте информатиканы оқытудың қазіргі жағдайы. «Бектаев оқулары – 1: Ақпараттандыру – қоғам дамуының болашағы» атты ХҒТК материалдары, 1-том,. –Шымкент, 2014. –41-43 б

ДАЙЫРБЕКОВ С.С., АДЫЛБЕКОВА Э.Т., БИМАНОВА Ж.К. СОДЕРЖАНИЕ ОБУЧЕНИЯ ИНФОРМАТИКЕ В СРЕДНИХ ШКОЛАХ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.

В статье рассмотрено содержательное и методическое обеспечение уроков информатики в средних и общественно-гуманитарных школах. Авторы определяют актуальные проблемы преподавания информатики на современном этапе и намечают рациональные пути их решения. В связи с профильным обучением предлагается введение элективных курсов «Компьютерная графика», «Создание Web-сайта», «Организация типографических работ».

Ключевые слова: Информатика, обучение, профильное обучение, инструменты ИКТ, общественно-гуманитарное направление, средняя школа.

DAIRBEKOV S.S., ADYLBEKOVA E.T., BIMANOVA ZH. K.A TABLE OF CONTENTS OF TEACHING SCIENCE IN SECONDARY SCHOOLS IN MODERN CONDITIONS.

The article describes the content of the current state, problems encountered and solutions for teaching science in middle and socio-humanitarian schools. In connection with the introduction of specialized training offered elective courses «Computer graphics», «Creating a Web-Site», «Organization of typographic works.»

Keywords: Informatics, educating, profile educating, instruments ИКТ, publicly-humanitarian direction, high school.

ӘОЖ 633.1:581.43

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК АЙМАҒЫНДА КҮЗДІК БИДАЙДЫҢ СОРТТАРЫНА АҚ ҰНТАҚ АУРУЫНЫҢ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

САРСЕМБАЕВА М.У., ӨЗІБЕК А.Ғ.

*Мақалада күздік бидайдың сорттарының түсімділігіне ақ ұнтақ *Erysiphe graminis f.sp.tritici* ауруының тигізетін әсерін зерттедік. Красноводопадская 12-ауруға еңтөзімді сорт екенін анықтадық.*

Кілт сөздер: күздік бидай, ақ ұнтақ ауруы, төзімділік, саңырауқұлақтар, аурудың дамуы, зияндылығы.

Қазақстанның оңтүстік аймағында күздік бидайдың пайдалануға ұсынылған және ақ ұнтақ ауруының келешегі бар сорттарының түсімділігіне тигізетін әсерін анықтаудың практикалық маңызы зор. Өйткені бидай Қазақстан Республикасы үшін негізгі дәнді дақыл. Осы негізгі азықтық дақылдан мол өнім жинау еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің маңызды стратегиялық міндеті болып табылады.

Қазақстан аймақтары көбінесе ылғалдылық жетіспеушілігімен далалық және жартылай шөлейт құрғақ аудандар болып табылады. Осыған байланысты күздік бидай мен басқа ауыл шаруашылығы дақылдарының ауруға төзімділіктерін зерттеу Қазақстанда өзекті мәселе. Қазақстанның оңтүстік аймағының тәлімі жерлерінде өндірілетін негізгі азықтық дақыл күздік бидайдан тұрақты және жоғарғы өнім алу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін заманалық технологиялар, ғылыми негізделген ауыспалы егістіктер енгізіп, өсімдік қорғауда тиімді агротехникалық, химиялық шаралар қолданып, жоғары сапалы сорттар мен будандарды пайдаланып қана айтарлықтай нәтижеге жетуге болады.

Бидай дақылының құндылығы оның өнімінен пісірілетін нанның және басқа тағамдардың дәмдік сапасының, адам ағзасына сіңімділігінің жоғары болуында. Бидайдың құрамында 14 - 16 % ақуыз, 63,8% азотсыз экстракттік заттар (негізінен крахмал), 2,0% майлар, 1,8% күл, 2,0% клетчатка және 13,6% су бар [1,2].

Қазіргі уақытта бидайдан жоғары және сапалы өнім алу технологиясы бойынша ауқымды ғылыми-зерттеу материалдары мен озық өндірістік тәжірибе жинақталды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап, республикадағы ғылыми-зерттеу мекемелері көптеген шетелдік орталықтарымен ынтымақтастықта жұмыс істеп, еліміздің ауыл шаруашылығы дақылдарының әлемдік коллекциясын жаңа сорттар шығару үшін бастапқы

материал ретінде селекцияда пайдалануға, теңдесі жоқ сорттар мен будандарды өндіріске еш кедергісіз енгізуге мүмкіншілік алды.

Жұмыстың негізгі мақсаты: Қазақстанның оңтүстік аймағында күздік бидайдың пайдалануға ұсынылған және келешегі бар сорттарының түсімділігіне ақ ұнтақ ауруының тигізетін әсерін анықтау.

Ұнтақты шық тәріздес ауру. *Erysiphe graminis f.sp.tritici*.
Белгілері: Аурудың алғашқы белгісі ақ сұр болып торланған жұқа қабат болып көрінеді, ол жапырақтың бетіне орналасады, конидийден және саңырауқұлақ мицелиінен тұрады. Өсімдіктің ауру жұқтырған ұлпалары хлор тәрізденіп тұрады, бірнеше күннен соң өліп қалады. Вегетация аяқталған кезден мицелияда шар тәріздес тұқымдық дене пайда болады (клеистотеций) оны тек үлкейткіш шыны арқылы көруге болады.

Арудың дамуы: Бұл ауру қоңыржай температурада (+15-22°C) бұлтты күндерде және ауаның ылғалдылығы жоғары болғанда (75-100%) жақсы дамиды.

Таратушы өсімдіктер мен таралуы: Бұл саңырауқұлақтың түрі бір бағытта бейімделген: бидайлық түрі тек қана бидайды зақымдайды. Саңырауқұлақтың сұлыны, арпаны зақымдайтын түрлері де болады. Белгілі бір сорттарды ауыртатын түрлері болады. Дәнді дақылдарды егетін қоңыржай климатты жерлерде өседі.

Зияндылығы: Өсімдіктің өсуінің ерте фазасында болса едәуір шығын келтіреді [2,4].

Өсімдіктердің көптеген аурулары оларға бөгде организмдердің патогенді немесе ауру туғызатын бактериялардың, саңырауқұлақтардың, вирустардың әсер етуінен пайда болады. Бұл патогенді микроорганизмдер өсімдікпен жанасып әрекеттеседі, оның организміне еніп, немесе оның сырт бетінде өсіп-дамиды және тіршілік әрекеттерімен өсімдіктегі физиологиялық процестерді бұзады, яғни өсімдікті ауруға шалдықтырады.

Сонымен індетті аурудың негізгі ерекшелігі міндетті түрде ауру туғызуы, өсімдіктің сыртқы бетінде, немесе ішінде (ұлпаларында) дамиды, одан өзінің тіршілік әрекеттеріне қажет қоректік заттарды алуды, микроорганизмнің немесе басқа паразиттің (арамтамақтың) болуында. Бұндай аурулардың екінші ерекшелігіне, олардың басқа сау өсімдіктерге, немесе жеке органдарға тікелей жанасу жел, адам, хайуанаттар, сондай-ақ, індеттенген өсімдік қалдықтары арқылы тез таралатындығын жатқызуға болады.

Микроорганизмдерге байланысты пайда болатын аурулардан басқа біраз жоғары сатыдағы өсімдіктерге (гүлді паразиттер) және хайуанаттарға (нематодтар), насекомдарға байланысты ауруларды ажырата білген жөн. *Паразиттік тіршілік* ететін өсімдіктерге сұмқұла және арамшырмауықты

жатқызуға болады. Сұмқұла хлорофилсіз шөптесін өсімдік туысы. Қазақстан жерінде оның 23 түрі өседі. Басқа өсімдіктердің тамыры арқылы қоректеніп, өніп-өсетін аса қауіпті арам шөп. Арам шырмауық, жоңышқа, беде, түйежоңышқа, сиыр жоңышқа, кендір, темекі егісінде өсіп, оларды зақымдайды. Қазақстанда бұлардың 19 түрі өседі [2,5,6].

Барлық өсімдіктер қоректену тәсіліне байланысты автотрофты және гетеротрофты болып бөлінеді:

Автотрофтылар – өздігінен аорганикалық заттардан фотосинтез процесінде (жасыл өсімдіктер), немесе хемосинтезге байланысты (бактериялар) органикалық заттар түзетін өсімдіктер.

Гетеротрофтылар өздерінен, дербес тіршілік ете алмайтын, тек дайын органикалық заттармен қоректенетін организмдер. Оларға саңырауқұлақтардың барлығы, бактериялардың басым көпшілігі, актиномицеттер және басқа түссіз өсімдіктер жатады.

Дайын органикалық қоректік заттарды пайдалану тәсілдеріне байланысты гетеротрофтар - сапрофиттер және паразиттер (тоғышар) болып бөлінеді. *Сапрофиттер* өлі организм қалдықтарымен (топырақ саңырауқұлақтары, бактериялар), ауыл шаруашылық өнімдерімен (зең саңылауқұлақтары, сапрофитті бактериялар), қоректенеді. *Паразиттер* - барлық тіршілік өмірін немесе белгілі кезеңін (сатысын) басқа өсімдік организмнің үстінде (бетінде) өткізеді немесе денесінің ішіне енеді де, тірі клеткалардың, ұлпалардың құрамындағы органикалық заттармен қоректенеді.

Патогендер факультативті сапрофиттер, *облигатты* және *факультативті паразиттер* болып бөлінеді.

Облигатты, немесе *шүбәсіз паразиттер*, өздерінің тіршілік әрекеттеріне қажетті қоректік заттарды өзі тіршілік ететін организмнен алып, өсімдік опат болғанда сонымен бірге тіршілігін жояды.

Факультативті (бейімделгіш) сапрофиттер – жартылай паразиттер – тіршіліктің бір бөлігін ғана тірі өсімдік ағзасында өткізеді. Егер өсімдік (қожасы) болмаса, онда тіршілігінің басқа сатыларында өздігінен өсімдіктердің қалдықтарындағы органикалық заттармен қоректеніп, дербес тіршілік етеді.

Факультативті паразиттер, немесе жартылай сапрофиттер өздігінен қалыпты сапрофиттік тіршілік ете алады. Бірақ, жеке дамуының белгілі бір кезеңінде өсімдік ұлпаларына ауысып, сол арқылы қоректеніп, тіршілігін жалғастырады.

Ең соңында, саңырауқұлақтардың бір тобы тек өлі өсімдік және басқа да органикалық қалдықтармен ғана қоректеніп, тіршілік етеді, паразит ретінде кездеспейді. Бұлар шүбәсіз (облигатты) сапрофиттер деп аталады. Олардың біразы топырақтағы патогенді микроорганизмдердің тіршілік

әрекеттеріне қолайсыз әсер етеді және антибиотикті дәрілік заттар алуға пайдаланылады.

Паразиттердің біразы өсімдіктердің тек белгілі түрлерінде ғана тіршілік етіп, басқа түрлерге ұрынбайды. Ондай паразиттер *монофагалар* деп аталады. Мысалы, сабақ қастауыш ауруын туғызатын *Urocystis occulta* тек қара бидайға ғана бейімделген. Факультативті сапрофиттер немесе факультативті паразиттер белгілі өсімдіктерді таңдамай әр түрлерге, туыстастарға, тұқымдастарға жататын өсімдіктер ағзасында тіршілік ете береді. Олар *полифагалар* деп аталады. Мысалы, *Botrytis cinerea* кез келген шөптесін өсімдікте өсіп-дамып, сұр шірік ауруын туғызады.

Паразиттердің белгілі бір түрлерге мамандануымен қатар өсімдіктің белгілі органдарына да маманданатындары, бейімделетіндері болады. Біреулері өсімдік тамырларында, басқалары сабағында, үшіншілері жапырақтарда, жұмсақ жемістерде өсіп-жетіледі. Қастауыш ауруын туғызатын *Claviceps purpurea* тек дәнді дақылдарының гүл шоғырларында өмір кешеді.

Өсімдіктерде ауру қоздырғыш организмдердің паразиттік қасиеттері өне бойы бір қалыпты болмай, тіршілік жағдайларына байланысты өзгеріп тұрады. Паразитизмнің алға қарай дамуы –сапрофиттіктен облигаттылыққа, одан паразиттік бағытқа жүзеге асуы.

Жоғары сатыдағы өсімдіктер арқылы ғана тіршілік ететін организмдердің паразиттік өмірге бейімделушілік белгілерінің біртіндеп дамуына байланысты, өсімдіктердің оған қарсы қорғаныштық белгілерінің жетіліп дамуы қажет болады. Осыған байланысты гетерофтылардың дамуы, автотрофты организмдердің де қорғанушылық қасиеттері күрделеніп, бейімделушілік, қарсы тойтарыс берушілік қасиеттерінің күшеюіне ықпалын тигізеді.

Көпшілік жағдайда індеттенген өсімдіктердің тыныс алуы жоғарылайды. Бұл өзгеріс індетке шалдыққан ұлпада синтездік процестердің жеделдеуіне байланысты болуы мүмкін деп түсіндіріледі. Кейінірек, ұлпаға індетті микроорганизм толық жайғасқан соң, тыныс алу бәсеңдейді де, тоқтап қалады. Тыныс алудың жеделдеуі, негізінен, өсімдік ұлпасында ғана байқалады. Дегенмен, тыныс алудың көтерілуі індет қоздырушы (патоген) организмнің зат алмасу өнімдеріне, соның ішінде улы заттарына байланысты болуы мүмкін.

Кейбір тәжірибелердің нәтижелеріне сәйкес *тат ауруы* мен *ақ ұнтақ ауруын* туғызатын саңырауқұлақтардың әсерінен өсімдік ұлпаларында тыныс алудың гексозомонофосфаттық жолының үлесі жоғарылайтындығы байқалған. Қалыпты жағдайда тыныс алудың бұл жолы қосымша, бағынышты орын алатындығы белгілі.

Вирустың әсерінен темекі жапырақтарында *некроз* (ұлпаның жансыздануы) ауруы пайда болғанда тыныс алудың жоғарылауы гликолиздік және пентозофосфаттық циклге байланыстылығы байқалады. Бірақ, саңырауқұлақтың әсерінен сондай ауру пайда болған жағдайда, ұлпадағы тыныс алудың жоғарылауымен қатар пентозофосфаттық цикл ферменттерінің де ырықтығы жоғарылайтындығы байқалады.

Демек, патогенді ауруларға төзімді өсімдіктерде тыныс алу қарқындылығының күшеюі пентозофосфаттық циклге көбірек байланысты деуге болады. Бұның өзі патогенді микроорганизмдердің әсерінен өсімдіктегі тыныс алу процестеріне қатысатын ферменттік жүйелер де өзгерістерге ұшырайды деуге мүмкіндік береді.

Бидай өсімдігімен жүргізілген бір тәжірибеде *Erysiphe graminis* пен індеттелген жапырақтың фотосинтез қарқындылығы, сау жапыраққа қарағанда, 10 есе төмендегенін байқады. Бұның себебі, фотосинтезге ықпал ететін басқа өзгерістермен қатар хлорофилл мөлшерінің азаюына байланысты деп ұйғарылды. Негізінен, облигатты паразиттердің әсерінен кейбір аурулардың нәтижесінде жапырақтың зақымдалған бөлігінің айналасында «жасыл аралшықтар» пайда болады да, жапырақтың басқа бөліктері түссізденеді. Сондай аралшықтарда фотосинтез қарқындылығы төмендейді. Бұл жағдай патогендік микроорганизмдерден бөлінетін кейбір жеделдеткіш заттардың (ауксин, кинин) әсеріне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, «жасыл аралшықтарда» зат алмасу өнімдері (көмірсулар, амин қышқылдар және белоктар) көбірек жиналады.

Өсімдіктердің патогенді микроорганизмдерге төзімділігі ұлпалардағы қосындылардың – белоктардың, ферменттердің мөлшеріне, арақатынастарына, ырықтығына, т.б. тығыз байланысты. Көптеген зерттеушілер патогендерге төзімсіз өсімдіктерде індеттенген соң, негізінен тат саңырауқұлақтарының әсерінен азотты қосындылардың мөлшері көбейетіндігін байқадық [7,8].

Қоректену жолдары әртүрлі патогендердің індеттенген өсімдік ұлпаларындағы белоктардың синтезделу процесіне әсерлерін салыстырып зерттегенде түрліше нәтижелер алынды. Факультативті паразит *Bothrytis cinerea* әсерінен төзімді сорттарда барлық процестер қарқынды жүреді. Ал облигатты паразиттердің әсерінен төзімді өсімдіктерде белок синтезделу процесі қарқынды жүреді де, төзімсіздерде төмендейді.

Саңырауқұлақтар басқа өсімдіктерден өздеріндегі хлорофиллдің тотығымен ерекшеленеді және сондықтан фотосинтез процесі жүрмейді. Оның орнына олар өздерінің қорегі үшін қоректік заттарды тірі немесе өлі ұлпалардан, өсімдік иесінен сорып алады.

Саңырауқұлақтар әртүрлі жолмен таралады: тұқымен бірге немесе топырақ арқылы, желмен, сумен (жауынмен, суғармалысумен) жәндіктермен, жануарлармен немесе адамдар арқылы тарайды. Саңырауқұлақ патогендерін жұқтырудың бірнеше жолдары бар: өсімдік иесінің беткі жағындағы судың әсері, өсімдіктің оны қабылдауы, инокулюм тығыздығы, ауа температурасы, тағы да басқа сыртқы факторларға байланысты болады. Егер бір саңырауқұлақ бір ғана өсімдіктің түріне жұқтыруы мүмкін. Аурудың асқину және белгілері өсімдік иесінің және паразиттің бір-біріне әсерінен болады. Аурулардың белгілері ұқсас болуы немесе өзгешелеу болуы да мүмкін, олар саңырауқұлақтардың ұқсастығына байланысты болады, сондықтан саңырауқұлақтардың ұқсастығы олардың морфологиясына да байланысты. Берілген мәліметтерге қарағанда бұл буклет саңырауқұлақ аурулары жұмсақ, қатты бидайларда және тритикаледе кездеседі [9,10].

Бидай өнімінің түсім көлеміне ерекше әсер ететін факторлардың бірі биотикалық фактор мен ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері мен ауру қоздырғышы болып табылады. Бидай көптеген аурулармен ауырады, соның салдарынан оның өнімділігі азайып сапалық құндылығы төмендейді. Бидай түсімінің төмен болуының басты себептерінің бірі, оның ақ ұнтақ ауруына шалдығуынан. Біздің ғылыми жаңалығымыз – зерттеуіміздің нәтижесінде анықталған ауруларға төзімді күздік бидайдың сорт үлгілерін (Красновопадская 12) селекционерлерге ұсынамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалекенұлы Ж. Өсімдіктер физиологиясы /Ж.Қалекенұлы. –Алматы:, 2004 –104б.
2. Кенесарина Н. Өсімдіктер физиологиясы және биохимия негіздері / Н.Кенесарина – Алматы: Мектеп, 1988 – 215б.
3. Сағатов К. Өсімдіктер физиологиясы / К.Сағатов – Алматы: 2002 – 35 б.
4. Қылышбаева Г.Б. Өсімдіктер физиологиясының практикумы / Г.Б.Қылышбаева – Шымкент, 2004 – 20 б.
5. Рейвн П. Современная ботаника / Р.Эверт, Э.Айкхорн. М., 1971. – Т.2 –521 б.
6. Генкель П. А. Физиология устойчивости растительных организмов / П.А.Генкель - В кн.: Физиология сельскохозяйственных растений, т. 3. Изд-во МГУ, 1997 – 87-269с.
7. Куришбаев А.К. Основные направления зернового производства Республике Казахстан. – Развитие идей почвозащитного земледелия в новых социальноэкономических условиях.// – Астана. – Шортанды, 2001. – С. 28-38.
8. Джиембаев Ж.Т. Корневая гниль зерновых культур / Ж.Т. Джиембаев - Алма - Ата: Кайнар, 1971. –54 с.
9. Койшибаев М. Вредоносность корневой гнили зерновых культур на юго-востоке Казахстана. –Защита полевых культур, пастбищ и сенокосов от вредителей,

болезней и сорняков. – Алма - Ата: ВО ВАСХНИЛ, 1981. – С.9-17.

10. Койшибаев М., Кельдибеков М.И. Роль агротехнических приемов в ограничении развития болезней пшеницы. – Защита сельскохозяйственных культур при интенсивных технологиях их возделывания. – Алма - Ата: ВО ВАСХНИЛ. – 1988. – С. 57-78.

SARSEMBAEVA M.U., OZIBEK A.G. ИЗУЧЕНИЕ ВЛИЯНИЯ МУЧНИСТОЙ РОСЫ НА РАЗЛИЧНЫЕ СОРТА ОЗИМОЙ ПШЕНИЦЫ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

*В статье дается характеристика устойчивости различных сортов озимой пшеницы к заболеваниям, возбудителем которых является *Erysiphe graminis f.sp.tritici*. Определен и описан наиболее устойчивый сорт озимой пшеницы – Красноводопадская 12.*

Ключевые слова: озимая пшеница, заболевание, мучнистая роса, устойчивость, грибы, развитие болезни, вред.

SARSEMBAEVA M.U., OZIBEK A.G. STUDYING THE IMPACT OF MILDEW ON THE DIFFERENT VARIETIES OF WINTER WHEAT IN SOUTH KAZAKHSTAN REGION.

*The article discusses the resistance of different winter wheat varieties to diseases, pathogens which is *Erysiphe graminis f.sp.tritici*.*

Keywords: winter wheat, the disease powdery mildew, stability, mushrooms, the development of the disease, harm.

ӘОЖ 371.134

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИК МҰҒАЛІМДЕРДІ БЕЙІНДІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ

САРСЕНБИЕВА Н.Ф., РАМАНКУЛОВ А.

Қазақстанда бейіндік оқыту жүйесін дамытудың өзектілігі көптеген факторлармен байланысты, оның ішінде мектептердің 12 жылдық моделіне өтуі, еңбек нарығының талаптарына сай мектеп түлектерін дайындау. Бейіндік оқыту жүйесіне болашақ информатик мұғалімдерді кәсіби даярлаудың өзектілігі айтылған.

Кілт сөздер: ақпараттық-компьютерлік модель, бейіндік оқыту, информатика, болашақ мұғалім.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта қарауды талап етуде. Бұл үдеріс білімнің жана аймақтарына енудің қажеттілігі мен оны жеке тұлғаның толық көлемде меңгеруінің қиыншылықтары арасындағы қарама-қайшылықтары ретінде

белең алып отыр. Осыған орай, бүгінгі ғаламдық білім беру кеңістігіне сай білім беру, танымды, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу – көкейкесті мәселе болып табылады. Тек жоғары білімді маман ғана қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өркендеуінің көшбасшысы бола алады.

Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Ақпараттық проблеманың пайда болуы, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты және бұл проблемаларды техникалық құралдармен де, жеке адамның, топтасқан қауымның қоршаған ортаға көзқарасын, қатынасын қайта бағдарлау жолымен де шешуге болады. Осы тұрғыда болашақ мұғалімдердің ақпараттық ой-өрісін, мәдениетін дамыту және олардың ақпараттық технологияларды меңгерумен қатар оларды жасау іскерлігін, дағдыларын қалыптастыру проблемасының көкейкестілігі күннен-күнге арта түсуде.

Маманның кәсіби іскерлігін қалыптастыру проблемасы да ғалымдардың зерттеу объектісінен тыс қалмады. Оны ғылыми-теориялық тұрғыда О.А.Абдуллина, В.А.Беликов, Г.Д.Бухарова, М.М.Левина, К.С.Оспанов, К.Өстеміров, Н.Н.Хан және т.б. ғалымдар негіздеді.

Әртүрлі бағыттағы информатика курстарын жоғары оқуорындарында оқыту әдістемелері М.П.Лапчиктің, А.А.Абдукадыровтың, Е.Ы.Бидайбековтың, С.А.Азаматовтың, Қ.А.Камардиновтың, Б.Бөрібаевтың, Қ.С.Әбдиевтің, К.М.Каримовтың, ал оқыту технологияларының жүктемесі мен пайдалану жолдары А.В.Солововтың, А.Я.Савельевтің, О.П.Околеловтың, Г.Д.Жангисинаның, Ш.М.Каланованың еңбектерінде баяндалған.

Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі саласында бірқатар еңбектер жарық көрді. Белгілі ғалымдар Е.Ы.Бидайбеков – университеттерде информатикамен ұштасқан профиль мамандарын информатикаға оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіруді қарастырса, С.Қариев жалпы білім беретін орта мектептерде информатиканы оқытуды жетілдіру мәселелеріне көптеп көңіл бөлген. Ал Б.Бекзатов мектептер мен университеттерде информатика мен экономиканы біріктіріп оқыту жүйесін зерттеуге арнаған. Сонымен қатар

В.В.Гриншкун мәліметтердің иерархиялық құрылымдары негізінде компьютерлендірілген оқытуды ұйымдастыру жан-жақты зерттеген.

Көптеген ғалымдар компьютерлік оқыту мәселесіне ерекше мән беріп келеді. Мысалы, Ж.А.Қараев оқытудың компьютерлік технологияларын пайдалану жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, А.Ә.Шәріпбаев компьютерлердің бағдарламалық және ақпараттық құралдарының дұрыстығын дәлелдеу, С.М.Кеңесбаев болашақ мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білу мәселелерін, М.Ф.Баймұхамедов компьютерлік оқытудың бейімделген технологиясын құрастырудың модельдерін, әдістері мен құралдарын жасау мәселелерін Ж.Ж.Жаңабаев ақпараттық технологиялардың даму жағдайында мамандарды инженерлік-сызба дайындықтарын жетілдіру туралы қарастырған.

Жоғарыда аталған жұмыстар, елімізде информатиканы және информатикалық пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесі бойынша ғылыми ізденістер негізін қалауға мүмкіндік береді.

Сондықтан жоғары мектеп педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, іскер және құзыретті маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Оқу үдерісін белсенділендіру – берік те тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оқу үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыру және т.б. [1].

Қазақстан Республикасының мектептері 10-сыныптарда бейіндеп оқытуды қолға алды. Мұндай оқытудың мақсаты – жоғарғы сынып оқушысының кәсіптік қызығушылығын және білім алуды таңдаған келешектегі мамандығын әрі қарай жалғастыруға жағдай жасап отыр.

Бейіндік оқыту дегеніміз оқушылардың қызығушылығын толық ескеріп, мектептің жоғарғы сатысында кәсіптік білім беру мекемелері мен сабақтастығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісін саралау мен даралау құралы болып табылады.

Бейіндік оқытудың басты мақсаты –12 жылдық мектептерге оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға арналған құзыреттілігін қалыптастыру және іс жүзінде кәсіби қызметінің бағытын саналы түрде жетілдіруге қажетті ресурстармен қамтамасыз ету.

Бейіндік оқуға өтудің міндеттері:

- еңбектің рөлі мен кәсіптік әлемге біртіндеп енудің қажеттіліктерін есепке ала отырып, жалпы орта білім беруді әлеуметтік-экономикалық тиімділікпен қамтамасыз ету;

- Бейіндік оқытудың белгілі бағытын таңдаған оқушыларға жалпы білім берудің жеке пәндерін тереңдетіп оқуға жағдай жасау;

- Мектептің ұйымдастыру процесінде вариативтік пен тұлғалық бағдарды қамтамасыз ету және оқушылардың білім іс-әрекетінде мотивациялық деңгейін жоғарылату;

- Өзгермелі жағдайда икемді оқу бағдарламаларын әзірлеу мен оқушылардың ішкі бейіндік курсты таңдауына қолайлы жағдай жасау;

- Білім мазмұнының жаңаруы мен оның іс-әрекет компоненттерінің күшейуінің негізін есепке ала отырып, оқу процесіндегі практикалық бағытты дамыту;

- Жалпы және кәсіби білімді байланыстырып, оқушылардың әлеуметтік қабілеттілігін арттыру және болашақта кәсіби мамандыққа дайындау.

Бейіндік оқудың негізгі бағыттары:

-бейіндік оқудың ұйымдастыру формасы белгілі бағыттағы білім саласын жоғары деңгейлі оқу пәндерімен қамтамасыз етуі.

-бейіндік оқудың таңдау бағыты мектепке оқушы сұранысы, ата-ананың пікіріне сәйкес анықталады.

Қазіргі таңда егеменді Қазақстанның дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үрдісінде оқу-тәрбие үдеріс ізгілендіру бағытына байланысты мұғалімдердің кәсіби дайындығына деген талап арта түсуде. Ғылыми салада білімді технологияландыру жөніндегі зерттеулер пайда болып, кәсіби дайындықтың мазмұндық және жеке аспектілерімен қатар оның технологиялық аспектілеріне де қызығушылық даму үстінде. Соның ішінде оқытудың қазіргі педагогикалық технологияларының алатын орны ерекшелігін айта отырып, ынтымақтастық технологиясын іс тәжірибеде қолданудың маңызы зор екендігіне тоқталған жөн [2].

Заманауи ақпараттық жүйелерді қолдану дағдылары және олардың көмегімен кәсіби практикалық есептерді шешу іскерліктері мен практикалық маңызды есептерді ЭЕМ көмегімен шешу нәтижелерін сауатты интерпретациялау іскерлігі және оның нәтижелерін кәсіби практикалық іс-әрекеттерде қолдану дағдыларын болашақ мұғалімнің бойына қалыптастыру басты назарда болады.

Бұл талаптардың осы көлемде жүзеге асырылуы болашақ мұғалімдердің ақпараттық-компьютерлік модельдеу бойынша сауаттылығының жоғары деңгейде қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда болашақ информатик мұғалімдерді бейіндік оқыту жүйесіне кәсіби даярлауда ақпараттық-компьютерлік модельдеуді пайдаланудың өзіндік маңызы бар. Ол үшін болашақ мұғалімдер де ең алдымен практикалық іс-әрекет барысында пайда болатын мәселелерді формальды сипаттау дағдыларын, яғни ақпараттық-компьютерлік модельдеу әдістері туралы кәсіби білім, білікжәне дағдылар жүйесін қалыптастыру қажет етіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі. Афтореферат. Түркістан,2008.

2. Сарсенбиева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш. Ақпараттық-компьютерлік модельдеу негізінде арнайы пәндерді оқыту мәселелері. ХҒТК «Қазақстан – 2050 стратегиясы жоғары оқу орындарында педагог кадрларды кәсіби даярлауды қалыптастыру концепциясының негізі». ОҚМПИ, – Шымкент, 2014.

SARSENBIYEVA N.F., RAMANKULOV A. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ-ИНФОРМАТИКОВ В СИСТЕМЕ ПРОФИЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

В статье рассматривается актуальность развития системы профильного обучения в Казахстане, которая обусловлена целым рядом факторов, в том числе – переходом школы на 12-летнюю модель образования, требованиями рынка труда к подготовке выпускников школ, а также поиском рациональных путей профессионального становления будущих учителей-информатиков в системе профильного обучения.

***Ключевые слова:** информационно-компьютерная модель, профильное обучение, информатика, будущий учитель.*

SARSENBIYEVA N.F., RAMANKULOV A. TRAINING TEACHERS INFORMATICS IN SYSTEM OF SPECIAL EDUCATION.

Actuality of development of the profile departmental teaching in Kazakhstan is conditioned by unit by the row of factors, including passing of school to the 12-years old model of education, by the requirements of labour market to preparation.

Of graduating students of school, as well as the training of future teachers in the system of school education.

***Keywords:** informatively-computer model, profile educating, informatics, future teacher.*

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

ӘОЖ 94 (574)

**1970-1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ БІЛІМ БЕРУ
САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

БЕГДАУЛЕТОВА Қ.Д., МУЛДАШЕВА А.М.

Мақалада 1970-1990 жылдары тіл мәселесінің ауыр жағдайында қолға алынған бірқатар шаралардың барысы қарастырылған. Әсіресе, білім беру саласындағы тіл мәселесіне қатысты шаралар 90-шы жылдардан бастап қана оң бағытта жүргендігі нақты дәлелді деректермен берілген.

Кілт сөздер: тіл мәселесі, қазақ мектебі, ұлттық мектеп, кәсіптік-техникалық училище, оқу жүйесі, рухани қайырышылық.

Бүгінде республикада ұлттық тәлім-тәрбие, мемлекеттік тілде оқыту, білім беру аса маңызды іс ретінде жолға қойылуда.

1970-1990 жылдары тіл мәселесінің білім беру саласындағы халі мүшкіл еді. Тіпті, басқа қалаларды былай қойғанда ел астанасында оны сөз ету қиынның қиыны болатын.

Қазақстан халыққа білім беру министрлігі ұзақ уақыт бойы қазақ мектептерінің санын, әсіресе, бастауыш мектептерді қысқартумен отырды. Ол ұлттық тілден айыруды әріден ойлағандық болатын.

Ана тіліміздің басына бұлт үйірілген тұстарда қазақ зиялылары арасында өз пікірлерін ашық айта алғандар көп болған жоқ.

1969 жылы 11 ақпанда Абай атындағы ҚазПИ-дің Ғылыми кеңесінде жазушы-академик Сәбит Мұқанов сол кездегі Қазақстан Білім беру министрлігінің бірінші орынбасары А.В. Щербаковтің «Оқушыларға интернационалдық тәрбие берудің ғылыми педагогикалық негіздерінің кейбір мәселелері» атты диссертациясының қорғауында сөз сөйлеп (кездейсоқ) ғылыми жұмыстағы диссертанттың «орысша неғұрлым толық, білімді, және неғұрлым дұрыс интернационалдық тәрбиені қазақ балалары аралас мектептерден ала алатындығы», «кез-келген көп ұлтты мемлекет жағдайында барлық ұлттарға түсінікті болатын тілге деген қажеттіліктен қашып құтылу мүмкін емес», «бұл халық революцияға дейін рухани қайырышылықты да бастан кешті» деген тұжырымдарының мүлдем теріс екендігін, ал диссертацияның жасырын мән-мазмұны, түптеп келгенде қазақ мектептерін жою, – деп ашына айтады [1].

Дегенмен жүйе өз дегенін жүзеге асырды. Тек бұл бағыттағы негізгі шаралар 90-шы жылдардан бастап қана оң бағытта жүрді. Осы жылдары «Тілдер туралы» Заңға сәйкес қалада қосымша 10 қазақ мектебі 10 аралас орыс-қазақ мектептері және 6 орыс-ұйғыр мектептері ашылып, 108 мектепке дейінгі мекемелерде ана тілінде тәрбиелейтін топтар ашылды. Қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында ұлттық мектептердің жұмысын жандандыруға көмек ретінде 13 әдістемелік бөлме ашылып, жұмыс жүргізе бастайды [2].

Дегенмен, тіл мәселесіне қатысты шаралар баяу жүргенін байқаймыз. Қаладағы 19 мектепте қазақ тілі мүлдем жүрмей, 74 оқушы қазақ тілін жетілдірілмеген бағдарламалар бойынша үйренген. Қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру институты қазақ тілі мамандарының білім сапасын көтеруге аз көңіл бөлген. Қазақ тілін оқыту үшін қала бойынша 40 мектепте ғана жабдықталған кабинеттер болған. Бұл барлық мектептің тек 31 %-ы.

Осындай бірқатар кемшіліктерді түзеу мақсатында 1987 жылдың 20-22 мамырында ҚКП Алматы қалалық бюросы мен Халық депутаттары атқару кеңесінің №5 392-13/290 қаулысына сай бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Әуезов ауданындағы 16 мектепте, мектепке дейінгі 31 мекемеде қазақ тілінде оқыту қолға алынды. 1989 жылы 1-8 класс оқушыларына қазақ тілін оқыту қаладағы барлық мектепте және 6 интернатта жүргізілді. 1988/89 оқу жылында қосымша қазақ тілі мамандығы бойынша мектептерге жіберілген 54 мұғалімнің 32-нің жоғары білімі болды және 165 маман білімдерін жетілдірді.

Жалпы бұл жылдары қазақ тілі мамандығы бойынша жоғары білімділер тек 26% ғана. Орыс мектептеріндегі 320 мұғалімнің 71%-ның арнаулы білімі болмаған. Мамандардың аса қажет болуына орай 1989 жылы Қалалық халыққа білім беру бөлімі Білім министрлігіне қаладағы педагогикалық жоғары оқу орындарын бітірушілерден 100 маманды қала мектептеріне жіберу туралы және оларды жатақханалармен қамтамасыз ету туралы өтініш жібереді. Нәтижесінде 1-2 жыл ішінде ауқымды істер жүзеге асырылды.

1989 жылы наурызда Алматы қаласында тұңғыш рет орыс мектептерінің 4-6 класс оқушылары арасында қазақ тілінен қалалық Олимпиада өткізіліп, оған қатысқан 48 оқушының 9-ы жүлделі орынға ие болған. Алатау, Октябрь, Совет, Калинин аудандарында осы жылдың желтоқсан айынан бастап «Қазақ тілі күндері» өткізіле бастайды. Қаладағы 10 мектепте, 15 орта кәсіптік техникалық училищелердің 17 оқу тобында 13 мамандық бойынша қазақ тілін тереңдетіп оқыту қолға алынады. Мұндай өзгерістер қаладағы музыка мектептерінде де жүзеге асып, халық аспаптарының қазақ бөлімдері ашылады. Калинин ауданында үлгілі

ұстаздардың қатысуымен қазақ тілі мәселесімен айналысатын Ғылыми әдістемелік кеңес құрылады. Нәтижесінде, аудандағы №№ 10, 51, 70, 73, 77,

125 орта мектептер, №№ 1, 8 мектеп интернаттар Қалалық педагогикалық қоғамның арнаулы сыйлығын иеленген [3].

1934 жылы ашылған Ә. Қашаубаев атындағы мектепте 70-ші жылдары қазақ балалары тек 12 %-ды ғана құраған. Негізгі мамандықтар фортепиано, скрипка, виолончель, баян, флейта, гобой, кларнет аспаптары бойынша ашылады. Мұнда да мамандар мәселесі дұрыс шешімін таппайды. Айталық, 16 педагог өз мамандығы бойынша жұмыс істемеген. Ал бұрынғы филиалдың меңгерушісі Суханованың музыкалық білімі де болмаған. Шекті аспаптар бөлімінің 11 оқушысы мектепті тастап кету себебін пәннің қызықсыз өтетіні деп түсіндірген. Мұндай жағдайлар спорт мектептерінде де кездеседі. Мәселен, № 1 спорт мектебі үлгілі мектеп қатарына жатады. Мұнда жаттығу кезінде балалардың 8-9 жас айырмашылықтары бола тұра барлығына сабақ бірге жүрген. Сондай-ақ сабақтың уақытылы өтпеуі, жаттықтырушылардың жеке жоспарларының болмауы жиі кездескен. Материалдық базаның жоқтығынан көркем гимнастикадан бір жыл сабақ өтпеген. Жаттығу залдарында жылу, жарық болмаған [4]. Әрине біздің мақсатымыз кемшіліктерді тізе беру емес, бірақ мұның барлығы да сөзсіз білім сапасын төмендетті.

Білім беру жүйесінде қаладағы кәсіптік-техникалық училищелердің маңызы зор болды. Ұзақ жылдардағы кәсіптік-техникалық училищелердегі білім берудегі қиындықтың бірі оқу жүйесінің қазақ тілінде жүрмеуі болатын. Тек 90 жылдардың бас кезінен ғана ол қолға алынып, 1992 жылы қаладағы 12 кәсіптік-техникалық училищелер қазақ тілінде оқыта бастады. Оқушының таңдаған мамандығы мен міндетті пәндерге қатты көңіл бөлініп, олар жалпылама пәндермен байланыстыра жүргізілді. Оқыту барысында дәріс жүргізу, семинар және тұрақты сынақтар тапсыру қатаң бақылана бастады. Үздіксіз білім бере отырып, мамандықты терең игерту мақсатында қаладағы №1 КТУ «КТУ - техникум - жоғары оқу орны» деген жүйемен жұмыс істеуге көшті. Әрине, мұндай жұмыстар оңайға түспеген. Материалдық базаның ескі болуы, бітірушілердің базалық мекемелерге дұрыс бекітілмеуі, мамандарға деген сұраныстың бітіруші мамандармен сәйкессіздігі орын алған. Мәселен бітірушілердің базалық мекемеде бекітілуі қаланың кәсіптік-техникалық училищелерінде: № 46 - 83%, № 41 - 88%, № 116 - 83%, № 169-71%, № 203 - 62%, № 133- 43%-ды ғана құраған болса, №3 (тігін) - сұраныс 270, маман даярлау - 310, № 6 (машина жасау) сұраныс - 219, маман даярлау - 300, № 14 (құрылыс) сұраныс - 365, маман даярлау - 570 адам болды [5].

Кемшіліктерді түзеу мақсатында 1983-1984 оқу жылында оқытушылар Қазақ мемлекеттік университетінде, Мұғалімдер білімін жетілдіру

институтында білімдерін көтерген. Ал Мәскеу, Ленинград қалаларына творчестволық сапармен 7 адам барған. Жас оқытушыларға көмек көрсету үшін «Жас педагог» үйірмесі ашылып, кітап қоры көбейтіледі. Екі мың 376сомға оқулықтар, көркем әдебиет сатылып алынады. Оқушылар үшін «Өнер» ізденіс клубы жұмыс істейді.

80-ші жылдардың соңына қарай оқу жоспарлары қайта қаралып, жана бағдарламалар жасалды. ҚКП ОК мен Министрлер кеңесінің «Республикада қазақ тілін оқып-үйренуді жақсарту» атты қаулысына орай орыс кластарына 2 сағаттық қазақ тілі пәні енгізілді. Училищеде қазақ тілін оқытып-үйретуге байланысты республикалық семинар өткізіліп, оған 13 қаладан хореографтар қатысты. Қазақ би өнері пәнін өнер мектептері, мәдени ағарту училищелеріне енгізу жөнінде бағдарламалар жасалып, оқу жоспарларына Қазақстан тарихы - 72 сағат, Қазақ театрының тарихы, Қазақ балеті тарихы - 60 сағат көлемінде енгізілді. Қазақ биі 4 жыл оқытылатын болып белгіленді. Ұлт мамандарын 60%-ға көбейту көзделеді. Мұнда қазақ балалары осы жылдары аз болғандығына қарамастан үлгермеу, оқудан шығып кету өте сирек кездескен [6].

Жалпы білім беру саласындағы бүгінгі тандағы түбегейлі бетбұрыстардың жүргізілуі өткен жүйедегі олқылықтардың орнын толтырып, білім сапасын арттыру болып отыр. Өйткені, «... білім берудің мазмұны көбіне көп қоғамның және ел экономикасының бүгінгі сұранымдарына жауап бере алмауы, орта және жоғары мектептің сабақтастығында, қала мектептері мен ауыл мектептерінің білім беруінің арасында едәуір айырмашылық сақталып отыруы, тың тұрпаттағы сапалы оқулықтар дайындау мәселесі де ойдағыдай болмауы» ұзақ жылдардағы осы салаға деген немқұрайлылықтың салдары болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ мектептерінің тағдыры // Ана тілі, 2000 ж., 27сәуір.
2. АҚОММ, 174-қор, 29-тізбе, 2548-іс, 48 п.
3. ҚРПМ, 412-қор, 80-тізбе, 235-іс, 2, 12, 16, 17, 21 п.п.
4. АҚОММ, 77-қор, 7-тізбе, 146-іс, 2, 4, 11 п.п; 207-іс, 4 п; 316-іс, 3, 7-10, 14, 15 п.п; 206-іс.
5. АҚОММ, 174-қор, 29-тізбе, 1848-іс, 22, 25, 27 п.п.
6. АҚОММ, 6-қор, 1-тізбе, 280-іс, 2 п; 229-іс, 18 п; 367-іс, 42 п.

БЕГДАУЛЕТОВА К.Д., МУЛДАШЕВА А.М. ВОПРОСЫ СОСТОЯНИЯ ЯЗЫКА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ В 1970-1990 ГОДЫ

В статье рассматриваются меры, направленные на решение языковых проблем в трудных условиях 1970-1990 годов. Используя аргументированные данные,

авторы уделяют основное внимание исследованию данного вопроса применительно к сфере образования.

Ключевые слова: вопросы языка, казахская школа, национальная школа, профессионально-техническое училище, образовательная система, духовная бедность.

BEGDAULETOVA K.D., MULDASHEVA A.M. ISSUES RELATED TO STATE OF LANGUAGE IN EDUCATIONAL SPHERE DURING 1970-1990.

This article discusses some practical activities undertaken in difficult period of language during 1970-1990. Especially, the activities related to language in educational sphere carried out in 90 years were given with reasoned arguments.

Keywords: issues of language, Kazakh school, national school, vocational school, educational system, spiritual poverty.

УДК 330.343.23:316.42

НОВЫЕ ИМПУЛЬСЫ КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО КРИЗИСА

БЕРДЫБЕКОВА А.Л., ТОЙЫНБЕТОВА М.Б.

Статья посвящена описанию приоритетных направлений казахско-китайского сотрудничества. Современный кризис требует от каждой страны выработки своего курса экономической политики, своего видения кризиса и противостояния ему. Четвёртым антикризисным направлением в Послании Президента страны Н.А. Назарбаева определено проведение новой инвестиционной политики, которая тесно связана с использованием экономического потенциала близлежащих стран, в том числе – Китая.

Ключевые слова: глобальный экономический кризис, антикризисные меры, новая инвестиционная политика, казахстанский рынок, казахстанско-китайское сотрудничество, торгово-экономические казахстанско-китайские отношения, внешнеторговые операции, эколого-экономические проблемы.

Исходя из этого нам представляется, что основу экологической культуры составляют экологические ценности, идеалы и экологическая практика развитых стран. Конституционное положение о том, что граждане имеют право на здоровую и благоприятную окружающую среду в соответствии с установленными стандартами и нормами представляет собой важнейшую ценностную ориентацию любого общества.

Таким образом, понятийный аппарат Экологического Кодекса требует дополнения в виде понятия экологической культуры. Выяснение содержания понятия экологической культуры – предмет отдельного исследования. Можно лишь в общих чертах наметить, что экологическая культура – культура взаимоотношений человека и окружающей среды.

Сейчас важно понять, что в нынешнее время следует обращать внимание не столько на констатацию кризисных экологических явлений,

сколько на возможности права их преодолеть и предупредить. И в этом неоценимую помощь может оказать разработка теоретических положений экологического права, и в частности, понятия экологической культуры.

ЛИТЕРАТУРА

1. Экологический кодекс РК 9 января 2007 г.
2. Парижская хартия для новой Европы (1990). Права человека и судопроизводство. Собрание международных документов. - Варшава, 1996.

СЕИТОВА Р.М., УТАРОВ К.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ТҮСІНІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Мақалада Қазақстан Республикасының экологиялық Кодексіне экологиялық мәдениет туралы түсінік қалыптастыру мәселесі көтерілген

Кілт сөздер: *экология, экологиялық кодекс, экологиялық білім, экологиялық азарту, экологиялық мәдениет.*

SEITOVAR.M., UTAROV K.A. ABOUT CONCEPT OF ECOLOGICAL CULTURE IN ECOLOGICAL CODE OF RAZAKHSTAN

In the article substantiate to need the concept of ecological culture in ecological law of Kazakhstan.

Keywords: *ecology, ecological education, ecological formation, ecological culture.*

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ 801.81(574/575)

**АХМЕТ ЙҮГІНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ТУЫНДЫСЫНЫҢ
ТАНЫЛУ ЖОЛЫ, ЗЕРТТЕЛУІ**

АЛТЫНБЕКОВ Қ.С., ТОРАХМАТОВА З.Б.

Бұл мақалада көрнекті сөз шебері Ахмет Йүгінекидің «Хибат-ул хақайық» («Ақиқат сыйы») туындысының танылу, зерттелу мәселелері қарастырылған.

***Кілт сөздер:** поэзия, дидактика, аруз, бәйіт, аударма, әдеби жәдігер, нұсқа.*

Әдиб Ахмет ибн Махмуд Йүгінеки, біздің дәуірімізге жеткен деректерге қарағанда, араб, түрік тілдерін жетік меңгерген, өз заманының оқымыстысы, өз ортасының білімді адамы болған. А.Йүгінекидің ежелгі дәуірлердегі әдебиетіміздің тарихында елеулі орын алатын әдеби мұралардың бірі – «Хибат-ул хақайық» («Ақиқат сыйы») деп аталатын туындысы.

Ақынның есіміне Йүгінеки атауының қосыла жазылуы сол кездегі дәстүр бойынша оның қай жерден шыққандығын білдіреді. Ахмет Йүгінекидің туылып, өмір сүрген жері Йүгінектің (Жүйнек) қай жерде екендігі жөнінде кезінде әртүрлі ойлар айтылып келген болатын. Мәселен, В.В.Бартольд Югнак (Жүйнек) деген жер Самарқанд маңында десе, өзбек ғалымы Н.М.Маллаев Югнак Ферғана, Түркістан аймақтарында бар деген.

Қазақтың Р.Бердібай, Х.Сүйіншәлиев, А.Қыраубайқызы, Н.Келімбетов, Б.Сағындықов, Ә.Құрышжанов, т.б. ғалымдары Ахмет Йүгінекиді Түркістан маңындағы Жүйнекте (Югнак) туылып өмір сүрген дейді. Бұл пікір қазіргі кезде ғылымда толығымен орнықты деп айтуымызға болады.

А.Йүгінекидің қай жылдары өмір сүргені, өмірі мен ақындық қызметі жайында мәлімет аз. Әйтседе ақын жайлы «Ақиқат сыйының» ертеректе хусниқатшылар (каллиграф) көшірген нұсқаларында шығарманың авторына қатысты мынандай мәліметтер бар:

Ахмет Әдіб – атым, үлгі – сөзім,

Қалады мұнда сөзім, кетем өзім.

Күз келер, жаз да кетер, өмір де өтер,

Сонымен жұмылар да екі көзім [1, Б. 87-88].

1444 жылы Самарқан қаласында Арыслан Қожа Тарханның айтуымен көшірілген осы нұсқадағы:

Әдиб елін, «аты – Йүгінек» дер еді,

Өте сұлу, таза ауалы жер еді.

Махмуд-и Йүгінек-и баласы –

Әдиб Ахмет, жоқ ешкімнің таласы [1, 89-б].

деген өлең жолдарынан ақынның шын аты Әдиб Ахмет (Йүгінеки – лақап аты), әкесінің есімі Махмұд екенін білеміз. «Әдиб» сөзі араб тілінен аударғанда «тәрбиелі, оқымысты, жазушы, әдебиетші» деген мағынаны береді екен.

Көшірме нұсқалардың бірінде «Біреудің Ахмед туралы айқаны» деген мынандай өлең шумағы келтірілген:

Көрмеген туа біткен Әдиб көзі,

Тұрады он төрт баптан осы сөзі.

Жүк болса піл көтермес алтын-күміс,

Соған тең осы аз ғана сөздің өзі [1, 88-б].

Осы өлеңдегі дерекке орай ғалымдардың көбісі А.Йүгінеки анасынан көзі соқыр болып туған десе, енді бір зерттеушілер соқыр болып туылған адам қалайша табиғат сұлулығын тамашалап, поэтикалық тілде қалай суреттейді? Шығыс әдебиетін қалай оқып игереді? деген пікірлерді алға тартады. Ақын шығармашылығын зерттеген ғалымдардың пікірі Ахмет Йүгінеки шығармаларын айтып отырып біреуге жаздырған болу керек дегенге саяды. Ақынды өз дәуірінде танымал еткен туындысы «Хибат-ул хақайық» («Ақиқат сыйы») деп аталатын туындысы еді. Орта ғасырда ислам дәуірінің этикалық, моральдық, дидактикалық мәселелерін зор білгірлікпен жырлаған сөз зергерлерінің бірі Ахмет Йүгінекидің бұл еңбегі кезінде жұртшылықтың сүйіп оқитын кітабы қатарында болған. «Әдибті Орта Азияның өз заманының көрнекті ақындарының бірі деп санаған» [1, 13-б] Әлішер Науаи оны жоғары бағалап, өлеңдерінен үзінділер келтіреді екен.

Йүгінекидің өз дәуірінде атақты, танымал болғандығына кітапта келтірілген Әмір Сейфәддин деген кісі айтты деген:

Ақындардың ақыны, жақсылардың басшысы,

Гауһардай асыл сөз айтқан, басқа сөздің құны жоқ [1, 66-б] өлең жолдары дәлел болады.

Ислам дәуірінің атақты ақындарының бірі деп саналатын Йүгінекидің бізге жеткен жалғыз туындысы «Хибат-ул хақайық» («Ақиқат сыйы») зерттеуші ғалымдардың шамалауынша XII ғасырдың аяғы – XIII ғасырдың бас кезінде жазылған. Құран тілі болып есептелетін араб тілінде және парсы тілінде шығарма жазу сол кездегі әдеби дәстүр болатын. Ақын бұл еңбегін өзіне дейінгі қалыптасып қалған бірнеше ғасырлық осы әдеби дәстүрді бұзып Жүсіп Баласағұни, Ахмет Ясауи ізімен түркі тілінде жазады. Өзі өмір сүрген дәуірдегі, яғни Қараханидтер мемлекетіндегі түркі тектес халықтар тілінде жаза тұрып, шығармасына арабша «Хибатул-хақайық» деп ат береді.

А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» атты жалғыз еңбегінің түпнұсқасы сақталмаған. Ғалымдардың пікірінше, «Хибат-ул хақайық» қайтадан өңделіп көшірілгенде XV ғасырдағы шағатай тілінің элементтері ескерткішке еніп кеткен. Одан кейінгі көшірмешілер де өз тарапынан азын-аулақ «өзгерістер» енгізген. Міне, осыдан келіп кейінгі заманның тіл элементтері араласқан. Бірқатар зерттеушілердің бұл ескерткішті қараханид әдебиеті мен шағатай әдебиетінің аралығында көпірлік қызмет атқарады деп есептеуіне де көшірмешілердің осы редакциялық өзгертулері негіз болса керек. «Хибат-ул хақайықта» араб пен парсы элементтері, сөз орамдары Ж.Баласағұнидің «Құтты білігіне» қарағанда көбірек. Яғни бұл XI ғасырдан кейін болған құбылыс. Егер «Хибат-ул хақайықты» XIII-XIV ғасыр ескерткіштерімен салыстыра қараса, керісінше, онда араб және парсы элементтері әлдеқайда аз екенін байқауға болады екен. Оның үстіне «Хибат-ул хақайықтағы» біраз архаизмдік ерекшеліктер XIII-XIV ғасыр ескерткіштері түгіл XI ғасырда жазылған «Құтты білігі» мен М.Қашқаридың «Дивани лұғат ит-түркінде» де кездеспейді екен. Бұл фактілер ғалымдардың ескерткіштің жазылу кезеңі ілгеріде деп айтуларына мүмкіндік береді.

Ахмед Йүгінеки өзінің дастанында қоғамдық өмірдің аза бастағанын, діннің бұзылғанын қынжыла айтады. Осыған орай зерттеуші ғалымдар бұл Қараханид мемлекетінің ыдырап, бытыраңқылыққа ұшырап, қара кидандарға (қытайларға) бағынатын кезеңінің алды емес пе екен деген пікірлер білдіреді. Тарихи деректерге жүгінсек, қара кидандар 1137-1216 жылдардың аралығында Орта және Орталық Азияға, оның ішінде қараханидтерге толық билік жүргізген. Егер жоғарыда келтірілген пікірлер дұрыс болса, «Хибат-ул хақайық» XII ғасырдың аяғында емес, тіпті бас кезінде жазылуы мүмкін болып шығады.

Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықов, Н.Келімбетовтің айтуынша «Бірқатар қолжазбаларда бұл шығарманың аты «Айбатул-хақайық», ал кейбіреулерінде «Атебатул-хақайық» (Шындық қақпасы), «Ақиқат сыйы» («Хибат-ул хақайық») деп жазылған [2, 217-б].

А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінің біздің заманымызға жету жолына тоқталсақ, қазіргі кезде бұл шығарманың бірнеше қолжазба нұсқасы мәлім, яғни, нақтырақ айтсақ, XIV-XV ғасырларда жазылған алты нұсқа көшірмесі жеткен.

Бірінші нұсқа: 1444 жылы Самарқан қаласында Аркелан Қожа Тархан әмірімен атақты каллиграф Зейнул-Абидин Джурджани Құсайын жазған нұсқа. Ол 508 жылы ұйғыр жазуымен жазылған. Арасында араб жазуымен берілген жолдар бар. Тарханның атынан жиырма жолдық өлең тіркелген. Бұларда ақын Ахмед Йүгінеки туралы азын-аулақ мағлұмат айтылады. Қазір Стамбулда, Ая – София кітапханасында сақталған. Бұл солардың ішіндегі ең

көлемдісі және толық сақталғаны осы – Самарқан нұсқасы. «Ақиқат сыйы» дастанының бұл көне қолжазбасы табылғаны жөніндегі алғашқы мәліметті түрік ғалымы Неджип Асым 1906 жылы хабарлаған. Бұл көшірме ескерткіштің біздің заманымызға келіп жеткен нұсқаларының ең ескісі болып есептеледі. Сырты былғарымен қапталып, өз алдына жекеше кітапша болып түптелген. Өте сапалы қағазға жан-жағы әшекейленіп, ұқыпты көшірілген. Тақырыптары, мысалға келтірілген аят, хадис, бәйіттер араб тілінде араб жазуымен берілген. Көшірменің бір беті жоғалған.

Екінші нұсқа – А: Дастанның бұдан кейінірек, дәлірек айтсақ, 1480 жылы көшірілген нұсқасы (Стамбулда) ұйғыр, араб жазуымен жолма жол жазылған. Көлемі – 506 жол. Бұл көшірме де Айя-София кітапханасында сақталған. Мәтініне түсінік беріліп отырған. Сыртқы құрылысы бірінші нұсқасына ұқсайды, бірақ ұйғыр жазуы жолма-жол араб жазуымен транскрипцияланған. Соңында екі жол бәйіт қалып кеткені болмаса, ең толық нұсқа болып саналады. Көшірген Шейхзада Әбдіразақ баласы деген жазған.

Үшінші нұсқа – Ә: ХІҮ ғасырдың аяғы немесе ХҮ ғасырдың басында көшірілген 498+28 (526 жол). Араб жазуымен жазылған. Салыстыра зерттеген ғалымдардың айтуынша алдыңғы айтылған көшірмелерден бұл нұсқада 18 жол бәйіт қалып кеткен. Алайда, бұл нұсқада сұлтан Баязид ІІ (1481-1512) мөрі бар. Сондықтан бұл нұсқа ХV ғасырдың аяғы мен ХVІ ғасырдың басында көшірілуі мүмкін деген пікірлер бар.

Стамбулдың Топ-қапы сарайында сақталған. Қазақ ғалымдары Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықовтар осы нұсқасын 1985 жылы қазақ тіліне аударып кітап етіп баспадан шығарды.

Төртінші нұсқа – Б: Бұл нұсқа Ұзын көпірдегі Сейіт Әлі дегеннің жеке кітапханасынан табылып, Анкара кітапханасына тапсырылады. Кейіннен ол нұсқа жоғалып кеткен. Бұл нұсқа жайында жекелеген зерттеушілердің бірен-саран мақаласы ғана сақталған екен.

Бесінші нұсқа (В) Анкарадағы Маариф кітапханасынан табылған. Араттың айтуына қарағанда, бұл нұсқаның төрт-ақ беті сақталып, өзгесі жоғалып кеткен. Мұнда белгілі бір жүйелілік сақталмаған.

Алтыншы нұсқа (Г) Берлиндегі Пруссия Ғылым академиясында ұйғырша жазбалар арасында сақталған бір-ақ парақ қағаз. Үзінді ұйғыр жазуымен көшірілген.

Бұлардың ішінде алғашқы үш нұсқаның ғылыми құндылығы жоғары болып саналады. Бұл дастанның ғылымға мәлім болған нұсқаларын салыстыра отырып, шығарманың толық мәтінін әзірлеген түрік ғалымы Рашид Арат Рахмат болды. Ол 1951 жылы осы дастанның толық мәтінін әзірлеп, оны латын әрпімен кітап етіп шығарды. Белгілі түркітанушы

Э.Н.Наджиб өзінің «Исследования по истории тюркских языков, XI-XIV вв.» атты еңбегінде осы жоғарыда көрсетілген төрт нұсқасына тоқталып өтеді.

Сөйтіп, біздің заманымызға Ахмед Йүгінекидің өз дәуірінде жасалған бірде-бір көшірме келіп жетпеген. Жоғарыда аталған нұсқалардың барлығы Арслан Хожа Тархан өңдеткен варианттың көшірмелері болып саналады.

XX ғасырдан бастап қазіргі кезге дейін Ахмет Йүгінекидің бұл дастанын тіл, әдебиет, тарих және философия ғылымдары тұрғысынан біршама дәрежеде жан-жақты зерттеліп, шығарманың ғылымға негізделген мәтіні, сөздігі, транскрипциясы әзірленіп, оны басқа тілдерге аудару жөнінде дүниежүзі түрколог ғалымдары тарапынан айтарлықтай жұмыстар атқарылған екен.

Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанын алғаш рет ғылыми жұртшылыққа танытқан, бұл ескерткішпен арнайы шұғылданғандар ғалымдар Неджип Асым мен Рашит Рахмати Арат болды. Дастанды жан-жақты зерттеу ісін қолға алып ғылым дүниесін алғаш танытқан – түрік ғалымы Неджип Асым (1915 жылы). Неджип Асымның «Хибат-ул хақайықты» бірінші танытушы ретінде ғылыми еңбегі өте зор. Алайда оның зерттеулерінде елеулі кемшіліктер мен олқылықтар болғанын түрколог ғалымдар бір ауыздан ескертеді. Мысалы, Э.Н.Наджиб былай деп жазады: «Издание Неджипа Асыма снабжено соответствующим научным аппаратом – словарем и грамматическим очерком, но оно не лишено недостатков научного и технического порядка. Допущенные в нем ошибки объясняются в основном тем, что издание этого списка было осуществлено тогда, когда другие списки оставались неизвестными»[3, 68-6].

Сол сияқты бұл еңбектің танылуында түрік ғалымы Рашит Рахмати Араттың да еңбегі өте зор. Ол ескерткіштің кітапханада сақталған мәтіндерін суретке түсіріп, көшірмесін жинаған. Сөйтіп, өзінен кейінгі зерттеушілерге үлкен іс қалдырған. Сонымен қатар өзінен бұрынғы зерттеушілердің пікірін жинақтап, өз топшылауларын айтқан. Бұдан кейін оған М.Көпрүлү, В.Радлов, Т.Ковальский, Й.Дени сияқты шығыстанушы ғалымдар ерекше көңіл бөліп, белсене ат салысып Қараханид дәуірінің аса бағалы мұрасы ретінде бірнеше ғылыми мақалаларын жазады.

«Ақиқат сыйын» орыс ғалымдарынан Е.Э.Бертельс, Э.Н.Наджиб, С.Е.Маловтар да зерттеген. А.М.Щербактың Шығыс Түркістанның X-XIII ғасырлардағы жазба мұраларының тілі жөнінде жазған грамматикалық очеркінде құнды ғылыми пікірлер айтылып, келелі тұжырымдар келтіріледі. Онда жүйелі болмағанымен «Хибат-ул хақайыққа» да қатысты жерлер баршылық.

Кеңес дәуірі кезінде өзбек ғалымы Қ.Махмудов «Хибат-ул хақайық» дастанымен арнайы шұғылданып, өзбек тіліне аударып, осы ескерткіштің

материалдары негізінде кандидаттық диссертация қорғайды. Кейінірек монографиясын 1972 жылы кітап етіп шығарды. Бұл зерттеуде ескерткіштің фонетикасына, морфологиясына сипаттама беріледі.

Ахмет Йүгінеки қазақ ғылымында зерттелуі кенжелеп қолға алынған қаламгердің бірі болып саналады. Алғашқылардың бірі болып тілші ғалым Ә.Құрышжанов аталған ескерткіштен азын-аулақ үзінділер жариялап, біршама мағлұмат берген, зерттелу барысын сипаттап жазған.

Дүниежүзі әдеби жұртшылығы үшін баға жетпес бұл ғажайып туындыны қазақ жұртшылығына ескі түркі тілінен аударып, таныстырған ф.ғ.д., профессор Берікбай Сағындықов болды. Белгілі ғалым, білікті тіл маманы Б.Сағындықов «Хибат-ул хақайық» – XII ғасыр ескерткіші» деп аталатын зерттеу еңбегін жазып, онда бұл көне дәуір жәдігерлігіне алғаш рет тілдік кең түрде, ғылыми тұрғыдан талдау жасады. Ғалым «Хибат-ул хақайықтың» араб жазуымен жазылған нұсқасын бірінші рет ғылыми ақпаратпен толық жабдықтай отырып, қолжазбаны ғылыми айналымға түсіреді. Бұл тұрғыда Р.Арат нұсқасын, Н.Асым мен Қ.Махмудов нұсқасын басшылыққа ала отырып, ескерткіштерді тарихи-салыстырмалы әдіспен зерттеп, текстологиялық жағынан салыстыру үшін барлық нұсқаларын жариялайды. Б.Сағындықов орта ғасырлардағы түркі әдеби жәдігерліктерінің тілі туралы айта келіп: «Дұрысы – әр нәрсені өз атымен атаған жөн. XI-XVI ғасырлар арасында таралған жазба әдебиеттің кез-келгені көне түркі әдеби тілінде жазылған деп есептесек қателеспейміз. Бұдан былай ана әдеби тіл, мына әдеби тіл деп бірнеше әдеби тілге бөлуімізді тоқтатқанымыз дұрыс. Қай жерде, қай кезеңде жазылғанына қарап, көне түркі әдеби тілінің оғыз варианты, көне түркі тілінің қыпшақ варианты, көне түркі әдеби тілінің түрікмен варианты, т.б. деп атаған жөн», – деп аса құнды тұжырым жасайды. Ғалымның бұл тұжырымы сол кезге дейін Ахмет Йүгінекидің «Хибат-ул хақайық» («Ақиқат сыйы») туындысының тілі жөнінде әртүрлі айтылып келген пікірлерге байланысты айтылған еді.

Мұнда дастанның транскрипциясы, аудармасы, зерттеу тарихы, ғылыми сипаттамасы, лексика-грамматикалық ерекшеліктері «түрікше-орысша-қазақша», «арабша-орысша-қазақша», «парсыша-орысша-қазақша» сөздіктері тұңғыш рет жарияланды.

Ғалымның өзі ол жөнінде: «Бір ескерткіштің бір нұсқасы мен екінші нұсқасының арасында көп болсын, аз болсын бір қатар айырмашылық болатыны ғылыми жұртшылыққа белгілі. Осы себептен де тарихи жазба ескерткіштердің әртүрлі нұсқалары бірнеше зерттеушінің назарына ілігіп жүр. Мысалға, Хорезмидің «Мухаббат намесінің» ұйғыр жазуымен көшірілген вариантын А.М.Щербак зерттесе, араб жазуымен көшірілген вариантын Э.Н.Наджип зерттеген. «...Р.Арат А нұсқасын транскрип-

циялағанда ғылыми принцип ұстанбаған. Осылай болуы ықтимал деген жорамалмен А, Ә, Б нұсқаларының үшеуінде де кездеспейтін сөздерді, фонетикалық, грамматикалық өзгешеліктерді (яғни өз жанынан шығарған элементтерді) транскрипциялаған мәтініне енгізіп жіберген. Оның үстіне А нұсқасында жоқ, бірақ Ә, Б нұсқасында бар сөздерді, тіпті толық мәтіндерді ешқандай сілтеме жасамай қоса салған. Осыдан келіп бұл транскрипция мәтіні бірде-бір нұсқаға сәйкес келмей қалған. Мұның басқа зерттеушілер үшін методикалық зияны үлкен. Сондықтан біз дүние жүзіне белгілі, көрнекті ғалымдардың принципін ұстанып, мәтінге ешқандай өзгерту енгізгеніміз жоқ. Түпнұсқа қалай болса, солай транскрипцияланды. Р.Арат ескерткіштің түрікше сөздігін жасаған. Алайда әр сөз сөзбе-сөз аударылған да ескерткіштен мысал-мәтін – иллюстрация келтірілмеген. Сөздің сан алуан мағыналары, реңктері болатыны белгілі. Бұл сөздік бойынша оны айыру мүмкін емес. Ал Қ.Махмудов өзі сөздік жасамаған, Н.Асымның сөздігін өзбек тіліне аударып бере салған. Ал Н.Асымның сөздігінде лайықсыз көп сөздер қалып кеткен, сандаған сөздердің мағынасы ашылмаған. Осы жоғарыдағы кемшіліктерге байланысты «Ғибат-ул хақайықтың» толық сөздігін жасауды қажет деп таптық. Зерттеушілердің, түркологиямен әуестенушілердің пайдалануына жеңіл болу үшін ескерткіштің түрікше-қазақша сөздігін бір бөлек, араб және парсы элементтерінің қазақша аудармасын бір бөлек жарияладық», – деп көрсетеді [4, 6-6].

Қазақ ғылымында тілдік тұрғыда Б.Сағындықовпен қатар Ә.Құрышжанов, Қ.Өміралиев, Ш.Сарыбаев, Ғ.Айдаров, Р.Сыздықова, М.Томанов, А.Аманжолов сияқты ғалымдар зерттеулер жүргізіп, пікірлерін жазды.

«Ақиқат сыйы» дастанының тарихнамасын сөз ете келіп профессор Ә.Құрышжанов «Ақиқат сыйы» түркі халықтарының тіл тарихын, ондағы жанрлар және басқа ерекшеліктер негізін, мысалы, дидактикалық әдебиет көздерін ашып, олардың тамырын талдау ісінде таптырмайтын құнды мұра болып табылатындығы, сонымен қатар оның қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты тарихи маңызы туралы пікірін білдірді.

А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегі әдеби шығарма ретінде 1960 жылдардан бастап қазақ әдебиетінің тарихында қарастырыла бастады. Бұл кезде ежелгі әдеби мұраларды әдебиет тарихына ендірудегі көрнекті ғалым, ұстаз Б.Кенжебаевтың орны ерекше болғандығы белгілі. Ұстаз ғалымның жол көрсетуімен Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» еңбегінде А.Йүгінекидің шығармашылығына алғашқылардың бірі болып қалам тартты [5, Б. 47-50]. 1967 жылы жарық көрген қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлеріне арналған «Ертедегі әдебиет нұсқалары» оқулық хрестоматияда А.Йүгінеки шығармашылығы туралы жазылды. Ғалым Р.Бердібай «Ежелгі

мәдениет куәлары» кітабында А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйының» әдебиет тарихындағы орны, танымдық, тәрбиелік мәні, маңызы жөніндегі ойларын жазды [6, Б. 206-208].

1985 жылы Б.Сағындықов пен Ә.Құрышжанов көне түркі тілінде жазылған дастанның қазақшаға бірі сөзбе-сөз (прозалық), екіншісі поэтикалық аудармасын жасап «Ақиқат сыйы» деген атпен «Ғылым» баспасынан кітап етіп шығарды. Онда түпнұсқалық фото көшірмесі мен транскрипциясы да қоса берілген. Бұл еңбектің жарық көруі бұрын ғылыми ортаға ғана белгілі болып келген «Ақиқат сыйының» көпшілік оқырман қауымға танылуына жол ашты.

Сол кездерден бастап А.Йүгінекидің шығармашылығы жоғары оқу орындарына арнап жазылған әдебиеттанушы ғалымдар Н.Келімбетов, А.Қыраубайқызы, Х.Сүйіншәлиевтердің оқулық, оқу құралдарына тұрақты түрде енгізіліп студенттерге оқытылып келеді. Әдеби тұрғыда Ә.Дербісәлі, С.Дәуіт, т.б. сол сияқты әдебиеттанушы ғалымдар талдаулар жасап, ой-пікірлерін жариялап келді.

Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» Әдеби жәдігерлер деген атпен жарияланған жиырма томдықтың 6-томында (Құрастырғандар: А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы) 2008 жылы жарық көрді. Мұнда «Ақиқат сыйының» факсимилиесі қоса жарияланып, шығармада кеседесетін, айтылатын кісі есімдері мен жер-су атауларына түсініктер, қазақша-арабша-парсыша, түрікше сөздік, орыс, ағылшын тілдеріндегі резюмелер беріліп, пайдаланылған әдебиеттер көрсетілген. Қазіргі кезде көптомдық «Қазыналы Оңтүстік» топтамасына да ендіріліп оқырман қауымға ұсынылды.

Қорытындылай айтқанда, адам бойындағы ізгі қасиеттерді ардақтауды негізі арқау еткен Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» туындысы қазіргі оқырмандарының да рухани жан дүниесінің қалыптасуына, толысуына ізгі әсерін тигізіп келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахмет Йүгінеки. Ақиқат сыйы (Түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэзиялық аудармасы. Баспаға дайындағандар: Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықов). – Алматы: Ғылым, 1985.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.
3. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва: «Наука», 1989.
4. Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайық» XII ғасыр ескерткіші. – Алматы: Таймас, 2008.
5. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: 1967.
6. Бердібаев Р. Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: Жазушы, 1966.

АЛТЫНБЕКОВ Қ.С., ТОРАХМАТОВА З.Б. ПРОБЛЕМЫ ПРИЗНАНИЯ И ИССЛЕДОВАНИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ АХМЕТА ЮГНАКИ «ХИБАТ-УЛ ХАКАЙЫК» («ПОДАРОК ИСТИН»).

В статье рассматриваются проблемы, касающиеся признания и исследования произведений выдающегося мастера слова Ахмета Югнаки «Хибат-ул хакайык» («Подарок истин»)

Ключевые слова: поэзия, дидактика, аруз, баит, перевод, литературное наследие, вариант.

ALTYNBEKOV K.S., TORAHMATOVA Z.B. RECOGNITION OF PROBLEMS AND RESEARCH WORKS AHMEN YUGNAKI «HIBAT - UL HAKAYUK» («GIFT OF TRUTHS»).

The article discusses the problems of recognition and study of works of outstanding masters of words Ahmet Yugnaki «Hibat-ul hakayuk» ("Gift of truths").

Keywords: poetry, didactics, aruz, bait, translation, literary legacy, option.

УДК 821161

ЛИТЕРАТУРОВЕДЧЕСКИЕ МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ТВОРЧЕСТВА М. Ю. ЛЕРМОНТОВА

ЛАТЫШЕВ О.Ю.

Статья посвящена описанию литературоведческих подходов к исследованию творчества М.Ю. Лермонтова на основе интеграции феноменологических, культурно-исторических, сравнительно-исторических социологических методов. Особое внимание уделяется также рецептивной эстетике. Практическое значение предпринятого автором исследования получит соответствующую оценку при разработке спецкурсов для филологических факультетов вузов и элективных курсов историко-филологической направленности для общеобразовательных учреждений. Статья представляет интерес для широкого круга учёных-литературоведов и историков.

Ключевые слова: метод, подход, исследование, феноменологический подход, культурно-исторический метод, социологический метод, сравнительно-исторический метод, рецептивная эстетика, сюжет, интенция.

В ходе организации исследования творчества М. Ю. Лермонтова мы столкнулись с тем, что отсутствует возможность остановиться на применении единственного всеохватного метода. Необходимо использование комплекса исследовательских методов и подходов. Например, феноменологический подход, предполагающий выявление сознания автора через текст, позволяет оперировать достаточно широким исследовательским инструментарием, в процессе чего актуализируются интенция, интенциональность, критика

сознания, рефлексия, субъективная критика. Однако характерное для данного подхода описание художественного произведения вне социокультурного, исторического и иного контекста не позволяет полноценно изучить контекстозависимые лермонтовские произведения, более того – сделать феноменологический подход единственным в данном случае. В то же время нет возможности увидеть его и как доминантный, поскольку в таком случае возникнет опасность преобладания субъективности. И всё же у данного подхода есть своя органичная роль в ходе нашего исследования. Так, постулируя в своём одноимённом исследовании универсальность Лермонтова, К.Э. Штайн и Д.И. Петренко утверждают, что «феноменология и универсализм коррелируют на основании установки на универсальность в познании. Феноменология исследует не только мир конкретных феноменов, но и мир духовных сущностей: чистых форм, абсолютных истин и т.д.» [4].

Интенция в творчестве Лермонтова как коммуникативное намерение позволяет приблизить феноменологический подход в исследовании к социокультурному контексту. С одной стороны, мы имеем возможность исследовать лермонтовскую поэзию в рамках феноменологического подхода, учитывая принадлежность поэта к конкретной эпохе. С другой стороны, вневременность его творчества, неограниченность жанрово-стилевыми рамками этой эпохи, позволила Б.Л. Пастернаку век спустя узреть в литературной позиции Лермонтова экзистенциальную интенцию модернизма [3]. И таким образом существенно раздвинуть границы поля предстоящей лермонтоведческой деятельности в силу необъятной дальновидности Лермонтова и характеристике его творческого наследия – всегда оставаться современным.

Э. Левинас едва ли не ставит знак равенства между двумя понятиями, говоря о том, что «феноменология – это интенциональность» [2]. Введённое Ф. Brentano и постулируемое Э. Гуссерлем как одно из основных понятий феноменологии, «интенциональность» если и не исчерпывает собой феноменологии как таковой, то явственно в ней преобладает. И хотя развитие феноменологии получило пути развития, ведущие к преодолению атехнизации её методологии, о чём не мог изначально предполагать Гуссерль, однако и при этом позиция интенциональности осталась по-прежнему определяющей. Таким образом, интенциональность можно рассматривать как доминирующее начало при организации феноменологического исследования творчества Лермонтова. Герои гениальных лермонтовских творений находятся в интенциональных отношениях, не лежащих в плоскости отношений между реальными объектами, что только усиливает возможности феноменологического

прочтения его творчества. Согласно И.Ф. Анненскому, «Люди Лермонтова были только его мыслями о людях» [1].

Феноменологическое исследование с позиций рефлексии как внутреннего разговора также находит в лице произведений Лермонтова неизменно благодатную почву. Глубокий психологизм каждого из них, стремление гения к постоянному самоосмыслению, рефлексивное обращение к себе, своему внутреннему миру, ещё раз убеждают нас в целесообразности такого исследовательского подхода в данном случае.

В известной мере компенсировать отрыв от контекста в случае доминирования феноменологического подхода призван культурно-исторический метод литературоведческого исследования. Его активное использование, напротив, предполагает восприятие исследователем художественного произведения как документа эпохи, с одной стороны, и отражения духа народа, знаменующего собой эту эпоху, в различные периоды его исторического развития, с другой стороны. Это также даёт возможность оперировать и такими понятиями, как характер народа, цивилизация, раса, среда, момент, литературный факт. При всей самостоятельной значимости приведенного ряда вполне ожидаем вопрос: вполне ли он достаточен для объективного преподнесения индивидуальных черт героя, адекватного восприятия роли личности в истории? Можно ли ожидать при самостоятельном использовании культурно-исторического метода достоверного рассмотрения индивидуальной психологической составляющей? Мы полагаем, что именно взаимно дополненное использование вышеупомянутого метода и феноменологического подхода даст наиболее адекватный исследовательский результат.

Применяя культурно-исторический метод для исследования лермонтовских произведений, следует помнить о весомости для гения мировой литературной классики такой субстанции как «характер народа». Ни интимность лирики, ни дневниковая суть многого из написанного Лермонтовым не способны быть противопоставленными народности его поэзии, вольному и невольному стремлению передавать в каждой своей строке характер народа, с которым так или иначе связано всё им написанное.

Лермонтов драматически переживал наступление цивилизации, всячески ратую за сохранение самобытности, как бы мы сказали сейчас, всесторонней идентичности. Равно как и в творчестве многих других поэтов, писателей и философов понятия «цивилизация» и «культура» предстают преимущественно в виде дилеммы. Поскольку же до позитивного взаимопроникновения культуры и цивилизации при жизни Лермонтова было ещё неизмеримо далеко, он едва ли не интуитивно стремился примирить их, но на внешнем плане, как правило, проходя перед этим через протест против

этого как вопиющей неизбежности. Сам же факт наличия разрастающейся и «протестоформирующей» цивилизации в творчестве Лермонтова достоин разностороннего исследования в рамках культурно-исторического метода.

Среда, будь то историческая, социальная, культурная или бытовая, преемственно влияла на характер творчества Лермонтова, равно как и любого другого творца и мыслителя, и поэтому не может быть обойдена вниманием исследователя в рамках культурно-исторического метода. Однако в силу масштабности и глубины творчества автора доминирующую роль здесь будет играть, безусловно, историческая среда.

В свою очередь, сравнительно-исторический метод, для вдумчивого применения которого характерна историческая поэтика, сопоставление, повторяемость, воздействие, ряд, психологический параллелизм и сюжет, позволяет выдержать на протяжении всего хода исследования принцип историзма. В его основу положено историко-типологическое сравнение, позволяющее существенно обогатить представление о контактных «горизонтальных» связях творчества Лермонтова с наследием национальных литератур «вертикальными» – типологическими особенностями, демонстрирующими развитие различных литератур от одного корня, в единых основополагающих традициях. Это может иметь отношение также и к младописьменным литературам Кавказа, произведения которых Лермонтов мог воспринимать тогда ещё только в изустной передаче. Существенную поддержку реализации сравнительно-исторического метода являет собой восприятие текста в рамках иноязычного культурного контекста. В неожиданном смысловом окружении более рельефно проступают ранее едва замеченные художественные достоинства, казалось бы, хрестоматийных произведений литературы, оказавших влияние на характер и качество формирование литературного мышления гения.

Длительная разобщённость исторической поэтики и литературоведческой науки привела к необходимости усиленного применения сравнительно-исторического метода для воссоздания паритета между более и менее изученными областями исследования. Это позволило бы на материале лермонтовского творчества создать прецедент возвращения исторической поэтики в центр внимания современных литературоведов.

Как общеизвестный факт мы воспринимаем повторяемость образов, мотивов и эпитетов – как в прозе Лермонтова, так и в его поэтическом творчестве. Мы склонны объяснять это наличием неотъемлемых ценностных доминант, отсутствие которых обесмысливало бы лермонтовский творческий процесс. Рассматривая же повторяемость через призму сравнительно-исторического метода исследования, можно представить, какие

образы, мотивы и эпитеты в наибольшей мере соответствовали историческому контексту, вовлечённому в писательское повествование.

Способствует типизации, как отдельных произведений, так и преобладающих художественных методов отдельных национальных литератур, к предвестникам которых обращался Лермонтов, и социологический метод. Лежащий в его основе принцип обобщения социальных моментов в процессе исследования позволяет компенсировать в известной мере издержки методов и подходов, вводящих акцентуацию на приоритете индивидуального начала. Выше мы уже упомянули методы, предназначенные для рассмотрения особенностей характера героя литературного произведения, которые намеренно существенно усилены писателем для достижения искомого художественного эффекта без перехода на уровень гиперболы и гротеска. Такие характеры, как правило, в наибольшей мере отвечают лирическому содержанию произведений Лермонтова. Данные методы уравниваются в исследовательском процессе социологическим методом, чья сфера внимания простирается на всё социально-типическое в литературе. При этом начинают доминировать такие материи как социально-исторический контекст (художественная среда, фон), материальный мир, социальная типизация, теория отражения, классовый подход и социологическая поэтика.

Считаем необходимым уделить определённое внимание также и методам исследования, ориентированным на читателя. Рецептивная эстетика концентрируется на тексте литературного произведения как на продукте исторического процесса, при этом читатель вводится в сферу литературоведческого исследования наряду с обществом. Это позволяет дополнить остающуюся неизменной лермонтовскую интерпретацию событий в фабуле произведения подвижной величиной читательской интерпретации, претерпевшей существенные изменения с момента возникновения лермонтовского художественного наследия.

От доминирования рецептивной эстетики в процессе исследования следовало бы воздержаться, на наш взгляд, хотя бы уже в силу того, что данный метод способствует распределению внимания исследователя между высокими образцами художественного слова и явлениями массовой культуры. При этом существует определённая опасность невольного малозаметного, но при этом недопустимого «сползания» с анализа высокохудожественных творений Лермонтова к анализу сиюминутных, однодневных произведений, рассчитанных на кратковременный массовый эффект. На наш взгляд, будет справедливым предположить, что рецептивная эстетика позволит внести в комплекс выбранных нами для использования здесь исследовательских методов и подходов такие необходимые субстанции,

как выстраивание смысла, горизонт ожидания, коммуникативная определенность (или неопределенность), стратегия текста и эстетическая дистанция.

Палитра методов, которые можно было бы привлечь к организации исследования творчества Лермонтова, безусловно, неизмеримо шире приведённой выше. Однако мы понимаем, что наращивание количества используемых методов приводит к возрастанию не столько их взаимодополнения и взаимного усиления, сколько уровня общеизвестного дублирования функций одного метода функциями следующего. Поэтому видим целесообразным ограничиться обозначенным спектром методов как необходимой совокупностью научно-исследовательского инструментария.

ЛИТЕРАТУРА

1. Анненский И.Ф. Юмор Лермонтова // М.Ю. Лермонтов: Proetcontra. - РХГИ, 2002. – С.408.
2. Levinas E. Endecouvrant l'existence... P. 126.
3. Пастернак Б. Об искусстве. «Охранная грамота» и заметки о художественном творчестве. – М., 1990.
4. Штайн К.Э., Петренко Д.И. Универсальность Лермонтова. – Ставрополь: СКФУ, 2014. - С.164.

ЛАТЫШЕВ О.Ю. М.Ю.ЛЕРМОНТОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ӘДІСТЕРІ

М. Ю. Лермонтовтың шығармашылығын зерттеуінде әдебиеттану амалдар мен тәсілдерді пайдалануына арналған. Жұмыста зерттеуді ұйымдастыруында феноменологиялық тәсіл мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи және әлеуметтік әдістермен бірігеді. Сондай-ақ, рецептивтік эстетикаға арнайы көңіл бөлінеді.

Осы зерттеудің тәжірибелік мағынасы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде арнайы курстарды және жалпыбілімді мекемелеріндегі тарихи-филологиялық бағдарында элективті курстарын жасағанында тиісті бағасын алады. Сонымен қатар әдебиеттанушылар мен тарихшыларға осы еңбектен болашақ ғылыми жұмысының негізін алуға болады.

Кілт сөздері: әдіс, амал, зерттеу, феноменологиялық тәсіл, мәдени-тарихи әдіс, салыстырмалы-тарихи амал, рецептивтік эстетика, сюжет, интенция.

LATYSHEV O.J. LITERARY RESEARCH METHODS CREATIVITY M. LERMONTOV

The article is devoted to the use of literary approaches and methods in the study of creativity Lermontov. The paper can be traced, as in the organization of research phenomenological approach combined with the cultural and historical, comparative-historical and sociological methods. Special attention is also paid to the receptive aesthetics. The practical significance undertaken currently receive appropriate evaluation studies in the preparation of materials of special courses of philological faculties of

universities and elective courses of History and Philology profile in educational institutions. In addition, a broader range of scientists, literary critics and historians of education will be able to build on their forthcoming scientific papers removed from this work.

Keywords: *method, approach, research, phenomenological approach, cultural and historical method, comparative-historical method, sociological method, receptive aesthetics, plot, intention.*

УДК..821.161.1.09

ВОСТОЧНЫЕ МОТИВЫ В ТВОРЧЕСТВЕ АННЫ АХМАТОВОЙ

МАХАНОВА Г.Б.

Данная статья посвящена исследованию восточных мотивов в творчестве А. Ахматовой, прослеживается изображение Востока в неожиданно родственной и многозначительной близости, которая вставала перед поэтессой и заставляла задумываться о себе и мироздании. Автор стремится определить, на основании какой оценки ситуации, каких культурных ценностей и мирового восприятия возникали восточные мотивы, а также чем обусловлено их использование в поэзии А. Ахматовой.

Ключевые слова: *литература, поэзия, реквием, античность, лирика, восток, поэма, символизм, серебряный век, метафора, образ, чинар, море, солнце.*

Одним из факторов развития любой национальной литературы является вступление ее в контакт, во взаимодействие с другой литературой. Мировое значение восточной литературы огромно, к ней обращались почти все поэты. Творческое усвоение классической восточной поэзии А. Ахматовой оставило значительный след в ее творчестве, которое рассматривается в данной статье.

Творчество Анны Андреевны Ахматовой (Горенко) крупнейшее явление культуры XX века получило мировое признание. В 1964 г. она стала лауреатом международной премии «Этна-Таормина», в 1965 г. – обладателем почетной степени доктора литературы Оксфордского университета.

В одной из автобиографических заметок она писала, что Царское Село, где проходил гимназический учебный год, то есть осень, зима и весна, чередовалось у нее со сказочными летними месяцами на юге – «у самого синего моря», главным образом вблизи Стрелецкой бухты у Севастополя.

1905 год полностью прошел в Евпатории; гимназический курс в ту зиму осваивала на дому – из-за болезни. Зато любимое море шумело все время рядом, оно успокаивало, лечило и вдохновляло. Она тогда особенно близко узнала и полюбила античный Херсонес, его белые руины, словно

остановившие бег времени. Там на горячих камнях быстро скользили ящерицы и свивались в красивые кольца маленькие тонкие змейки. Эти камни когда-то видели, возможно, Одиссея и его спутников, а Черное море выплескивало волны с той же мерностью гексаметра, что и Средиземное, подсказавшее этот великий размер слепому Гомеру.

Дыхание вечности, исходившее от горячих камней и столь же вечного, нерушимого неба, касалось щек и рождало мысли, эхо которых будет отдаваться в ее творчестве долгие годы – вплоть до старости. Херсонес и Черное море странным образом не отрицали и даже не затмевали Царского Села – ведь дух Пушкина был и здесь, а его «античная» лирика, анакреонтика тоже приходили на ум, как что-то странно неотрывное от этих мест.

Если перечитать ее ранние стихи, в том числе и те, что собраны в первой книге «Вечер», считающейся насквозь петербургской, то мы невольно удивимся, как много в них южных, морских реминисценций. Можно сказать, что внутренним слухом благодарной памяти она на протяжении всей своей долгой жизни постоянно улавливала никогда полностью не замиравшее для нее эхо Черного моря.

В своей первой поэме – «У самого моря», написанной в 1914 году в усадьбе Слепнево (Тверская губернии), она воссоздала поэтическую атмосферу Причерноморья, соединив ее со сказкой о любви:

*Бухты изрезали низкий берег,
Все паруса убежали в море,
А я сушила соленую косу
За версту от земли на плоском камне.
Ко мне приплывала зеленая рыба,
Ко мне прилетала белая чайка,
А я была дерзкой, злой и веселой
И вовсе не знала, что это – счастье.
В песок зарывала желтое платье,
Чтоб ветер не сдул, не унес бродяга,
И уплывала далеко в море,
На темных, теплых волнах лежала.
Когда возвращалась, маяк с востока
Уже сиял переменным светом,
И мне монах у ворот Херсонеса
Говорил: – Что ты бродишь ночью?[1,62].*

Она научилась плавать и плавала так хорошо, словно морская стихия была для нее родной. Обожженная солнцем, ставшая черной, с выгоревшей косой, царскосельская гимназистка с наслаждением сбрасывала с себя манерные условности Царского Села, все эти реверансы, чинность,

благовоспитанность, став, как она сама себя назвала в поэме, «приморской девчонкой». Юг, подаривший ей ощущение воли, свободы, странным образом перемешанное с чувством вечности и кратковременности человеческой жизни, действительно никогда не уходил из ее поэтической памяти.

После «Четок» к Ахматовой приходит слава. Ее лирика оказалась близка не только «влюбленным гимназисткам», как иронично замечала Ахматова. Среди ее восторженных поклонников были поэты, только входившие в литературу, – М. И. Цветаева, Б. Л. Пастернак. Более сдержано, но все же одобрительно отнеслись к Ахматовой А. А. Блок и В. Я. Брюсов. В эти годы Ахматова становится излюбленной моделью для многих художников и адресатом многочисленных стихотворных посвящений. Ее образ постепенно превращается в неотъемлемый символ петербургской поэзии эпохи акмеизма.

«Красивейшая женщина эпохи, пленительная звезда петербургских салонов, некоронованная королева», – такой считали её современники. Анна Ахматова с её редкостным по своей красоте и поэтическим голосом прочно вошла в историю русской мировой поэзии XX века. Духовная значительность, обаяние её личности, нравственный ореол, глубокий интеллект – подчёркивали её величие и как поэта, и как человека.

Величие ахматовской лирики – от мира сего. «Поэзия жизни извлечена из прозы жизни»[2,96], – как говорил В.Г. Белинский. Поэзии Ахматовой вырастала из житейской почвы, не чуждаясь её, не порывая с ней. Её поэзия – скорбное и печальное воссоздание большого времени, тонкое, проникновенное отражение трагической судьбы поэта.

Судьба перебрасывала её с юга на север (из Одессы в Ленинград и Москву), с севера на запад (во Францию и Италию), потом снова на север, в любимый Ленинград, а оттуда на Восток...

Эта глубокая, шедшая от семьи и культуры любовь к родине, которая вместе со способностью реалистически видеть мир составляла главное богатство молодой поэтессы, эта пронзительная, освещенная пушкинским именем привязанность и признательность мало-помалу начала входить сильнейшим живым элементом в ее стихи. Очевидно, в какие-то болезненные и кризисные моменты Анна Ахматова не могла не ощущать со всей присущей ей совестливостью и чуткостью присутствие того огромного все созидającego мира, который зовется великим именем народа и к которому она принадлежала по праву своего рождения:

*Ведь капелька новгородской крови
Во мне – как льдинка в пенистом вине.
Приду туда, и отлетит томлень... [1,75],*

Она вспоминала и о «бабушке-татарке», и об Украине, с которой была связана через отца, – мир славяно-монгольской Азии в неожиданно родственной и многозначительной близости вдруг вставал перед нею и заставлял задумываться о себе. Шла напряжённейшая мучительная внутренняя работа, вершившаяся почти в одиночестве. Будучи человеком сильной воли, Ахматова, мужественно пережила горечь и «боль поражений и обид», непонимания и отчужденности.

Спустя десятилетия, в «Поэме без героя» и в других произведениях, посвященных годам юности, властно возникают мотивы суда над прошлым, возобладает суровый этический и социальный подход к действительности. И пройдет длительное время, прежде чем Ахматова станет мастером исторической живописи. В этом отношении особенно примечательно её «Поэма без героя» где в «Эпilogue» Ахматова рассказывает о своей эвакуации на Восток, в Среднюю Азию, об испытаниях, выпавших на её долю в годы Великой Отечественной войны.

Сколько новых небывалых для прежней Ахматовой красок приобрела её поэзия в «азиатском доме»! И какая-то новая, высокая и величавая интонация появилась в ахматовских стихах о родине, новой глубиной наполнился пейзаж. От стихов Ахматовой веяло поистине Востоком – недаром она смолodu тянулась и к вавилонскому сказанию о Гильгамеше, и к библейскому эпосу, и к древним египетским песнопениям, которые впоследствии она блистательно переводила.

В двадцатые годы, годы перелома и кризиса упрочивается у Ахматовой интерес к истории, мысль о сопричастности к ней, ощущение своей жизни в историческом потоке. Много значила для её миропонимания Азия: «Он прочен, мой азиатский дом...» или в строке: «Кто мне сказать посмеет, что здесь я на чужбине?!» – все тот же намёк на причастность к Азии. «На этой деревней, сухой земле я снова дома». Азию своим родным очагом, а Кавказ святыми югом называет Ахматова.

В стихах ташкентского периода неоднократно возникали, сменяя друг друга, подобно наплывам памяти, то российские, то среднеазиатские, пейзажи, проникнутые ощущением бездонности, уходящей в глубь веков, национальной жизни, её непоколебимости, прочности, вечности. Она умела поэтически передать почти непередаваемое: само присутствие живого духа времени, истории и вечности в сегодняшней жизни людей. В годы, когда само существование государства нашего было под вопросом, она писала прочности и непоколебимости культуры, покоящейся на гранитном основании тысячелетий:

*...Проснуться влюблённой,
Увидеть, как красен мак.*

– *Какая-то сила
Сегодня входила
В твоё святилище, мрак!
Мангалочий дворик,
Как дым твой горек
И как твой тополь высок...
Шехерезада
Идёт из сада
Так вот ты какой, Восток!* [1,97],

В сознании лирического героя Ахматовой устанавливается связь времён и событий, пространственно-временная связь с древней землёй наполняет стих Ахматовой ощущениям эпохи.

Интерес Ахматовой к Востоку у неё буквально в крови. Инна Эразмовна, мать Анны Ахматовой, вела свой род по женской линии от татарского хана Ахмата. «Моего предка хана Ахмата убил ночью в его шатре подкупленный русский убийца, и этим, как повествует Карамзин, кончилось на Руси монгольское иго. Этот Ахмат, как известно, был чингизидом» [3,147], – не без гордости отмечает в своей автобиографии Ахматова.

Но, конечно, не только чувство крови влекло её к Востоку, хотя и это вовсе не исключено. Дело в том, что она много важного и значительного находила в поэтических и философских воззрениях, заключённых в мифах, гимнах и преданиях Индии и в творениях древних египтян, китайцев, корейцев. Ей были хорошо известны исторические судьбы монголов и гуннов, её волновали чистота и мудрость Авесты и Шахнаме.

Ахматова высоко ценила и любила восточное искусство, а впоследствии много переводила из китайской, корейской и древнеегипетской поэзии.

Alvin – ағылшын кісі есімдері қатарында көп кездесетін есім. Көне ағылшын тілінде жасалған есім түрі. *Alvin* есімі ағылшын халықтарының арасында *elf friend; noble friend* қаз. «эльф дос, мейірімді дос» деген екі түрлі мағынада қолданылады екен. Бірінші мағынасы, есімнің бірінші сыңары *aelf* (эльф (гер. *elf* – ағыл. *elf*) – герман, скандинав және кельт халықтарының фольклорындағы киелі халықтар) + *wine* ағ. «friend» (қаз. *дос*) [5]. Екінші мағынасында *aethel* ағ. «noble, honorable» (қаз. *асыл, мейірімді*, + *wine* ағ. *friend* (қаз. *дос*) дегенге сай келеді. Көне ағылшын тілінің *Darwin* есімі

dearfriend (қазақ тілінде «қымбатты дос») деген мағынаға ие. Қазіргі ағылшын тілінің антропоним қорындағы *Aldine*, *Aldwin* есімдері англосакс тіліндегі *Ealdwine* есімінің бір түрі болып табылады. *Aldine* және *Aldwin* есімдерінің ағылшын тіліндегі берер мағынасы «*old friend*» (қаз. *ескі дос*).

«Ақылдылық» концептісі. Достық қасиетпен қатар қазақ және ағылшын этностарының дүниетанымында ақылдылық концептісі де ерекше орын алған. Ақылдылық – адамның ой-санасы мен интелектісінің жоғары деңгейін көрсететін қасиет [6].

Түсіндірме сөздікте ақыл сөзіне адамның ойлау қабілеті, сана-сезім, пікір, пайдалы кеңес, өсиет тәрізді ұғымдар келтіріліп, ақылдылыққа естілік, білімділік, саналылық деген ұғым беріледі [7]. Кісі есімдері халықтың тарихын, мәдениетін, тұрмысын, әдеп-ғұрыптары мен салт-санасын, дүниеге, дінге көзқарасын, неге қол созып, неден үміт күткендіктерін білдіре алады. Қазақ рухани бір үміттің ең асылын ғылым деп білген. Қазақ халқы ертеден ырымшыл екені елге аян. Балаға білімді, ақылды, ғалым болсын деген үмітпен есім қойғанда ақылдылық концептісіне ие есімдерді жиі қолданып отырған. Мысалы, *Ақылбай* – ар. *ахл*+ бай. Ақылға бай деген мағынада. Еркелету тұлғалары – *Ақылжан*, *Ақылтай*, *Ақыш*. *Ақылбек* – ақылды болсын деген тілекпен қойылған есім. *Қатиза* – ар. хафез білгір, білімпаз, оқымысты. *Ләбибаар*. – ақылды, парасатты, өткір. *Сағым* – көне түркі тілінен *саг*– ақыл + тәуелдік жалғауы *-ым*, яғни менің ақылдым, ойшылым деген мәнде қойылған ескі есім. Қазақ антропонимдер қорында «ақыл» сөзімен қатар ғылымның субъектісі болып табылатын ғалым сөзі де адамның ақыл ойын сипаттайтын есімдерді жасауда маңызды роль атқарған. Мысалы: *Ғалым* (ар. үлкен оқымысты, көп білетін білгір ғұлама). *Ғалымжан* (ар. *ғалым*+ ир. **Жан**сөздерінің негізінде жасалған біріккен тұлғалы есім. *Әбуғалым* – ар.*әбу*– әке +*ғалым*– оқымысты, ғұлама. Көп білетін білімді деген мағынаны білдіреді.

Ағылшын антропоним қорындағы «ақылдылық» концептісіне ие есімдер *wise* (ақыл), *wiseman* (дана, ақылшы), *wiseprotector* (дана қорғаушы), *wiseandpowerful* (ақылды және қуатты) сияқты сөздерінен жасалады. Олар Гректердің, Парсылардың, Библиялық, Ирланд, Испан және Герман халықтарының есім қою дәстүрлерінен алынған үрдіс. Мұны төмендегі ақылдылық мағынасына ие есімдерден байқауға болады: *Athena* – грек мифологиясындағы грек қалаларының қамқоршысы әйел құдайының есімі. *Athena* есімінің гр. мағынасы «дана, ақыл» дегенді білдіреді; *Sophie* – көне грек тілінің сөзінен есім, мағынасы «даналық» дегенді білдіреді; *Kayla* – ағылшын антропонимі қатарына парсы тілінен енген есім, ағылшын тіліндегі мағынасы «*wise child*» (қаз. *ақылды бала*) деген мағынаға ие; *Ramona* – ағылшын кісі есімдер қатарына испан тілінен енген әйел кісі есімі,

ағылшын тіліндегі мағынасы «*wise protector*» (қаз. *ақылды қорғаушы*) дегенді білдіреді; *Sonya* – грек тілінен енген есім, ағ. «*wise*» (қаз. *ақылды*) дегенді білдіреді; *Adli* – Інжіл кітабынан алынған есім, ағ. «*wise*» (қаз. *ақылды*) дегенді білдіреді; *Conan* – ирланд тілінен енген есім, ағ. «*wise*» (қаз. *ақылды*) дегенді білдіреді; *Druce* – ирланд тілінен енген есім, ағ. «*Druid, Wise Man*» (қаз. *друид, ақылды адам*) деген мағынаға ие. Друид (кельт. «*druidae*»), көне кельт халықтарының абыздары мен ақындары [8]; *Elvis* – скандинавия халықтарының есімі, ағ. «*wise, sage*» қаз. *дана, ақылды*).

«Ақылдылық» концептісіне ие ағылшын кісі есімдерінің бір қатары герман тілінің *ақыл, кеңес* мағынасындағы «*ragin*» сөзінен жасалған: *Ramiro* есімі ағылшын антропоним қорына герман тілінен енген. Біріккен тұлғалы есім, бірінші сыңары *ragin* + ағ. «*counsel, advice*» (қаз. *кеңес, ақылшы*), екінші сыңары *meri* ағ. «*great, famous*» (қаз. *атақты, танымал*), яғни белгілі, танымал кеңесші деген мағынаға саяды; *Raymond* есімі ағылшын антропоним қорына герман тілінен енген. Бұл есімнің ағ. «*well-advised protector*», (қаз. *саналы қорғаушы*);

Қазақ және ағылшын тілдерінің антропонимдеріндегі жағымды концептілерінің коннотациясы жалпы алғанда екі тілде де бірдей. Екі тілдің антропонимдерін лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғысынан талдау барысында олардан ұлттық дүниетаным ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар екені анықталды. Ішкі мәдени танымдық коннотацияның ұқсас не сәйкес келуі, ұлттық дүниетаным деген түсінікпен ұштасып, оның екі халықтың дүниетанымына ортақ болуына байланысты. Ал ұлттық дүниетанымның ерекшелігі, оның тілдегі көрінісі тіл иелерінің өз даму тарихы, әр түрлі табиғи ортасы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілік, шаруашылық түрлері т.б. жағдайларына байланысты деп түсіндіруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Meirbekov A.K., Tleuberdiyev B.M., Meirbekov A.K., Beketov B.M., Elibayeva K. Lingual culture of heroism concept in Kazakh and English anthroponyms // Life Science Journal – Acta Zhengzhou University Overseas Edition. – New York, 2014. - Vol. 11, №1. – P. 176-177.

2. Тілеубердиев Б.М., Мейрбеков А.К. Көне антропонимдердің этномәдени сипаты. Қазақстанның ғылыми әлемі // Халықаралық ғылыми журнал. 2011. - №2 (36). – Б. 41.

3. The World Book Dictionary. – London: Thornbake Barnhart, 1996. – 384 p.

4. Платон. Собрание сочинений / общ. ред. Лосев А.Ф., Асмуса В.Ф., Тахо-Годи А.А. // В 4 т. – М.: Мысль, 1994. – Т. 4. – С. 655-656.

5. Аристотель. Сочинения // В 4 т. / ред. З.Н. Микадзе. – М.: Мысль, 1978. – Т. 2. – С. 23.

6. Батырлар жыры. – Алматы: Рауан, 1958. – 240 б.

7. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1984. – 107 б.

8.Yergobekova Zh.S., Kerimbayev A.E., Kerimbayev C.A., Koshanova N.D., Yergobek S.S., Isaeva Zh.I., Meirbekov A.K. About some research methods of linguamental structure concept «Hero» in Turkic (Kazakh) heroic epos // Middle-East Journal of Scientific Research. – M., 2013. – №16(12). – P. 1714-1718.

ДЖАНЗАКОВА З.Д., ТУРЛЫБЕКОВ Б.Д. КОНЦЕПТЫ ПОЛОЖИТЕЛЬНЫХ АНТРОПОНИМОВ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ.

В статье описаны функции антропонимов при формировании индивидуальной вселенной в языковом сознании представителей определенного этноса. Выступая в качестве языковых семиотических символов, антропонимические понятия способны показать сущность мира с исторических, мифологических, эстетических и других точек зрения. Основываясь на сформулированном утверждении и опираясь на этнические и культурные данные, авторы раскрывают смысл и виды таких положительных концептов, как «счастье», «красота», «молодежь», «дружба» и «мудрость» путем определения сходства и различия, на основе учета особенностей структуры национального сознания.

Ключевые слова: *концепт, антропоним, счастье, красота, молодость, дружба, мудрость*

JANZHAKOVA Z.D., TYRLYBEKOV B.D. CONCEPTS OF POSITIVE ANTHROPONYMS IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

The article presents anthroponym's function in the formation of the individual in the knowledge of the universe of each ethnic group in the linguistic consciousness as semiotic language characters, display of linguistic phenomena in the universe. Personal Names concepts can show the world the essence of historical, mythological, aesthetic and other points of view. Based on this, and based on ethnic and cultural data in the article reveals the meaning and types of positive concepts such as «happiness», «beauty», «young», «friendship» and «wisdom» through certain similarities and differences not related to Kazakh and English structural features of languages in the national consciousness.

Keywords: *Concept, anthroponym, happiness, beauty, youth, friendship, wisdom.*

УДК 378.1

AN ANALYSIS OF HOW A VIRTUAL LEARNING ENVIRONMENT REFLECTS ON EDUCATION SYSTEM AND ITS POSSIBLE ROLES FOR ICT

JOLDIBAYEVA A.N., SAKHITJANOVA Z.O.

This article is mentioned about how a virtual learning environment reflects on education system and its possible roles for Information Communication Technologies. In addition, ICTs are a potentially powerful tool for extending educational opportunities.

Keywords: *a virtual environment, e-learning, ICT.*

Changes in the system of social relations have an impact on education, require him mobility and adequate response to the realities of a new historical stage, and should meet the needs of economic development in general. The education system of Kazakhstan is developing in conditions of obsolete methodological base of education, the structure and content, which are insufficient for its gradual integration into the global educational space.

Virtual learning environment (VLE) is a computer software that enables the use of multimedia in a simple platform in the net. With the help of VLE the following basic learning tools of online learning can be used: text, still graphics and illustrations, sound and music, video and moving graphics, multimedia. VLEs include users, courses and file management and maintenance. It offers several user levels such as students, teacher and administrator. There are several VLEs offered to customers in the net, some of them are commercial and the others open source. The most used and famous ones are Blackboard, Moodle and WebCT and Edmodo.

Manninen (2000, p.30) says the differences between learning in a virtual learning environment and in a traditional classroom situation are as follows. In the virtual learning environment the learner's own activity is emphasized and studying takes place at least partly in a simulated situation. Students have an opportunity to directly interact with the learned matter [1]. The learning environment emphasizes problem-centered over subject centered learning in the planning of teaching. Studying is a comprehensive and lengthy process instead of divided short-term classes. There are different persons, mentors and experts to support the students. Teacher's role changes from information deliverer to organizer and instructing person.

The virtual learning environment which is implemented on the basis of local and global computer networks, depending on the characteristics of the telecommunication links integrates educational content and customize user services and networking infrastructure as a teacher - student.

On the other hand, the system components of a virtual learning environment technology platform forms of lifelong learning. This ensures guaranteed availability of student learning and satisfaction of educational needs by creating a permanent location in terms familiar to him learning environment.

Innovative approaches to organizing and conducting the training sessions are based on the use of information and communication technologies, involving the restructuring of the content and the organizational and methodical forms of learning, the development of modern information technology support and development of the educational process, including the work with digital learning materials and organization of lessons in a mode online.

Today, along with the mass connection of educational institutions to the Internet, the creation of educational web-resources, network libraries, repositories

of educational multimedia content, much less provided information and methodological support of the educational process with the use of modern ICT, practically no waste technique of the organization of computer training sessions.

According to The World Development Report For developing countries ICTs have the potential for increasing access to and improving the relevance and quality of education. It thus represents a potentially equalizing strategy for developing countries. ICTs greatly facilitate the acquisition and absorption of knowledge, offering developing countries unprecedented opportunities to enhance educational systems, improve policy for mulation and execution, and widen the range of opportunities for business and the poor. One of the greatest hardships endured by the poor, and by many others who live in the poorest countries, is their sense of isolation. The new communications technologies promise to reduce that sense of isolation, and to open access to knowledge in ways unimaginable not long ago[2].

However, the reality of the Digital Divide– the gap between those who have access to and control of technology and those who do not– means that the introduction and integration of ICTs at different levels and in various types of education will be a most challenging undertaking. Failure to meet the challenge would mean a further widening of the knowledge gap and the deepening of existing economic and social inequalities.

ICTs are a potentially powerful tool for extending educational opportunities, both formal and non-formal, to previously underserved constituencies– scattered and rural populations, groups traditionally excluded from education due to cultural or social reasons such as ethnic minorities, girls and women, persons with disabilities, and the elderly, as well as all others who for reasons of cost or because of time constraints are unable to enroll on campus.

•**Anytime, anywhere.** One defining feature of ICTs is their ability to transcend time and space. ICTs make possible asynchronous learning, or learning characterized by a time lag between the delivery of instruction and its reception by learners. Online course materials, for example, may be accessed 24 hours a day, 7 days a week. ICT-based educational delivery (e.g., educational programming broadcast over radio or television) also dispenses with the need for all learners and the instructor to be in one physical location. Additionally, certain types of ICTs, such as teleconferencing technologies, enable instruction to be received simultaneously by multiple, geographically dispersed learners (i.e., synchronous learning).

•**Access to remote learning resources.** Teachers and learners no longer have to rely solely on printed books and other materials in physical media housed in libraries (and available in limited quantities) for their educational needs. With the Internet and the World Wide Web, a wealth of learning materials in almost

every subject and in a variety of media can now be accessed from anywhere at anytime of the day and by an unlimited number of people. This is particularly significant for many schools in developing countries, and even some in developed countries, that have limited and outdated library resources. ICTs also facilitate access to resource persons mentors, experts, researchers, professionals, business leaders, and peers– all over the world.

One of the most commonly cited reasons for using ICTs in the classroom has been to better prepare the current generation of students for a workplace where ICTs, particularly computers, the Internet and related technologies, are becoming more and more ubiquitous. Technological literacy, or the ability to use ICTs effectively and efficiently, is thus seen as representing a competitive edge in an increasingly globalizing job market. Technological literacy, however, is not the only skill well-paying jobs in the new global economy will require. En Gauge of the North Central Regional Educational Laboratory (U.S.) has identified what it calls «21st Century Skills,» which includes digital age literacy (consisting of functional literacy, visual literacy, scientific literacy, technological literacy, information literacy, cultural literacy, and global awareness), inventive thinking, higher-order thinking and sound reasoning, effective communication, and high productivity [3].

Digital Age Literacy.

- Functional literacy - ability to decipher meaning and express ideas in a range of media; this includes the use of images, graphics, video, charts and graphs or visual literacy

- Scientific literacy - understanding of both the theoretical and applied aspects of science and mathematics

- Technological literacy - competence in the use of information and communication technologies

- Information literacy - ability to find, evaluate and make appropriate use of information, including via the use of ICTs

- Cultural literacy - appreciation of the diversity of cultures

- Global awareness - understanding of how nations, corporations, and communities all over the world are interrelated

Inventive Thinking.

- Adaptability - ability to adapt and manage in a complex, interdependent world

- Curiosity - desire to know

- Creativity -ability to use imagination to create new things

- Risk-taking - ability to take risks

- Higher-Order Thinking- creative problem-solving and logical thinking that result in sound judgments

Effective Communication

- Teaming - ability to work in a team
- Collaboration and interpersonal skills – ability to interact smoothly and work effectively with others
- Personal and social responsibility – be accountable for the way they use ICTs and to learn to use ICTs for the public good
- Interactive communication – competence in conveying, transmitting, accessing and understanding information
- High Productivity – ability to prioritize, plan, and manage programs and projects to achieve the desired results; ability to apply what they learn in the classroom to real-life contexts to create relevant, high-quality products

The potential of ICTs to promote the acquisition of these skills is tied to its use as a tool for raising educational quality, including promoting the shift to a learner-centered environment.

Improving the quality of education and training is a critical issue, particularly at a time of educational expansion. ICTs can enhance the quality of education in several ways: by increasing learner motivation and engagement, by facilitating the acquisition of basic skills, and by enhancing teacher training. ICTs are also transformational tools which, when used appropriately, can promote the shift to a learner-centered environment.

Research has shown that the appropriate use of ICTs can catalyze the paradigmatic shift in both content and pedagogy that is at the heart of education reform in the 21st century [4]. If designed and implemented properly, ICT-supported education can promote the acquisition of the knowledge and skills that will empower students for lifelong learning.

When used appropriately, ICTs– especially computers and Internet technologies– enable new ways of teaching and learning rather than simply allow teachers and students to do what they have done before in a better way. These new ways of teaching and learning are underpinned by constructivist theories of learning and constitute a shift from a teacher-centered pedagogy– in its worst form characterized by memorization and rote learning– to one that is learner-centered.

REFERENCES

1. Macpherson, A., Elliot, M., Harris, I., and Homan, G., (2004). E-learning: Reflections and evaluation of corporate programs. Human Resource Development International, 7(3), 295-313. Retrieved from The Business Source Premier database.
2. World Bank (1998), The World Development Report 1998/99. Quoted in Blurton, C., New Directions

3. Source: Adapted from EnGauge. North Central Regional Educational Laboratory. Available Online at <http://www.ncrel.org/engage/skills/21skills.htm>. Accessed 31 May 2002.

4. Bransford, J. (ed.) (1999), *How People Learn: Brain, Mind, Experience, and School* (Washington, DC: National Research Council).

ДЖОЛДИБАЕВА А.Н., САХИТЖАНОВА З.О. ВИРТУАЛДЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ОРТАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ИКТ ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Мақалада қазіргі таңда жоғарғы оқу орындары мен орта мектептерде енгізіліп жатқан виртуалды электронды оқыту жүйесі және оның оқу жүйесіне берер әсері жөнінде айтылған. Сонымен қатар, виртуалды электрондық оқыту жүйесінің ақпараттық коммуникациялық технологияларда алатын орны жөнінде талдау жасалынған.

Кілт сөздер: электронды оқыту, виртуалды оқыту жүйе, ИКТ.

ДЖОЛДИБАЕВА А.Н., САХИТЖАНОВА З.О. ОТРАЖЕНИЕ ВИРТУАЛЬНО-ЭЛЕКТРОННОЙ ОБУЧАЮЩЕЙ СРЕДЫ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЕ И ВОЗМОЖНЫЕ РОЛИ ИКТ

В статье представлен анализ влияния виртуальной обучающей среды на образовательную систему. Предметом рассмотрения является также вопрос о возможных ролях, которые играют информационно-коммуникационные технологии в электронно-виртуальной обучающей среде.

Ключевые слова: электронное обучение, виртуальное обучение, ИКТ.

ӘӨЖ 801.81(574/575)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫ

ЖАҚСЫЛЫҚ Ә.Т., АЛТЫНБЕКОВ Қ.С.

Бұл мақалада қазақ халық ауыз әдебиетінде үлкен орын алатын үйлену ғұрып фольклорының зерттелуі, өзіндік ерекшеліктері, танымдық, тәрбиелік мәні қарастырылған.

Кілт сөздер: фольклор, халық ауыз әдебиеті, поэзия, эпитет, метафора, нұсқа.

Қазақтың ғұрып фольклорының ішіндегі күрделі, өте көркем, адамды ерекше тәнті етіп, ынтықтыратын түрінің бірі – үйлену ғұрпына қатысты фольклор үлгілері.

Үйлену ғұрпына қатысты фольклордың зерттелуі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан В.Радловтың зерттеулерінен басталады. Ғалым «Алтын сандық»

еңбегінің «Ұзатылған қыздың өлеңі» тарауына үйлену ғұрып фольклорының «Жар-жар», «Беташар», «Сыңсу» үлгілерін енгізген.

Сол сияқты Ш.Уәлиханов та еңбектерінде үйлену салтына қатысты наным-сенім, ырымдарға тоқталған. Ол «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты этнографиялық еңбегінде «от» үйдің киесі, сол себепті жаңа түскен келін үлкен үйдің отына тағзым етуі тиіс дей келіп: «Бұл салт жаңа түскен келіннің отқа тағзым етуі неке қию үрдісінде жасалады. Қалыңдық босағаны аттай сала тізе бүгіп сәлем береді. Салт бойынша қалыңдықтың жанындағы әйелдер қолдарын отқа қыздырып, қалыңдықтың бетін сипайды», – деп қазақ қызы келін болғанда жасалатын жоралғыларды суреттейді [1, 58-б].

Қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы Ы.Алтынсарин Орынбор қазақтарының «құда түсу», «қыз ұзату», «той жасау» дәстүрлеріне шолу жасаған. Ол этнографиялық еңбегінде үйлену салтында жасалатын «сүт ақы», «ілу», «кемпір өлді», «ит ырылдатар», сияқты ырымдар мен жоралғылармен бірге «Неке қию», «Сыңсу», «Беташар» секілді үйлену кезінде айтылатын өлеңдерге де тоқталып: «Неке қию» екі күенің алдында қалыңдықтан күйеуге өз ризашылығымен шығуы жөнінде жауап алады. Неке қиылған соң қыз жақ қызға беретін бұйымдарын көрсетеді де, осы бұйымдарды түйеге артып жігіт еліне аттандырады. Қыз ата-анасымен, бауырларымен соңғы рет құшақтасып қоштасады да арты «сыңсуға» ұласады. Сонымен қатар «Беташарда» айтылатын өлеңдер ретімен орындалып, келіншекті өз отауына кіргізеді. Жас келін бетін пердемен жауып жүреді. Бетіндегі бүркенішін бір, екі ай, тіпті одан да ұзақ уақыт өткеннен кейін ғана алған» – депкікір білдірген [2, 288-б].

Кеңес дәуіріндегі зерттеулерге тоқталсақ, Б.Уахатов «Қазақтың тұрмыс-салт типологиясы» деген атаумен жарық көрген еңбегінде үйлену салты бойынша әр елдің ұқсастықтарын қарастырған екен. Ғалым: «Түрік-монғол халықтарының қыз беріп, келін түсіру ғұрпының өзара жақындығын айтпағанның өзінде, орыс, украин сияқты славяндардың құда түсу салтында да бізге жақын ұқсастықтары бар», – деген. Ол қазақ секілді қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтарының үйлену тойларында толып жатқан ырым-жырымдарына осы еңбегінде мысалдар келтірген [3, 160-б]. Ғалымның 1974 жылы жарық көрген «Қазақтың халық өлеңдері» деген монографиясында отбасы ғұрып фольклорын «Әдеп-ғұрыппен байланысты өлеңдері» деп атап, «Балалар өлеңдері», «Үйлену салт өлеңдері», «Мұң-шер өлеңдері» деген үш салаға бөлген. Ал үйлену салт өлеңдерін «Той бастар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар», «Той тарқатар» деп саралаған [4, 264-б].

Фольклортанушы ғалым Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінің «Тұрмыс-салт жырлары» деген тарауында тұрмыс-салт жырларын: 1) бақташылық жырлары (төрт-түлік мал); 2) діни-ғұрыптық

жырлар (жарапазан, бәдік); 3) үйлену жырлары (той бастар, жар-жар, сыңсу, беташар); 4) ұлыс жырлар; 5) бөбек жырлар; 6) жарапазан жырлары деп бірнеше түрге жіктеген. Ал үйлену салтына қатысты орындалатын өлеңдерді «Той бастар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Жұбату», «Беташар» деп бөлген [5, 288-б].

М.Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» еңбегінде «айттыру» дәстүрін 3 түрге бөлген. Олар: «Белқұда» немесе «Ежеқабыл» бойынша ата-аналар балаларды дүниеге келмей тұрып атастырған. Екіншісі – «Бесік құда» балаларды бесікте жатқанында-ақ атастырады. Үшіншісі – «Қарсы құда» қызы, қарындасы бар кісілер бір-бірімен құда болуға серттеседі [6, 315-бет].

1990 жылдан бастап тәуелсіз ел болып, етек-жеңімізді жиған соң ата-баба дәстүріне ден қойып, фольклор, ғұрып фольклоры зерттеу нысанына мықтап алынды. Осы жылдары фольклорға, оның ішінде ғұрып фольклорына қатысты көптеген материалдар баспа беттерінде жарық көріп, зерттеу еңбектер молынан жазылды.

Осы кезде жарыққа шыққан М.Қазыбековтің «Наурыз – жаңғырған салт-дәстүр» еңбегінде салт-дәстүрге байланысты мағлұматтар көптеп берілген. Еңбек 4 бөлімнен тұрады. Ғалым: «Адам өміріндегі ең қызықты да, қуанышты, ұмытылмас белес – ол үйленіп, жеке отау тігуі. Ұрпақтардың үлгілі семья құруы, сол жастардың ата-аналары мен адамдарының ғана тілегі емес, қоғамдық қажеттілік. Семья – мемлекеттің іргетасы. Қоғамдағы әр семьяның босағасы берік, мерейі үстем болмай мемлекеттің де мықты болуы мүмкін емес. Сондықтан «қоғамда қандай жағдайда жаңа үйленген жастар өнегелі отау бола алады?» - деген сұрақты шешу үшін, алдымен өз еліміздің семья тарихына шолу жасап, бүгінгі күннің мақсат-мүддесі тұрғысынан сын көзбен аралап шығуды мақұл көрдім» – деп көрсетеді [7, 256-бет].

Белгілі жазушы-этнограф С.Кенжеахметұлы «Жеті қазына» атты еңбегінде үйлену фольклорына қатысты өлеңдерді «Қыз таныстыру», «Жар-жар», «Беташар», «Той бастар», «Шарғы», «Босаға майлау», «Енші» деп қарастырып бөлген. 1988 жылы жарық көрген «Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі» кітабында үйлену салтына байланысты «жаршы», «қарғыбау», «құда түсер», «киіт», «өлі-тірі», «неке қияр», «қыз ұзату», «ау-жар», «үй көрсету», «өңір салу», т.б. салттарға тоқталған [8, 256-б].

Ғалым Ш.Керімовтің «Күйеу келтір – Қыз ұзат» еңбегінде «Сыңсу», «Беташар», «Той бастар», «Жар-жар», «Аушадияр», «Бата» мен «Ел аузындағы айтылатын қанатты сөздер немесе мақал-мәтелдерге» тоқталған [9, 112-б].

Сол сияқты ғалым С.Садырбаев «Қазақ халық әдебиеті» еңбегінде үйлену салтында орындалатын мәтіндерді «Той бастар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Жұбату», «Беташар», «Айт келін» деп топтастырған және

«Беташар» мен «Айт келіннің» айырмашылығын, «Жар-жар» өлеңінің 7 түрін көрсетеді. Алғашқы түрінде қыз ата-анасын, туғандарын, жерін есіне алса, екінші түрінде әзіл-қалжыңмен келеді де, төртінші, бесінші түрінде сіңілісі, артында қалған елі жайлы сөз болады, алтыншы түрінде ата-анасының мейірін сағынып, қаттылығына наразылық білдіреді. Соңғы түрі – қызды ұзатқандағы жігіт пен қыздың ау-жар айтысы деп қарастырған [10, 240-б]. Ғалым З.Сейтжанов үйлену салтын «үй іші» өлеңдері деп атап, «Той бастар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар» деп бөлген [11, 150-б].

Отбасы ғұрып фольклорын арнайы зерттеп жүрген ғалым К.Матыжанов «Тал бесіктен, жер бесікке дейін» деген кітабында отбасылық дәстүрдің үш саласын бөліп қарастырған. Үйлену салтына қатысты өлең-жырларды ғалым «Жар-жар», «Неке қияр» сияқты түрге жіктеген. Зерттеушінің 2007 жылы жарық көрген «Қазақтың отбасы фольклоры» атты монографиясының «Үйлену фольклоры» тарауында үйлену салтына кеңірек тоқталады да «Сыңсу», «Беташар», «Той бастар», «Жар-жар», «Аушадияр», «Неке қияр» деп бөледі [12, Б. 119-169].

Қазақ халқында үйлену салты үш кезеңнен тұрады. Бірінші құда түседі, екінші той алдындағы кезең, үшінші үйлену тойы. Әр кезеңнің өзіне тән көріністері бар. Құда түскенде, қалыңдық ауылына құдалар мен күйеу жігіттің келуі, екі жақтың үйлену тойының күнін белгілеп, қалыңмал мөлшері жөнінде келісім жасап, құдаларды аттандырады. Үйлену тойының алдындағы кезең қалыңмалды түгел немесе үштен бір бөлігін төлеп, қыз бен жігіттің жүзедесуінен құралады. Осы кезде «қалыңдық ойнау» деп аталатын кездесулер өтеді. Үйлену тойы: а) қалыңдықты ауылындағы тоймен шығарып салу; ә) тойлаушылардың күйеу жігіттің ауылына келуі, тойдың өтуі сияқты бөлімдерден тұрады. Енді осы ғұрыптың орындалуында айтылатын фольклор үлгілеріне тоқталайық.

Қыз ұзату тойында орындалатын әндерде драмалық мазмұн мен театрлық сипаттар бар. Қалыңдықтың қоштасу әні – «**сыңсу**». Қыздың сыңсуы – жарасымды әрі тәрбиелік мәні бар салт. Жанрдың жүйеленуі мен зерттелуінің алғашқы кезеңінен бастап, бертінге дейін «сыңсу» терминімен бірге «қыздың қоштасуы», «қоштасу-танысу», «көрісу», «жұбату» сияқты атаулар кейде қосақталып айтылып, кейде оның орнына қолданылып келді. Оның өзіндік себептері туралы К.Матыжанов былай дейді: «Қыз ата-анасының үйінен бастап, бүкіл туған туыстарын аралап қоштасады, туысқандарын құшақтап, көрісіп жырлап сыңсиды, өз кезегінде туыстары қызды өлеңмен жұбатады. Оның «қоштасу», «танысу», «көрісу», «жұбату», «сыңсу» деп әр түрлі аталуы сондықтан [12]. Алайда, қазіргі тандағы ғылыми еңбектердің көпшілігінде «сыңсу» атауы тұрақты қолданылып келеді. «Сыңсу» сөзі қыздың ата-ана, туған-туыс, жұрағатымен ғана емес, босағамен,

мандайшамен, тақиясымен де қоштасуының барлығын қамтитын ауқымды терминдік мағынаға ие.

«Сыңсу» әндеріне қатысты мынадай мағлұмат бар. Қыз ұзатыларынан бір-екі күн бұрын құрбылары мен жеңгелерін ертіп, жақын туыстары тұратын ауылдарға «сыңсып» қайтуға шығады. Сыңсудың мақсаты – туған-туыстары және өскен ел-жұртымен, қызғұмырымен қоштасу. Сыңсуды топталып келе жатқан, қызылды-жасылды киінген қыз-келіншектер ауылға тақай бергенде екі адам бастап, қалғандары қостайды. Қызды көп жылатпай, дауысын қарлықтырмауға көмектеседі. Бұның өзі жастар жағы үшін шағын думан. Оның композициялық құрылымы қыздың жастық дәуреніне, елі мен жеріне, туысқандарына арналған қоштасуынан, қыз туыстарының қызды жұбатуынан және оған арнап айтқан үгіт-насихатынан құралады. Мазмұны – «қыздың жастық дәуренін, елін, жерін, туған-туысқандарын, құрбы-құрдастарын, балалық бал дәурен шағын қимай, зарлана қоштасу мен оған айтылған жұбатудан тұрады» – дейді К.Матыжанов.

Шығыс Қазақстан өңірінде «Сыңсуды» – «Сарын» деп те атайды екен. «Сарынды» айту үшін, күйеу түскен жағынан төрт жігіт қыздың басына, үстіне үлкен торғын шәліні төртеуі бұрыштап керіп ұстап тұрады. Өзін шығарып салатын жақын жеңгей, жолдас қыздарымен қыз шәлінің астында отыруы керек. Сол уақытта қыз өзінің мұңын айтқан кезде, келген жігіттер қайтсе де қызды көндіріп әкету жағын ойлайды екен. Ол қыз бен жігіттің кезектес айтысы түрінде келеді. Сыңсудың өзі іштей екі түрлі сипатта болады. Оның бірі нақты тұлғаға, яғни әке-шешеге, ағайын-туысқа, құрбы-құрдасқа бағытталса, екіншісі абстракті ұғымдарға, жансыз заттарға бағытталады. Мәселен, жастық шаққа, ел, жерге, тақиясына т.б. Мұндайда қыз өз-өзімен сырласқандай, өз мұңын өзіне шаққандай кейіпте көрінеді.

Сыңсудың шарықтау шегі қыздың үйінен аттандырар сәтте болады. Некесі қиылып, батасы оқылған соң туысқандары қызды жолға әзірлеген. Оның тақиясынан бастап шешіп алып, жаңа киім кигізген. От жағылып, қыздың жасауы әзірленеді. Қыз мінетін ат әбзелденіп, көлденең тартылады. Қыздың үйден шығарудың, атқа мінгізудің өз рәсімі бар. Мысалы, киім кигізерде қыз тақиясын шешпей: «Тақиямды алмашы, басыма шәлі салмашы», - деп тақиясымен жылап қоштасқан. Сыңсудың басты қызметі қыздың елімен, жерімен қоштасуы болғанымен, қыз осы кезде өзінің балалық шағымен де қоштасады. Бұл қыздың – тақиясымен қоштасуы (тақияның орнына сәукеле, кимешек киіп немесе жаулық жабылады), төрімен, ақ босағасымен, маңдайшасымен қоштасудан көрінеді. Тақия – қыз дәуреннің символы болса, төр мен босаға – туған үйдің символы.

Сыңсу – лирикалық толғаныстарға бай, өте көркем той жырларының бірі. Мазмұны қайғы-мұңға, толғаныс пен шерге толы болғанымен, соңы әрқашан оптимистік сарынмен аяқталады. Мысалы:

Әуеден ұшқан бозторғай,
Мойын да жүні бос болғай.
Жат жұртқа кетіп барамын,
Ел-жұртым енді қош болғай!

Сыңсу – астарлы ойға, мағынаны емеурінмен, символмен беруге бейім символ. Ондағы кейбір символдар мен психологиялық паралелизмдер, метафоралар мен теңеулер сыры бүгінгі оқырманға тосындау көрінуі де мүмкін. Егер тереңірек үңілсе, оладың тегінде ежелгі көне дүниетаным мен әдет-ғұрып, салт-сананың ізі жатқанын байқауға болады.

Өлең құрылысы жағынан сыңсу көп жағдайда төрт тармақты, 10-11 буынды қара өлең үлгісімен келеді. Арасында жұбатулар жыр ағымымен 7-8 буынды шұбыртпалы шумақпен келеді.

Үйлену фольклорының келесі бір түрі – аушадия, қыз ұзату тойында айтылатын өлең. Ғалымдардың айтуынша, бұл ән тек Қазақстанның белгілі бір аймақтарында ғана айтылып, кейіннен ұмытылған сияқты. Ол жаңа қосылған жастарға арналады. У.Қыдырханов аушадиярдың айтылу мерзімі жөнінде: «...той үстінде, онда да, жоралғылардың бәрі аяқталып, жұрт құлағы босап қалғанда, қыз аттанар әредікте айтылады. Айтушы анау-мынау емес, жұрт тыңдайтын танымал ақын, ақылгөй адам болады», – дейді. Бұл өлеңде ақыл, үлгі, өнеге, тәлім тәрбие туралы толғаулар айтылады. Оны айтушы өзінің ақындық өнерін ғана емес, салт-дәстүрден хабардар екенін де көрсетеді. Сол себепті оның көлемі де айтушының қабілеті мен көңіл-күйіне қарай өзгеріп отырады. Жырда бірден бастап, жиырма беске, кейде тіпті елуге дейін санамалап, үгіт-насихат айтылады. Санамалап айтылатын өлеңдердің барлығы дерлік дидактикалық сарынға, қалыптасқан халықтық ұстанымдарды санамалап айтуға құрылады. Бірақ әрбір сан «аушадияр» сөзімен басталып, бір шумақпен түйінделеді. Мысалы:

Аушадияр – бір дейді,
Ашса кілем кірлейді.
Ата-анасын сыйлаған,
Ақ шалмалы пір дейді...
...Аушадияр он бір-ді,
Ақ қиғазға төндірді.
Ибраһим баласын
Құрбандыққа көндірді [12, 68-б].

Кейбір фольклортанушы ғалымдар «Аушадияр» өлеңін балалар фольклорындағы санамалға ұқсатса, кейде тойбастар, жар-жар, сыңсу ән-

өлеңдерінің құрамында қарастырады. Шыққан уақыты термеден бұрын деген де пікірлер бар. «Қазыналы Оңтүстіктің» 27-томында «Бақтиярдың қырық бұтағының» бірі ретінде қарастырылатын «Ақылды Ақым» қиссасында, аушадияр өте ертеде пайда болған жырлар жанрына жатқызылған [13, 197-б].

Аушадияр мәтіндері де той жырларының басқа түрлеріндегідей астарлы мағына, терең ой, көркем сөзге құрылып, үнемі кара өлең түріндегі төрт тармақты өлең шумағымен өріле бермейді екен. Аушадияр жыр үлгісі бұрындары жиі айтылған. Бірақ Кеңес өкіметі тұсында айтылмай, бүгінгі таңда халық жадынан мүлдем ұмытылды. Оның үлгілерін шетелдегі қандастарымыз сақтап, бізге жеткізген. Кейбір үлгілері ХХ ғасырдың 80 жылдары баспа беттерінде жарық көре бастаған. Аушадияр үлгілерін ел арасынан жинап, қайта жаңғыртқан Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, жазушы Уахап Қыдарханов.

Беташар – бұрыннан келе жатқан қазақтың келін түсіру тойында айтылатын ғұрыптық әндердің бірі. Беташар – жас келінге келген шаңырағының қадір-қасиетін, әрі-бері де өткен бабаларының халқына сіңірген еңбегін, ата-енесі мен тума-туысын таныстыру рәсімі. Ол үйлену ғұрпының екінші кезеңі – келін түсіру тойында орындалады. Беташар жыры үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде әнші жігіт келіннің келбетін, сұлулығын жырлай келіп, оған өсиет-өнеге айтады. Екінші бөлімінде ақын термелете келіп, ауылдың қадірлі адамдарымен, ата-енесімен, абысын-ажындарымен, қайыніні-қайынағаларымен жеке-жеке таныстырады, әрқайсысына сәлем жасатады. Соңғы бөлімінде ақын келіннің жүзін көргендері үшін үлкедерден көрімдік сұрайды.

Ол жөнінде М.Әуезов: «Беташар» қалыңдық келіп түскенде айтылатын өлең. Жаңа ұя, жаңа қауым оған бейтаныс, оны солармен таныстыру шарт. Келін жастардың ортасында басына желек салып, бетін жасырып көлегейлеп тұрады. «Беташарды» күйеу жақтың біреуі айтады, ал қалыңдық өзіне арнайы айтқан ақыл-өсиетті қас қақпай, ұйып тыңдауы тиіс», – деген пікір айтқан. Ал жырдың тәлім-тәрбиесі турасында ғалым: «Әдетте өлең келіннің жастық көркін, сұлулығын мадақтаудан басталады да, енді ол өзінің күйеуін қалай сыйлап, қалай күтуге тиіс дегенге ауысады. Жас келін күйеуінің туған-туысқандарын қалай сыйлап, құрмет тұтпақ керек! Осы жай, әсіресе, мол айтылады. Ауылдағы жасы үлкен ағаны, жасы кіші іні, үйге түскен қонақты көргенде келін қандай болуға тиіс. Міне, жас келінге осының бәрі-бәрі тағылым түрінде айтылады. «Беташарда» айтушы ақын-жыршы, ауық-ауық сөзін бөліп, жас келіннің жолы үлкендерге тағзым етуін тілейді. Соның бәрін құптағандай, қабыл алғандай болып жас келін иіліп сәлем беріп, тағзым етеді», – дейді [17, 265].

Беташардың барлығы, ең алдымен жиналған жұртқа бағыттталып, одан кейін келінге келістіріп мақтау айтады. Бірақ келінге қатысты нақтылы бір сипаттар берілмейді. Беташар мәтінінде нақтылы портреттер кездеспейді. Беташардағы тұрақты өлең жолдары жаңа түскен келінге жұртын ата-енесінен бастап таныстырудан басталады. Бет ашушы адам әр адамды атап таныстырғанда келін оған иіліп сәлем беруі тиіс. Бұл тек беташардың кезінде ғана емес, күнделікті тіршілікте де сақталады. Беташар жыры елдің сыйлы, ең жақын туыстарын таныстырудан басталады. Таныстыру барысында адамның жақын-жуықтығын, атақ-абыройын, қызметін, есімін атап өтеді. Арасында әзіл-қалжың араластырып халықты бір сергітіп отырады. Мысалы:

Көз пішімін қарасам,
Түнде жанған панардай.
Тылтиған тұлып тұлғасы
Топан тыққан қанардай,
Келтектеген томардай
Қыдырбай деген қайнаған,
Оған да берші бір сәлем! [14, 251-б]

Осылайша ақын жігіт тойға жиналған көпшілік қауымның баршасымен таныстырып, жыр соңында өзіне де сәлем салдырады.

Үйлену тойлары әндерінің әуені ықшамдылығымен ерекшеленеді. Беташардың мән-маңызы мен мақсат-мұраты жөнінде М.Әуезов: «...Беташар өлеңінің не мақсаттан туып, не үшін айтылатынын тексерсең, мұнда үлкен мағына бар екенін аңғару қиын емес. Беташар – беті ашылған жастың бетін ашып, өмір таныту, әрбір елдің өзі қолданған жол-жобасын түсіндіру. Тәжірибесіз жас әйел жаңа өмірге кіріп, жаңа қауыммен ортасына келгенде, сол қауымның қадірлі, құрметті үлкендерін тану үшін қажет. Солардың әрқайсысының орнын білу керек. Жаңа қауымның қадірлейтіні кім, ұлық тұтып, сыйлайтыны кім, жаста еркелетіп аялайтыны кім, жас келіннің бұларды топ алдында танып, біліп алуы қажет. Үлкендердің алдында келіннің тәжім қылуы – сол жаңа шарттарға көндім, қабыл алдым дегенінің белгісі. Екінші үлкен мағына: беташарда қазақ елінің жаңа түскен келінді келешекте ана болуға, қадірлі келін, үлгілі жеңге болуға үйретеді. Бұл өлеңнен қазақ жұртының әйелге жалпы көзқарасы білінеді. Әйел – үй ішінің, ауылдың, ағайын ортасының ұйытқысы. Солардың жарастығы, гүлі, берекесі. Күйеудің – сүйеніші, тірегі. Дос тауып, туысқан құрып, беретін көмекшісі, досы. Өлеңде сол міндеттер толық айтылады», – деп тұжырымды пікірлерін білдірген [15, Б. 52-53].

Беташар – той жыры өлеңдерінің ішіндегі мазмұны жағынан ғибратқа толы, өлеңі жағынан көркем жанрлық дүние.

Қазақтың дәстүрлі ән өнерінде маңызды орын алатын, үйлену тойларында ерте замандардан бері айтылаты, халық тіршілігінде ерекше орын алатын – Жар-жар әні.

Қыздың ұзатылуы аяқталған соң, үйден аттанар алдында «Жар-жар» әні орындалады. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Жар-жар – қыз ұзатар үйде ұзататын қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, соңынан бір жақты етіп жібереді. Олай болу себебі, жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайырылып отырады. Сонан соң жұбату сөз қыздың жақындарын жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жағы қыздар болып айтады», – деп анықтама берген [16, 132-б]. Ал үйлену поэзиясын арнай зерттеген М.Әуезов: «Бұл әнді екі топтағы жастардың ән диалогы сияқты, қыз-жігіттердің екі жақты хоры болып орындалады. Басқа той әндеріне қарағанда «жар-жардың» қалыптасқан түрі мен мәтіні бар. Қос хордың өзіндік әуездері болады. Жігіттердің көңілді, шатыққа толы әндеріне қыздардың мұңлы (жабырқаулы) хоры жауап қайтарады. Әнді жігіт жағындағы жігіттер бір немесе екі шумақты хормен бастайды. Әннің әр жолынан кейін екі хор қайырма ретінде «жар-жарды» қайталайды. Ерлер хорының мәтінінің мәні әрқашан әзіл-қалжыңды жұбанышты. Ән қызды анасымен айырылысуды жоқтамауына көндіреді. Өйткені әкесін қайын атасы ауыстыратындай, анасының орнын қайын енесі басады, туып-өскен үйін жоқтамауға шақырады. Өйткені оны күйеу жігіт ауылындағы үй ауыстырады. Жігіттер хорының әр шумағына қалыңдық жағындағы қыздар хоры жауап қайтарады. Мұнды сазбен қыздар жігіттер әндеткен еркін жастық шақты жоғалту, құрбылар мен туған үйімен айырылысуын еш нәрсе де толықтыра алмайтындығын айтып дауласады», – деген [17, Б.175-176].

Жар-жар әндерінде теңіне қосыла алмаған қыздың қасіреті, өкпесі де жиі айтылған. Қыздар тобы ұзатылғалы отырған қыздың атынан қыз ғұмырының әділетсіздігі, қалың мал құрбаны, әйелдердің ауыр халі жайында айтады. Қыздар орындайтын жар-жар әні мұнды сарында орындалады. Өлең сөзі 11 буынды қара өлең үлгісімен немесе 7-8 буынды жыр ағымымен келеді:

«Жар-жардың» орындалу рәсімінен синкреттілік анық көрінеді. Ертеректе өлеңнің сөзінен гөрі, ғұрыптық мәні мен әрекетке, ырғаққа, музыкаға тереңірек мән берілген. Жар-жар мәтінінің жаттанды болып қалуы да сол себептен шығар. Жар-жардың келе-келе сөзі түрленіп, көркемдік сипаты салмақтанып, авторлық бояулар қосылып, әрлене түсті де, бірақ ғұрыптық мәні әлсірей бастады. Қазіргі таңда жар-жар жас отауға арналып айтылады. Ол екі топқа бөлінген хор күйінде емес, жеке әншінің орындауында айтылады.

Үйлену фольклорының бірі – тойбастар. Қыз ұзатып, келін түсіру сияқты т.б. тойларда тойбастар өлеңі айтылады.

Тойбастардың мазмұн-мақсаты той иесін мадақтап, отбасы құрғалы отырған екі жасқа игі тілек, бата, ақыл-кеңестер айту. Айтушының қабілетіне қарай жаттанды өлең түрінде де, өзі жанынан шығарған өлеңді айта береді. Өлең құрылымы 7-8 буынды жыр үлгісімен, 11 буынды қара өлең түрінде келеді. Тойбастар шілдехана, сүндет тойлармен басқа да қуаныштарда орындала береді. Тойбастарды ақындар бастап той иесін мақтаған, «Тойың тойға ұлассын», – деп тілек білдірген. Мысалы:

«Баста» десең бұл тойды мен қашпайын,
Алқа моншақ артыма тең тастайын.
Бес-алтау жел сөзбенен әуен айтып,
«Құтты болсын тойыңыз», – деп бастайын!

Той бастаушы той бастаудың оңай шаруа еместігін айтып, жол-жөнекей былайша өзін де мақтап өтеді:

Сұрасаң арғы атамды қол бастаған,
Ақ серке алшақ мүйіз қой бастаған.
Құтты болсын тойыңыз, той иесі,
Болып па, қолдан қиын той бастаған!

Сонымен қатар той жасаған адамды мақтап, ол кісіден сыйлық алмақ ойы барын былайша білдірген:

Белгісі той қылғанның отау жабар,
Қику сап жас балалар атқа шабар.
Той қылған қыз әкесі мырза болса,
Жігітке той бастаған шапан жабар.

Тойбастар әнінде той оқиғасына байланысып айтылатын жолдар да бар. Мәселен: «Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз, тойыңыз тойға ұлассын берекелі», «Сәрсенбінің сәтінде той жасапсыз, құтты болсын тойыңыз, той қылған үй», «екеу боп бір балаңыз шаттанасың, тойыңыз құтты болсын, қыз атасы», т.б. Той соңында айтылған әнді «Той тарқатар» дейді.

Тойбастар әнінің арнайы әні болмайды. Халық әндерінің біріне салып немесе қара сөз күйінше орындайды. Қазіргі тойларда айтылып жүрген «Тойбастар» әндері тоймен еш байланысы жоқ. Той төріне шығып, жаттанды бір әнді орындап шығады. Ән тойға, той иесіне, үйленіп жатқан жастарға қатысты мазмұнда болса, нұр үстіне нұр болар еді. Сонда тойдың көркі ашылып, әннің мазмұны мен әуені үндестік табады. Дәл бүгінгі таңда ескі халық әндерінің әуендері мен мәтіндері ұмытылып бара жатыр. Тойбастар әндерін осы ұмытылып бара жатқан ән үлгілері арқылы жаңалап, тойларда орындаса, ескіміз қайта жаңғырары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. IV том. – Алматы: Толағай групп, 2010.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994.
3. Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс -салт жырларының типологиясы. – Алматы, 1983.
4. Уахатов Б. Қазақ халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974.
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
6. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974.
7. Қазыбеков М. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер. – Алматы: Қазақстан, 1991.
8. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы: Санат, 1998.
9. Керімов Ш. Күйеу келтір, қыз ұзат. – Алматы: Ана тілі, 1992.
10. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1990.
11. Сейтжанов З. Халық әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
12. Матыжанов К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы, 2007.
13. Қазыналы Оңтүстік. 27-том. – Алматы: Нұрлы әлем, 2013.
14. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 90 том. – Астана: Фолиант, 2012.
15. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ғылым, 1991.
16. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
17. Қазақ өнерінің тарихы. III томдық жинағының I томы. – Алматы: Өнер, 2007.

ЖАКСЫЛЫҚ А.Т., АЛТЫНБЕКОВ Қ.С. КАЗАХСКИЙ СВАДЕБНЫЙ ФОЛЬКЛОР.

В статье рассматривается специфика исследований, посвященных казахскому свадебному фольклору, определяется его познавательное и воспитательное значение, роль и место в устном народном творчестве.

Ключевые слова: фольклор, устное народное творчество, поэзия, эпитет, метафора, вариант.

JAKSYLYK A.T., ALTYNBEKOV K.S. KAZAKH FOLK WEDDING.

This article discusses the features, research and educational values of Kazakh wedding folklore, which has an important place in the oral folk literature.

Keywords: folklore, oral folk literature, poetry, epithet, metaphor, option.

УДК 372.6521044

WAYS OF IMPROVING SPOKEN ENGLISH THROUGH SONGS

ZHAKSYLYKOVAD.N., NURAHMETOV E.

1. Karlinskiy A.E. Printsipy, metody i priemy lingvisticheskikh issledovaniy. Almaty: KazUMOiMYa im. Abylaykhana, 2003. – 184 s.
2. Bolshoy entsiklopedicheskiy slovar' «Yazykoznanie». Pod red. Yartsevov V.N. M.: Bolshaya rossiyskaya entsiklopediya, 2000. – 687 s.
3. Shaymerdinova N.G. Teoriya nominativnoy deyatelnosti kak sposob myshleniya // Teoreticheskie i metodologicheskie aspekty yazykoznaneya. Materialy mezhdunarodnoy nauchno-teoreticheskoy konferentsii KazNPU im. Abaya. – Almaty, 2004. –S. 100 –105.
4. Vygotskiy L.S. Myshlenie i rech. Psikhologicheskie issledovaniya. M.: Labirint, 1996.-416 s.
5. Superanskaya A.V. Obshchaya teoriya imeni sobstvennogo. – M.: Nauka, 1973. – 368 s.
6. Reformatskiy A.A. Vvedenie v yazykoznanie. –M.: Aspekt Press, 2000. – 536 s.

САНДИБАЕВА А.Б., УРАЗБАЕВ К.Б. ҚАЗІРГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДІК СӨЗЖАСАМНЫҢ НОМИНАЦИЯСЫ

Антропонимдер, әлемнің тілдік бейнесінің бөлігі ретінде, кез-келген тілдің оның ішінде ағылшын тілінің тілдік номинативтік құрамында кісі есімі тобы болып антропонимдердің тілдегі рөлін, олардың әлемнің тілдік және қоғам өміріндегі көрінісінің дериваттарын түрлі аспектіде қарастырады.

Мақаланың негізгі мақсаты ағылшын тілі негізінде жасалған антропонимдердің сөзжасамдық және де номинативтік үрдістерін сан қырлы зерттеуді қамтиды.

Кілт сөздер: Номинация, есім, антропоним, оним, ономаσιологиялық, метонимия, синекдоха.

САНДИБАЕВА А.Б., УРАЗБАЕВ К.Б. НОМИНАЦИЯ АНТРОПОНИМИЧЕСКОГО СЛОВООБРАЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Антропонимы, являясь частью языковой картины мира, как класс имен собственных, занимают значительное место в составе номинативных средств любого языка, в том числе и английского. Основной целью статьи является многоаспектное изучение одного из способов вторичной номинации – словообразовательной. Путем исследования способов образования антропонимов английского языка авторы определяют значимость этого лексико-грамматического явления в языковой картине мира и в жизни общества.

Ключевые слова: Номинация, имя, антропоним, оним, ономаσιологический, метонимия, синекдоха.

УДК 37. 016 :81 . 111

TREATING GRAMMAR ERRORS USING DIDACTIC GAMES AT ENGLISH LESSON

SAIDVALIYEVA M.D., NURAHMETOV E.N.

This article discusses the features of using didactic games to develop pupils language learning. Games are the opportunity how to sustain or increase learner's interest . As we know English is widely spoken language all over the world . Therefore , didactic games help to teach grammar easily in learning foreign language . How to avoid common grammar error by using didactic games when learning foreign language .Yes, of course by using didactic games we can improve pupils learning abilities .

Keywords: *didactic games , classification of games, grammar, motive, interest, error.*

Language is gift that given us by God . By the help of the language we communicate each other, share ideas, give opinions and so on. I think learning one's mother tongue is a natural process which has been since mankind came into being. In a short period of time English became one of the popular language all over the world .In teaching English language of today we are faced number of grammar changes. For example now we don't use shall. Instead of we use will for all singular and plural forms . In order to learn foreign language we should know grammar of the language. Using game at the lesson will be very useful and funny all pupils .And it helps to improve their language .

Along time interest of teachers and psychologists centered around children's play is defined as the kind of unproductive activity where the motive is not in its result, and in the process. Game in high school for the first time was defined the American researcher I. Martin in 1959. The game is a technical term denoting the simulation in which the results of one group depends on the results of their competitors[1,10].

Roughly the same definition of the game was given by D .Cheyvin in 1968 . **Game** is a contest or game players competing activities in which the goal of winning the competition and the elements are usually present [2,4]. Generally this period foreign scientific methodological literature is characterized by somewhat simplistic approach to the designation of the concept of the game that can be traced by considering the definition of the game .

Abt who in 1964 realized a game contest between opponents (players) acting in the limited framework to achieve the goal (winning a prize or reward)[3,24].

Then in 1970, he gives several different definition of a game is an activity of two or more independent players in decision-making in order to achieve their goals in a limited context .[4,63].

Yes, the game characterized by high motivation and a dramatic presentation of real-world problems that help to understand certain facts and concepts. Players face the real problems of the role of the face selected action strategy decisions and get quick results (or consequences) of their actions .Games has the formal structure and rules of procedure of playing roles description .Motivation created by the possibility of winning or losing the game .And also games bring joy to engage in competition .

Classification of the games

A variety of techniques in using games is an important part of involving games into lessons.

problem of classifying games as it has developed in the present time is of great interest for understanding the game of human activities including using games in learning processes that use it. Advanced training system of higher and secondary special schools also, offer various types of simulation games in the simulations based on the provisionally selected characteristic for the respective games generally feature or features. the selection of such features is an independent problem that the researcher must be addressed in determining the type of games to this game include used in education or in determining the approaches to the creation of games classification

M.V.Clarín for such cases offered game description scheme includes the following components

- 1 Name
- 2 Subject area knowledge and skills
- 3 Level of study age playing their number
- 4 Playground Equipment venue and timing of the game
- 5 Game actions rules of the game a brief description of its progress including the preparation[5,13]

So we can see importance and of didactic games in learning foreign language .Types of game :

Movement games: the type of game when learners are physically active (e.g. Find your partner). All children can be involved and the teacher usually just monitors the game. Movement games have clearly given rules and they can be either competitive or cooperative; it depends on the concrete game or how the teacher designs it. It is the same with the materials, for example you do not need any material for movement game called «Direction game» (one child tells a blindfold child how to get to a specific place). Whereas the game «Find your

partner» requires prepared cards. While playing movement games children practice all skills.

Board games: games played on the board in this case. Teacher needs whatever kind of boards (black, white or interactive board). They can be played in all types of grouping and teacher needs to prepare some material in most of board games. Learners can practice all language skills and they are expected to obey given rules. This type of the game can be either competitive or cooperative; it deals with the type of grouping. Teacher can operate as a controller, organizer, participant and facilitator.

Guessing games: based on the principle when one holds the information and another tries to guess it (e.g. Back writing). There exists a wide variety of guessing games with teacher as a participant or facilitator. Teacher needs to prepare none or some material and learners practice their speaking and listening skills while cooperating. Learners follow given instruction and rules which do not have to be strict.

Matching games: games involve matching correct pairs. They need to have material prepared. Learners cooperate to reach the goal of the game. The goal of the game and the type of grouping can make the game cooperative (learner in pair, learners of one group, whole class) or competitive (pair/group vs. pair/group). Reading and speaking games are practiced the most. The teacher's role is to be a facilitator.

Card games: familiar game with board game. The cards have an important value in the game (e.g. What is that card?) so material is required in this case.

Desk games: these games can be played as an individual work game (e.g. puzzle) or pair and group game (e.g. scrabble). Desk games need material and they can work both competitively and cooperatively. For example scrabble or memory game are competitive games whereas puzzle is cooperative game. It can be the competitive game thus (the rule for puzzle as a competitive game is: the winner is who finishes the puzzle first). Teacher can be a controller and facilitator.

Role-play games: it can be either the game itself or an element of other games. It needs active performing of the learner (e.g. At the shop) cooperating in pairs or smaller groups. Material is not necessary but can be useful. The teacher is a controller and facilitator, he gives the instruction but strict rules are not necessary. They practice speaking writing and listening skills.

Task-based games: belongs to popular games nowadays, especially because of its connection with cooperative schooling. Usually pairs or groups work on meaningful task in the way they enjoy. Learners obey clear rules and they have got a chance to practice all language skills. Teacher is an organizer and facilitator. Teacher pre-prepares material for the game or learners prepare it themselves later [6,57].

Grammar is the most useful tool for understanding how human language is structured and to explain how communication takes place. «Grammar is a description of the rules that govern how a language's sentences are formed» (Thornbury, 2002). Therefore, teaching grammar is crucial when it comes to using a language in its correct forms and functions.

Corder introduced the distinction between systematic and non-systematic errors. Non-systematic errors occur in one's native language; Corder calls these «mistakes» and states that they are not significant to the process of language learning. He keeps the term «errors» for the systematic ones, which occur in a second language, which we are learning foreign language for example Russian, English, French etc.

Errors are significant in three ways;

- to the teacher: they show a student's progress.
- to the researcher: they show how a language is acquired, what strategies the learner uses.
- to the learner: he or she can learn from these errors.

The mistakes we include fall into three broad classes: grammar, usage and pronunciation.

1. Grammar refers to the fundamental principles and structure of the language, including clear and correct sentences construction and the proper forms of words. This category includes mixing up transitive and intransitive verbs such as lie lay

2. Usage refers to the way that particular words are used. Such errors include mixing up words that sounds alike such as «affect» vs. «effect»

3. Pronunciation problems are important because mispronouncing a word will definitely affect the way people perceive you. Some of the most frequently mispronounced words in English such as «nuclear» [7,24].

THE LONG SENTENCE GAME

Articles a, an: a pie, an orange

Cardinal numbers + Plural Nouns: six eggs

Divide the class into small teams of two to three players and appoint team secretaries. Give the team two minutes to study the picture and then ask them to cover the picture, so it cannot be seen. The team secretaries, helped by the other players in their team, then have to write down as many objects as they can remember. Make sure they write either an article or a number before each object e.g. an apple, seven tomatoes. Set a time limit of five minutes for this task. The team with the most correct answers is the winner.

Answers

an apple	seven tomatoes	a pie
six eggs	an orange	eight biscuits

four sandwiches	two bananas	two bananas
four lemons	a cabbage	five potatoes
nine sweets	two pears	three onions

Have got + Articles a, an: I've got a cake.

Cardinal Numbers +Plural Nouns: I've got six pens.

Begin the game by saying I've got a cake. Explain that the first player has to repeat this sentence and add a new object or objects, e.g. I've got a cake and two pens. The game continues with each player in turn trying to remember what the last player said, and then adding on new item to the sentence. Players get minus points if they (a) make a memory mistake; or (b) hesitate too long.

Do not give players minus points for grammar mistakes – just correct the mistake and let the player continue .

Example round with a group of five players:

Player 1: I've got a cake and two pens.

Player 2: I've got a cake and two pens and a book.

Player 3: I've got a cake and two pens, a book and six keys.

Player 4: I've got a cake and two pens, a book...

(This player makes a memory mistake and so gets a point)

Player 5: I've got a cake and two pens, a book and six keys and an apple.

And so on. You could then begin a new game with a different basic sentence, e.g. He's got a cake... The player with the least number of minus points at the end of the game is the winner.

Movement game: Find your partner

Aims: to warm the pupils up

to involve all pupils

to express themselves while speaking with their classmates

to remember some new English words describing appearance of the people

to familiarize pupils with movement type of the game

Materials: *eight* cards with faces shredded in half. The source for this game is the Jill Hadfield's book *Elementary Vocabulary Games* published by Pearson Education Limited in 1998.

Procedure: Each pupil gets half of the card.

They get the instructions how to play this game.

Pupils move round the class and ask their classmates while trying to find their partner.

To find a partner is a goal of the game.

They sit in the newly created pairs back at the desk

Reflection: Children were active when trying to find their partner. They were speaking with their classmates and asking questions in English which was surprising for me. I expected them to come and show pictures each other almost

without speaking. They really hid pictures into their palms and tried to find partner through questioning. They were using present simple tense questions and short answers. Sometimes they did not know proper word so they mostly used gestures instead of using native language expressions. At the end of the lesson we were speaking about this activity. I asked them a question why they were not using native words. The answers mostly were they liked funny faces on their cards and it was bigger fun for them to demonstrate for example fat cheeks instead of using mother tongue word (the worksheet with all faces is in. However, I think it can be problematic with older students because they are usually sheepish to look ridiculously because of using gestures. In my opinion they will use expression in their mother tongue instead. My pupils also enjoyed the possibility of movement during the lesson. According to the answers in the questionnaires they found this game so useful and interesting. Twelve of sixteen pupils found it the most or second most amusing activity and eleven of them found it second or third most useful activity used during the lesson (there were used four games during one lesson and all of them were focused on words describing appearance). Pupils found this game useful mostly because of speaking and revising questions, only three pupils learnt a new word thanks to this game.

Conclusion

The main aim of this article was to present different activities representing various games' types which should develop the English learning/teaching process. Likewise I wanted to examine the possibility to use the game as the one of tools which teacher is able to present new subject matter with. Based on the theoretical part I tried to involve various and interesting games. I also tried to choose games to be able to reach the expected aims.

I have learnt that the choice of the game is a key factor. Not only is the choice of the game important for the success of the game. It is closely linked with other factors which have been mentioned in the theoretical part. I have learnt that proper grouping can influence the process and the result of the game a lot. I have also felt out that pupils do not have to speak only English so the purpose of the game will be reached.

When choosing the games I tried to follow principles spoken in the theoretical part. Therefore I chose games and groupings requiring cooperation. All five games were cooperative in spite of sometimes having competitive elements. But it does not have negative effect. I could also experience that they do not have to be forced to be learnt in ways of «traditional learning» but they are able to learn and acquire the language in more amusing way. Likewise they are able to obey the rules well when playing the game

REFERENCES

1. Большая Советская Энциклопедия. – М.: Советская Энциклопедия, 1972. – 591 с.
2. Nively W. Games you can make up // Electronic Education. –1998. –25 p.
3. Abt .C. Games for earning . – Cambridge , Massachusetts // Educational services ..., 1964 24 p .
4. Abt .C . Serious Games. – N .Y . The Viking Press , 1970 – 115 p.
5. Кларин М.В. Игра в учебном процессе // Советская педагогика . 1985 . – № 6. С. 57.
6. Khan, Julia. «Using games in teaching English to young learners». In Teaching English to Children. Harper Collins Publishers. London, 1991. p.
7. Ann Batko . When bad grammar happens to good people . CARRER PRESS in Cambridge . 2004 . -255 p .
8. Jill Hadfield's book Elementary Vocabulary Games published by Pearson Education Limited in 1998. 249 p .

САИДВАЛИЕВА Д.М., НУРАХМЕТОВ Е.Н., АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙНДАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚАТЕЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ

Бұл мақалада оқушылардың тіл үйрену дағдысын дамыту үшін дидактикалық ойындарды пайдалану ерекшеліктері қарастырылады. Ойын оқушы қызығушылығын арттыру немесе жақсарту үшін мүмкіндік болып табылады. Біз білетіндей, ағылшын тілі әлемде кеңінен тарқалған. Сондықтан, дидактикалық ойындар шет тілінің грамматикасын үйренуде жақсы көмектеседі. Шет тілін дидактикалық ойындарды пайдалану арқылы үйрену, грамматикалық қателіктерді болдырмаудың және тіл үйренуді жақсартуға арналған құрал деп те айтуға болады.

Кілт сөздер: дидактикалық ойындар, ойын классификациясы, грамматика, мотивация қызығушылық, қате.

САИДВАЛИЕВА Д.М., НУРАХМЕТОВ Е.Н., РАБОТА НАД ГРАММАТИЧЕСКИМИ ОШИБКАМИ С ПОМОЩЬЮ ДИДАКТИЧЕСКИХ ИГР НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

В статье рассматриваются возможности работы над грамматическими ошибками на уроках английского языка. Авторы предлагают организацию дидактических игр для развития речевых навыков изучающих английский язык. Игры характеризуются как действенное средство поддержания и повышения интереса учеников к освоению одного из широко распространенных мировых языков. С помощью дидактических игр легче и интенсивнее усваивается грамматика английского языка.

Ключевые слова: дидактические игры, классификация игр, грамматика, мотивация, интерес, ошибки.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ**

ӘОЖ 373 (072)

**ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ
ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

АҚЫНОВА Л.А., БУРХАН О.Б.

Мақалада дүниетану сабағын интербелсенді оқыту арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту және олардың танымдық қызығушылығын арттыру жолдары, интербелсенді сабақтар түрлері қарастырылған. «Дүниетану» пәнін интербелсенді оқыту үдерісінде қолданылатын стратегиялар ұсынылған және оқушыларда қалыптасатын дағдылар көрсетілген.

***Кілт сөздер:** интер белсенді оқыту, дүниетану сабағы, пікірталастар, стратегиялар, дағдылар.*

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті: компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету.

Қазіргі таңда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Көп жайларды зерттеп, көңілге түйіп, іздену – әр ұстаздың міндеті. Сондықтан ұстаздардың міндеті балалардың танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру, қимыл және т.б.) дамытуда қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің заман талабына сай болуы.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интербелсенді оқыту әдісі. Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі қағидасы: білім беруді нәтижеге бағдарлау, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы

танымдық «жаңалық» ашып, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әртүрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек[1].

Интербелсенді – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзінен шыққан. Ол оқыту процесінде оқушыларды бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс оқушыларды топ болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді.

- Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегінен өткізеді.
- Оқушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады.
- Оқушының жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.

- Топ оқушыларымен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.

- Ойлауды белсендіреді.

- Ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді.

- Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Интербелсенді әдістерге жататындар:

- проблемалық шығарма әдістері;

- пікірталастар;

- топпен жұмыс;

- миға шабуыл әдісі;

- инсерт әдісі;

- викториналар;

- шағын зерттеулер;

- іскерлік ойындар;

- сауалнамалар жүргізу әдісі;

- кейс-стадий әдісі;

- презентациялар; т.б [2].

«Дүниетану» пәні оқушыларға қоршаған ортаны, түрлі қоғамдық және табиғи үдерістер мен құбылыстарды толық, өзара байланыста танып-білуге мүмкіндік береді. Олардың қызығушылығын оятып: Біз кіміз? Қайдан келдік? Қайда тұрып жатырмыз? Бізді не қоршап жатыр? Біздің өткеніміз бен келешегіміз қандай? – деген сұрақтар аясында ойлануына мүмкіндік береді.

Баланың қоршаған өмірге қызығуы болса, ол өзін қызықтыратын құбылысты бақылауын күшейтеді, өзінше оны ойлап байқайды, осыған байланысты өзінше шешім шығаруға тырысады. Осындай іс-әрекет

барысында қызығу өз-өзінен дамиды және баланың ақыл-ойы дамуына әсер етеді.

Қызығудың тағы бір ерекшелігі, оның әсерінен іс-әрекет сипаты тез өзгереді. Қызығу бар кезде іс-әрекеттің жақсы нәтижесі ғана қамтамасыз етіліп қоймай, оның сипаты тұтастай өзгереді: белсенді, дербес жан-жақты, шығармашыл, тереңдетілген және т.б.

Алда тұрған негізгі міндет – бала үшін қызықсызды қызықтыға айналдыру. Осылай жасағанда ғана оны өзі-ақ орындайтын болады. Бұл жағдайда оған қиыншылықты жеңу оңай болады. Оны жеңу балаға қуаныш әкеледі, өз күшіне сенім ұялтады.

«Дүниетану» пәні арқылы оқушылар өзі, өз үйі мен отбасы туралы ой қозғаудан бастап, қоршаған ортаның, дүниенің сырларын да түсіне бастайды.

«Дүниетану» пәнін оқыту:

- оқушыларда өзіндік, қоғамдық және ұлттық сана мен отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырады;

- оқушыларға қоршаған ортасы туралы ғылыми негіздерді меңгере отырып, тарихи, географиялық тұрғыдан ойлауын дамытады;

- оқушылар қазақстандық қоғам және өзін қоршаған әлеуметтік ортаның барлық деңгейі: өз үйі, отбасы, жергілікті және ұлттық қоғамдастық туралы білімді меңгереді;

- оқушылар Қазақстан географиясының негіздерін, оның ландшафты және табиғи жағдайы туралы біледі;

- Қазақстанның және бүкіл әлемнің өткен және бүгінгі күн оқиғалары, олардың себептері, өзгерістері, сабақтастығы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы білім қалыптастырады;

- өткен замандағы оқиғалардың қазіргі әлемнің қалыптасуына және бүгінгі таңдағы оқиғалардың болашақтың қалыптасуына қандай әсер тигізетіні туралы түсінеді;

- адамның тіршілік әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы біліп, оның тұрақты болашақтың дамуына қажеттілігін түсінеді;

- оқушыларда өз халқының және өзге халықтардың мәдениеті, дәстүрін сыйлай білу, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды құрметтеу сезімі қалыптасады, олар адамдардың құқықтары мен міндеттерін түсінеді;

- қоғамдық тәртіп нормаларын біледі, оларды ұстану қажеттілігін түсінеді және әлеуметтік ортада қауіпсіздік тәртіп ережелерін сақтай білумен танысады;

- адамгершілік қасиеттерді, толеранттылықты қалыптастырады;

«Дүниетану» пәнін оқыту арқылы тарих, география және қоғамтану ғылымдары бойынша оқушылардың алғашқы білімдері мен түсініктерін қалыптастыруға ықпал ететін ойлау дағдыларын дамытады. «Дүниетану»

пәнінің мазмұны: отбасы, қоғам, қауымдастық, ұлт, мемлекет, қарым-қатынас, елді мекендер, климат, ландшафт, табиғи және техногендік апаттар, мәдениет, дін, денсаулық және т.б қоршаған ортаның негізгі аспектілерін қамтиды.

«Дүниетану» пәнінің мақсаты – оқушыларда адамды қоршаған әлеуметтік, мәдени және нақты орта туралы білім жүйесін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибе туралы түсінігін, қоршаған ортада тиімді қарым-қатынас ережелерін қолдана білу дағдысын қалыптастыру.

«Дүниетану» пәні оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға, отбасында, жергілікті, аймақтық, ұлттық, жаһандық ауқымда алатын өзіндік орнын түсінуге мүмкіндік береді.

«Дүниетану» пәні қоршаған ортада болып жатқан тарихи, географиялық және әлеуметтік үдерістерді түсінуге мүмкіндік беретін нақты білім мазмұнын игеруге бағытталған. Тарих бағдарламаның уақыттық шегін белгілейді – уақытты сезіну, география – кеңістікті тани білу, өзінің орнын сезіну, ал қоғамтану - қоғамдық ортаны сезінуге ықпалдасады.

«Дүниетану» пәні оқушылардың тану, зерттеу, дәлелдемелерді қарау және мәселелерді шешу арқылы пайда болатын сыни тұрғыдан ойлай білу дағдыларын дамытады, сонымен қатар жеке және топпен жұмыс істеу дағдыларының қалыптасуына бағытталған.

«Дүниетану» пәнін интербелсенді оқыту арқылы оқушылардың төмендегідей дағдыларын дамытуға болады:

- сұрақ қою, оған жауап таба білу; зерттеу жүргізе отырып тарихи, географиялық және әлеуметтік сұрақтарға жауап бере білуді;
- тарихи, географиялық және әлеуметтік ғылымдардың әдістеріне және басқа қолжетімді ресурстарға сүйене отырып, зерттеулерге қатысу, сұрақтарға жауап беру, эксперименттер жүргізуді;
- жекелеген үдерістерді талдау және оқиғалардың хронологиялық реттілігін түсіну, тарихи, географиялық және әлеуметтік ғылымдардың деректерін қолдана алу;
- пікірсайысқа қатысу, дауласу, мәлімдеу, әңгіме құру, таныстырулар жүргізу арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту;
- интернет, сандық ақпараттық құралдарды және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалана отырып ақпараттарды іздеу, оны таңдау, қолдану, салыстыру, талдау, жүйелеу, түсіндіру және өңдеуді;
- алынған ақпаратты ұсыну және талқылауды;
- алған білімдерін ой-пікірлер, болжаулар, теорияларды тексеруде қолдана отырып, қорытындылар мен алынған мәліметтерді дәлелдеу;

«Дүниетану» пәнін меңгеру барысында оқушылардың дүниетанымын

арттыру мақсатында, ой-пікірлерімен алмасу, оларды дамыту, сонымен қатар тиімді жұмыс атқару үшін оқушылар өзара бірлесе отырып жұмыс істейді[3].

Оқушылар үйренеді:

- қоғамдағы негізгі тәртіп ережелерін сақтауды;
- сыныпта, мектепте және қоғамдық орындарда сыпайылықты, көңіл бөлуді, сыйлай білуді, әдеп сақтауды;
- жұпта және топта бірлесіп жұмыс істеуді, ұжымда тиімді қарым-қатынас орнатуды;
- сезімі және эмоциясының басқа адамдарға әсерін түсіне отырып өзін өзі дамытуды;
- әлеуметтік ортада өз көзқарасын білдіру, тыңдау, талқылау, диалогтар мен дебаттарға қатысу дағдыларын дамытуды (сөйлеу дағдыларын).

Заман талабына сай мектептер оқу үдерісінде білім алуды қалай үйрену керектігін білетін, дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, талдау жасай алатын оқушы тәрбиелейтін қағиданы ұстануы керек.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі педагогикалық ұстанымдар арқылы қалыптастыра алады және дамытады. Олардың ішіне мыналар кіреді:

- оқушылар және оқушы мен мұғалім арасында сенім қалыптастыру;
- оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен түсініктерін қолданудың маңыздылығын түсіну;
- оқушыларды мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыру және дамыта оқыту;
- модельдеу және таныстыру стратегияларының проблемаларын оқушыларға түсінікті жолмен шешу;
- оқытуды оқушылардың білімдерін бағалау арқылы қолдау;
- оқушылардың зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқуын марапаттау;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту;
- бүкіл сынып қызметін, жеке және бірлескен жұмыс істеуді үйлестіріп қолдану;
- жеке және топтық іс-әрекет арқылы барлық сынып оқушыларының жұмысын ұйымдастыру.

«Дүниетану» пәнін интербелсенді оқыту үдерісінде төмендегідей стратегияларды қолдану ұсынылады:

- оқушылардың қызығушылығын тудыратын, өзара қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуына негізделетін, дәлелдеу, өзіндік пікір, оқу және зерттеу нәтижесінде шешілетін проблемалық сұрақтар арқылы мотивациясын дамыту;

- оқушының жеке қабілеті және қызығушылығын есепке ала отырып сараланған тапсырмаларды пайдалану;

- нақты тақырып бойынша миға шабуыл ұйымдастыру (проблеманы анықтайды, жеке пікірін ұсынады, пікірді сыныпта талдап, талқылап, шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдайды); сахналық қойылымдар, рөлдік ойындар арқылы белсенді оқыту;

- оқушылардың білімін, түсінігін дамыту және пайдалану үшін ақпараттық құралдарды (бейне және т.б. көру) қолдану; сабақ үстінде барлық оқушылардың белсенді қатысуы талап етілетін проблемалық сұрақтар мен мәселелерді талқылау және пікірталастыру;

- берілген критерийлерге сәйкес оқушылардың оқу процесіне қатысуын, өзара және өзін өзі бағалауын қолдану;

- пәндік-тақырыптық сұрақтарды, тарихи оқиғаларды немесе тұлғаларды зерттеу үшін жеке және топтық жұмыстар ұйымдастыру[4].

Жалпы дүниетану сабағында қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір талас, оқушылардың баяндамалары, мен ақпараттық хабарлары, дәріс-диалог, тренинг,

дөңгелек үстелдер, ұжымдық-танымдық оқу, имитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің интерактивті әдіс-белгілері болып табылады. Сабақ барысында қолданылған төмендегі әдіс-тәсілдерге көңіл аударайық[5].

Бастауыш сынып оқушыларына дүниетану сабағында проблемалық негізделген оқыту әдістерін де қолдану тиімді. Проблемалық сабақ – бұл сабақ түрі оқушылардың шығармашылық жеке дамуына қалыпты ықпал етеді. Сабақта бір немесе бірнеше проблемалық жағдай туғызып, оны шешу арқылы оқушының өз-өзіне деген сенімі артып, шығармашылық тұрғыдан дамиды.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау әрекеттерін белсендіруде бірнеше баланың сұраққа жауабын тыңдап: «Сен неге олай ойлайсың?» деген сұрақ арқылы талқылауға болады.

Жалпы тарауларды қайталау сабақтарында викториналарды қолданудың әсері-эффектісі зор. Викториналық сұрақтар жауаптарын іздеу қосымша әдебиеттерге сүйенуді қажет ететіндей болуы керек. Әрбір викторина балалардың дүниетанудан білім көлемін арттырады, туған өлкелері жөнінде танымы артады.

Мысалы: 1-сынып «Айналадағы дүние» тарауы

Тақырыбы: Айнала дүниедегі денелер мен құбылыстар, күндіз, түн.

1. Табиғаттағы тірі денелерге не жатады? – өсімдік, жануар және адам
2. Бір жерде бекініп тіршілік ететін тірі денелер? – өсімдіктер
3. Қыста болатын табиғат құбылыстарын атаңдар? – қар жауады, аяз

4. Көктемде болатын табиғат құбылыстары қандай? – жаңбыр, қардың еруі[6].

Интерактивті әдіс бойынша сабақ барысында оқушылар көп сөйлеп, оқытушылар аз сөйлеуге тиісті болады, бірақ бұдан оқытушының рөлі бәсеңдейді деп санауға болмайды. Оқытудың басқа әдістеріне қарағанда, интерактивтік әдіс оқытушының жоғары белсенділік танытуын талап ететін әдіс. Сабақ кезінде оқытушының көбінесе тыңдаушы рөлін атқаруы оның процестен шет қалуы болып саналмайды. Сабақтың жоспары оқушылар өзара талқылау барысында нені ұғынуы керектігін көрсетеді, яғни, оқытушы оқушылардың іс-әрекетін алға қойған мақсатқа жетуге бағыттайтын басқарушының міндетін атқарады[7].

Қорыта айтқанда, интерактивті тәсілдің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау оқушыларға дүниетану пәнінен алған білімдерін өмірде қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың қоршаған ортаны танып білуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, оқушылар әрекетін белсендіру, оқу материалдарын, оқыту тәсілдері мен әдістерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.А.Волгина. Организация, формы и методы проведения учебных занятий и самостоятельной работы: требования, условия, механизмы: Учебно методическое пособие / Под ред. Н.А.Волгина.Ю.Г.Одегова. –М.:Изд-Рос.экон.акад.,2004–136с

2. Рысбаева А.Қ. Білім алушылардың оқу-танымдық іс –әрекеті табыстылығын интерактивті оқыту арқылы қалыптастыру: Оқу-әдістемелік құрал./ Рысбаева А.Қ., Құлмышева Н.А., Исмаилова А.Т.,ТұңғатоваН.Ә. –Алматы,2010– 221б

3. «Дүниетану» пәнін оқу бағдарламасы (12 жылдық білім беру мазмұнының жаңарту аясында) Астана 2014–22б

4. Абдуллина Г. Интерактивті оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты./ Абдуллина Г // Ұлт тағылымы –2009–№2–36-39б.

5. Әбдіғалиев Қ Осы заманғы педагогикалық технологиялар./ Әбдіғалиев Қ // Қазақстан мектебі. –2001– № 2–13-18б.

6. Әлімов А. Орта мектептің 2-сыныбында интербелсенді әдістемені қолдану. /Әлімов А.ҚосановБ. БазарбековаР. –Алматы –2010 –147б

7. Бағиева Ш.М. Интерактивті әдістер – өмірлік дағдыны қалыптастырудың тетігі / Бағиева Ш.М // Білім – 2007– №6 –57-60б

АКЫНОВА Л.А., БУРХАН О.Б. ПОВЫШЕНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ИНТЕРЕСОВ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА ПОСРЕДСТВОМ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ

В статье рассматриваются интерактивные методы, используемые при усвоении учебного предмета «Познание мира». Поскольку интерактивные методы позитивно влияют на развитие познавательных интересов учащихся и

способствуют формированию личности, авторы предлагают стратегию организации усвоения учебного предмета «Познание мира» на основе интерактивных подходов.

Ключевые слова: *интерактивное обучение, уроки познания мира, дискуссии, стратегии, навыки.*

AKYNOVA L.A., BURHAN O.B. USING INTERACTIVE LEARNING METHODSTOIMPROVE THE WORLDKNOWLEDGE LESSON INFORMATIVE INTEREST OFPUPILS

The article deals with an interactive method of teaching in the classroom, «Knowledge of the world» by means of which the personality is formed increases cognitive interest uchashegeosya. During interactive learning, «Knowledge of the world» The proposed strategy and shaping skills.

Keywords: *interactive learning, lesson of knowing the world, discussion, strategy skills.*

ОӘЖ 37.062.5

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

АСЫЛБАЕВА У.Ж., БОЛГИНБАЕВА А.А., САҒЫМБЕКОВА С.

Оқу үдерісінде критериялды бағалау арқылы оқушының өзін өзі бағалауы мен оқушылардың оқудағы жетістіктері диагностикаланған сабақ жоспары кіріктірілген. Бағалау жүйесі мен критериялды бағалау жүйесіне анықтамалар берілген.

Кілт сөздер: *құзыретті тұлға, бағалау, бағалаудың мәні, бағалау саясаты, оқу үлгерімі, критериялды бағалау, оқу процесі, оқыту.*

Білім берудің қазіргі заман талабы – шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңда Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі құрылуда. Білім беру парадигмасының орын алмасуы: жаңа мазмұн, өзгеше жағдай, өзгеше қарым-қатынас, өзгеше тәртіп, өзгеше педагогикалық менталитет қалыптасуда. Білім беру мазмұны жаңа ақпарат алмасу, ғылым мен нарық практикасындағы проблеманы шығармашылық түрде білім беру процесінде жеке тұлғаға бағытталған дағдылармен байытылуда. Педагогикалық технологиялар, жалпы білім беру деңгейіне барабар ғылымның рөлі артып келеді.

Жаңа инновациялық технологияларды пайдалану – заман талабы. Оқу процесінің тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы– заманауи педагогикалық технологияларды қолдану. Сабақ мақсатына жету үшін

оқушылардың уәждағдыларын. Мұғалімдер оқушылардың үйренгенін үнемі жинақтап отырады, өйткені, оқушылардың оқу үлгерімін тиімді бағалауды түсіну, олардың бұдан былайғы оқуда алға жылжуларының ажырамас бөлігі болып табылады.

Бағалау – бұл оқушылардың үлгерімі жөніндегі мәліметтерді жинақтау және сараптау. Ол оқу үрдісінің түрлі сатысында оқушының білімін, біліктілігін және сезімдерін айқындайды. Бағалау үрдісіне қатысушылардың барлығы бағалау құралдарын, мақсатын, міндетін, объектісін, қағидасын, әдістерін жақсы түсінуі тиіс.

Бағалау – оқыту мен үйретуді жасаушы үрдіс. Бағалау үрдісі оқушылар жетістігі үшін негізгі элемент болады: пәннің мазмұнын түсіну, білім алу, дағдыларды жетілдіру, жауапкершілік пен оқыту қызметіндегі тәсілдерді қалыптастыру. Бағалау оқушының ілгерілеу ақпаратын қамтамасыз етіп қоймай, ынтымақтастықта болуына, өзіндік байланыс жасауына, жоспарлау үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді[1,23].

Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру.

Бағалау саясаты – оқу үрдісінің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі – білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушы жетістігімен салыстырмалы түрде бағаланып келді. Бұл жағдайда білім алуға деген қызығушылықты жоғарылатуға мүмкіндік жасайтын бағалаудың нақты критерийлері, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс болмады [2,10].

Бағалау үдерісін қайта қараудың *өзектілігі* білім берудің қазіргі заманғы стратегиялық міндеттерімен, халықаралық жетістіктер аясында білім деңгейін көтеру қажеттіліктерімен, оқыту нәтижелерінің объективтілігін және мектеп түлектерінің елімізден сырт жерлерде де бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу қажеттіліктерімен анықталады[3,11].

Бағалау жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ көп функционалды ету қажет. Ол оқушыны оқу материалын қаншалықты табысты меңгергенін немесе практикалық дағдыны қалыптастырғанын анықтауға; оқушылардың танымдық қызметтің түрлі салаларындағы табыстылықтың динамикасын көрсетуге мүмкіндік беруі тиіс, оқушылардың өзін-өзі бағалауын ынталандыратын, дамытатын, ықпал ететін механизмнің болу керек, сондай-ақ мұғалім – оқушы, ата-ана – сынып жетекші, әкімшілік – педагогикалық ұжым байланысын қарастыру қажет. Бұл оқу үдерісінің қалыптасуына жүйелі тәсілді, яғни оның тұтастығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда білім саласының басты мақсаты құзыретті, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырып, дамыту болып табылады. Жас

жеткіншектердің өз оқу үдерісін жоспарлап, іс-әрекеттеріне баға беріп, қиындық тудырған мәселелерді шешу жолдарын табу басты орынға ие. Көп жағдайда көптеген мұғалімдер өз тәжірибелерінде 5 балдық жүйені қолданып келеді. Оқушылардың іс-әрекеті мен білімін тексеретін бұл әдіс объективті түрде оқушының дайындық деңгейін бағалауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда жаңаша әдісті қолдану талпынысы жасалынып жатыр. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда критериалды бағалау жүйесінің орны ерекше.

Критериалды бағалау жүйесі оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты орнатып, оқу үдерісі барысында қателіктерді дұрыстауға мүмкіндік береді, оқушының оқуға деген ішкі уәжін оятып, дамытатын құрал болып табылады.

Критериалды бағалау – нақты анықталған, ұжымдасып жасалған критерийлермен оқушылардың оқудағы жетістіктерін салыстыруға негізделген және оқушылар, ата-аналар мен педагогтар үшін түсінікті, білім мазмұнына және мақсатына сәйкес үдеріс [4].

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Критериалды бағалаудың маңыздылығы:

Мұғалім үшін:

- Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін:

- Берілген бағалау критерийлерін түсіну, қолдану, жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін:

- Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет.

Мұндай бағалау кезінде өзінді басқа адаммен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігінді бағалап, жетістікке жету жолдарын қарастыру қажет.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Соның негізінде критериалды бағалау жүйесіне негізделген сабақ жоспарын ұсынамын.

Пәні: «Математика»

Сабақтың тақырыбы: Өрнектер және теңдеулер. Өрнектердегі амалдардың орындалу реті

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)

Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу.

Психологиялық атмосфераны қалыптастыру.

Оқушыларды шеңберге тұрғызып, 1, 2, 3, 4-ке саналып, 4 топқа бөлу

Өткенді еске түсіру: (5 мин)

1-есеп

$28+23=51$ $70-29=41$ $18+29=47$ $20+29=49$

«Алтын қақпа» танымдық ойыны. (7-мин)

Оқулықпен жұмыс.

1. 69 бен 38-дің айырмасы;
2. 35 пен 30-дың қосындысы;
3. 88 бен 41-дің айырмасы;
4. 49 бен 5 қосындысы;

Жаңа сабақ: (3мин)

Жазбаша қосу және азайту.

$27+36$ $63-27$

Оқушыларды қатыстыра отырып, ауызша түсіндіріледі.

«Мыс қақпа» тапсырмасы: (7 мин)

2-мысал:

$25+37$ $62-37$ $38+39$ $77-39$ $36+48$ $84-36$

Деңгейлік жұмыс (7мин)

«Темір қақпа» тапсырмасы:

Тақтамен жұмыс:

Түсіндіре отырып шығар:

A деңгейі

Ұзындықтары 5 см ,7см, 4 см, 6 см кесінділер сыз.
 В деңгейі
 Ұзындықтары 5см, 4 см, 7 см, 6 см кесінділер сыз, айырмасы 2см болатынын тап.
 С деңгейі
 Ұзындықтары 5см, 4см, 7см, 6см кесінділер сыз, қайсыларының айырмасы 2 см, қайсыларының қосындысы 1 дм 1 см болатынын тап.
 Сергіту сәті (3 мин)
 Ду, ду ду! Дүк, дүк!
 Поезд келеді.
 Бәрі жол береді
 Жүгіріп өтпе
 Тұра-тұр шетте.
 Пойызды өткіз.
 Қол бұлғап қалайық.
 Жол болсын! – деп, біз.
 «Күміс қақпа» тапсырмасы: (5 мин)
